




А 2007
1275к


ҚАЛИЖАН
БЕКХОЖИН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚАҒАПАНЫ











л 2007/1275к

ҚАЛИЖАН
БЕКХОЖИН



ТАҢДАМАЛЫ

*Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет Баспасы*
АЛМАТЫ • 1956

804.512.122-1

Б39

КАЗАХСТАН

БЕКХОЖИ

ЖАНАБЕК

ЖАНАБЕК

11

К. Бекхожин
ИЗБРАННОЕ
СТИХИ И ПОЭМЫ
На казахском языке

Издание Казгослитиздат — 1956

Редактор Ж. Омирбеков. Художник К. Хамитов.
Техредактор. С. Ищанов. Корректор М. Садыкова.

Сдано в набор 24/II 1956 г. Подписано к печати 27/IV 1956 г.
УГ02687 Изд. № 60 Формат 84×108^{1/2} = 15,63 п. л.—12,81 уч.-п. л.
(11,3 уч.-изд. л.) Тираж 10000. Цена 7 руб. 70 коп.

Алма-Атинская типография № 1. Главиздата Министерства культуры КазССР
Заказ № 190.

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

157

Ө Л Е Н Д Е Р





ӨЗІҢЕ СЕН, ЖАС ОЙШЫЛ

(Лермонтовқа еліктеп)

Өзіңе сен, жас ойшыл,
Тіл өнерің отпен тең.
Жаз күніндей жастық жыр
Жалын атсын жүректен.

Қанат қағып тез ұмтыл,
Шарықтайтын туды кез.
Жарысқа түс, безеп тіл,
Ұмтыл алға, ұмтыл тез.

Жалындаған жүректен
Жарқылдаған от көрем.
Қанатымен өлеңнің
Көтерілем көкке мен!

Жүректе жалын болса егер,
Жайнап шығар аспанға.
Өмір, өзің қуат бер,
Жалындаған жас жанға!

1936

ЖАС АЛҒЫСЫ

Ерке өскен еркін елде мен бір жаспын,
Туғаннан тың ғасырмен мен сырласпын.
Ержеттім толқынды өмір арасында —
Сондықтан менің жырым — өрен тасқын.

Еркінмін, — бұлтты жарып, көкке ұшамын
Бұзамын мұқиттың да мұз құрсауын.
Еркінмін ерлікке де, білімге де,
Әлемде қызық менің жастық шағым...

Гүл, орман Отанымда шаттық өмір,
Теңіздей көтерілген шалқып көңіл.
Сайраған бұлбұлдары сол орманның,
Жан-жақтан жастық жыры толқындап тұр.

Шырқаймын мен де бірге шаттық сырын,
Жырыммен жаңғыртамын таудың шыңын.
Иесі бұл шаттықтың партияға —
Арнаймын жалындаған жанның жырын!

1936

ТҮНДЕ ҮШҚАН БҮЛБҮЛ

(Пушкинге)

Гүлсіз орман,
Қараңғы түн...
Ұшты бұдан жүз жыл бұрын,
Желдей есіп мұңлы бұлбұл,
Алқаракөк әлем жүзін,
Тебіренгіп ән шырқаған.
Жарқ-жұрқ етіп меруерт сөзі
Көк дарияда жалтыраған.

Өмір сыры
Салған жыры
Жан балқытқан күйіп мұңын,
Қыя кезіп кеткен әні,
Азаттықтың аңсап күнін.

Сонда сұп-сұр күнді тербеп,
Зарлы әнімен күңіреніп,
Алыс күнге қанат сермеп,
Аңсап бұлбұл, айтқан сеніп:

«Байтақ елім, сөзіме нан, —
Елестейді алыста таң,
Бұлт қуылар —
Күн туар!
Алғыс айтып кейін халық
Мен күмбезде ардақталып,
Қасретімді нұр жуар!»

Түн жамылып, бұлбұл кетті,
Замаң зулап жүз жыл өтті.

Халық өзі
Күн туғызып,
Жаңа шуақ нұр құйғызып
Ескі орманды күлімдетті...

Біздер бүгін,
Бұлбұл мұңын,
Әлдилейміз нұрға бөлеп,
Толқындаған тәтті жырын,
Шырқатамыз шаттыққа елеп!

1937

ҚУАНЫШТЫҢ ҚҰЙЫНЫ

Қуаныштың құйыны,
Соқты ойнақтап Отанда,
Жанның бәрін шалқытып,
Желпу салды маған да!
Қуанды да жас жаным,
Шаттық әнін шырқадым,
Құшты үнімді қыр мен сай
Құлпырды да көк орай.
Толықсыды тау, дала,
Күлімдеді күн мен ай.
Шалқып шыққан жырыма,
Шертті гитар қыз Ниша.
Әуелетіп ән салды, —
Қазақ қызы Рақыйма.
Қуанышпен құлпырып
Ән шырқаймыз әлемге.
Қуаныштың құйыны,
Шаттық әнмен құйғытып,
Бар жиһанда сәлем-де!
Құйындашы, құйында,
Құйындату қыйын ба!
Елестейді көзіме,
Сонау күңгірт күн шығыс,
Күрсінеді қайғымен —
Сонда сұлу сорлы қыз,
Күрсінеді майданда.
Шаттық жырын сағынып,
Испан қызы Лина да.
Ұқсаймын деп Нишаға!
Батысқа мен қарасам,
Көрінеді қара бұлт,

Жауыз, жебір жауына
Қарсы аттанған қалың жұрт,
Фашизмнің ылаңы,
Аза салған адамға,
Естіп соны қыядан,
Ыза түсті маған да!..
Қуаныштың құйыны,
Намыс жырын көтеріп,
Боратшы бар жиһанға!
Қара бұлтты қуалап,
Көрсет күнді адамға,
Құйындашы, құйында, —
Құйындату қыйын ба!
Сенсің таза бір сәби...
Сені сүйіп қуансын,
Қытай қызы Мао-Цзи.
Қуаныштың құйыны,
Құйындашы қыйырға!
Шаттық әнім шалқыған,
Сен де бірге құйында!

1937

КЕЛЕМІН МЕН АУЫЛҒА

Келемін мен ауылға
Қайтқан құстай сонырқап,
Келемін жас бауырға
Әуелетіп, ән шырқап.

Жатыр шалқып Ертісім,
Көк толқынын алқалап,
Сапырып су күмісін,
Жүздім талай шалқалап.

Астымдағы кемем де,
Күй тартқандай тербеліп, —
Толқын билеп кемерде
Тереңнен тұр ән келіп.

Баурым білім алсын деп,
Алып келем әр томды.
Шаттық жырын салсын деп,
Ертіп келем Байронды.

Ертіс, бойы орман, сай,
Келемін мен жағалап,
Көңіл құсы тұра алмай
Кетті қырын аралап.

Бас изесіп келемін,
Жаста сырлас жерменен,
Шалқыды оған өлеңім,
Кешкі самал желменен.

Ән салды Ертіс шуылдап,
Толқын шауып жағалай.
Туған жерден ән тыңдап,
Қуандым жас баладай!

МАЯКОВСКИЙ

Тықсырып
Әшекейшіл
Ескі жырды,
Келдің сен
Революция дауылындай.
Сыпырып соғып жатқан
сырлы гүлді,
Сом сөзді
Құйдың нөсер жауынындай.
Өттің сен тар кезеңнен
Бір талмастан,
Бейне танк.
Оқ сөзді атып жауға,
Шығарып даңқ,
Отанға
Зор дауыспен
Беріп жүректен ант!
Алып сөзді жетелеп
Сом-сом рифман,
Коммунизмға
Төтелеп —
Бар үніңмен
Шақырдың
Ақын-титан!
Біздің көп өлеңшілер
Қуатын сөз сұлуын,
Кигені — гүл,
Жолдасы — ай,
Міңгені —
Қара аяңшыл он бір буын.
Ғасырлардан жауыр боп келген сөзден,

Қоймайды
 Ептеп-септеп жыр құруын.
 Жазды өлең —
 Жароков Тайыр,
 Көтеріп төбесімен
 Көктің айын,
 Адамның жанын айтпай
 Жүзін сырлап,
 Жүр жетектеп
 Киіктің құралайын...
 Әбділда бар ақылды,
 Кеуде керген,
 Көп іздейді томдардан
 Ойды терең.
 «Екі жиһан» тағдырын шешемін деп,
 Сырласады базарда
 Гейнеменен...
 Ұзақ сөз
 Керек емес бізге сонша,
 Жан сөзі
 Шықсын шалқып
 От вулканша,
 Өмірдің релісінде
 Зулап жүріп,
 Сөйлесейік
 Адаммен —
 Тірі адамша.
 Маяковский жолдас
 Ақынбыз, ұрпағыңбыз
 Саған сырлас!
 Сөздерің —
 Мәңгіліктің мраморы,
 Ғасырдың,
 Келешектің жан құмары,
 Үнің тынбас!
 Отаншыл жүрегіңнің
 Өшпейтін батарейін
 Жандырамыз сан ғасыр,
 Жасаймыз,
 Замананың эпопейін!

1938

БІЛІМ ТУРАЛЫ ӨЛЕН

...Сүйемін мен, білім досым,
Ол сөнбейтін идеалым.
Ол шаттығым, көңіл хошым,
Ол өршіген жас қыялым.
Баласы едім ұйқылы-ояу,
Жатқан сұлап сар даланың.
Мен ауылдан келдім жаяу,
Аңсап көркін өр қаланың.
Онда білім бар океан
Айбыныңа балқыдым мен
Білемін деп сырын жаһан,
Кеттім жүзіп толқынымен.
Океаннан тердім маржан,
Ақылдастым талай томмен.
Тердім жеміс ғасырлардан,
Сөйлестім де Платонмен.
Оймен шолып, көрдім көзбен,
Көлеңкесін жер жаһанның.
Қария білім айтқан сөзден,
Білдім сырын шаттық таңның.
Жас өмірім — шаттық таңым,
Мені әлдилеп аймалаған.
Қуанышқа толы жаным,
Ол бақытты берді маған.
Білім бейне қыйын қамал,
Бұзар оны ерінбеген.
Айтқан көсем;
Қамалды ал,
Жас ұрпағым, ұмтыл! — деген
Міне біздер, жас жүректер,
Сол қамалға атой салдық.

Қыйлы-қыйлы білім тауып,
Ой-жігермен қамап алдық...
Өнер-білім гүліменен,
Масайрайды жастық әлем.
Миллиондардың жүрегінен,
Отаныма берем сәлем:
Құшағына еркін еніп,
Жүрегімді тербеткенмін.
Қуанышқа мен бөленіп,
«Сүтінді еміп ер жеткенмін».
Шұғылаңнан енген сәуле,
Өр кеудемде жалындаған.
Ой-жігерін сол кеудемнің —
Отан, бәрін берем, саған!

1938

БІЛІМ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ

...Сүйемін мен, білім досым.
Ол сөнбейтін идеалым.
Ол шаттығым, көңіл хошым,
Ол өршіген жас қыялым.
Баласы едім ұйқылы-ояу,
Жатқан сұлап сар даланың.
Мен ауылдан келдім жаяу,
Аңсап көркін өр қаланың.
Онда білім бар океан
Айбыныңа балқыдым мен
Білемін деп сырын жаһан,
Кеттім жүзіп толқынымен.
Океаннан тердім маржан,
Ақылдастым талай томмен.
Тердім жеміс ғасырлардан.
Сөйлестім де Платонмен.
Оймен шолып, көрдім көзбен,
Көлеңкесін жер жаһанның.
Қария білім айтқан сөзден,
Білдім сырын шаттық таңның.
Жас өмірім — шаттық таңым,
Мені әлдилеп аймалаған.
Қуанышқа толы жаным,
Ол бақытты берді маған.
Білім бейне қыйын қамал,
Бұзар оны ерінбеген.
Айтқан көсем;

Камалды ал,
Жас ұрпағым, ұмтыл! — деген
Міне біздер, жас жүректер,
Сол қамалға атой салдық.

Қыйлы-қыйлы білім тауып,
Ой-жігермен қамап алдық...
Өнер-білім гүліменен,
Масайрайды жастық әлем.
Миллиондардың жүрегінен,
Отаныма берем сәлем:
Құшағына еркін еніп,
Жүрегімді тербеткенмін.
Қуанышқа мен бөленіп,
«Сүтінді еміп ер жеткенмін».
Шұғылаңнан енген сәуле,
Өр кеудемде жалындаған.
Ой-жігерін сол кеудемнің —
Отан, бәрін берем, саған!

1938

КЕЗДЕССЕ ЕКЕН КӨШЕДЕ

(Романс)

Кездессе екен көшеде,
Жүргенімде бір жалғыз,
Награды бар кеудеде,
Жұрт мақтаған сол бір қыз.

Көз жіберіп төсіне,
Көрсем күміс наградын,
Күлім қағып көзіме,
Айтса маған қыз да атын.

Айтса сырын қыз маған,
Төсіндегі наградттың.
Ағытар ем жырды оған
Әніменен рақаттың.

1938

ОРАМАЛЫН КЕСТЕЛЕП...

(Романс)

Таң алдында тәтті ұйықтап
Тынықты жас келіншек,
Отырған ол түн ұзақ,
Орамалын кестелеп.

Алыста жүр сүйгені
Шекараны күзетіп,
Кеше ғана хат келді
Қайтамын деп жыл өтіп.

Қуанышты жарының
Айтқан сөзі еске кеп, —
Отырды түн ұзақта,
Орамалын кестелеп...

1938

СҮЙЕМІН ҚЫЗЫЛ ҚҰМЫН КЕРЕКУДІҢ...

(Балтабай атты поэмадан)

... Сүйемін қызыл құмын Керекудің;
Мен өзім сонда өсіп, сонда тудым,
Туғанда ашулы Ертіс құшаққа алып,
Жастанып жатқам талай толқын суын.
Балалық тапқан сонда сұлу көрініс,—
Кей кезде жарға сыймай көкжал Ертіс.
Ашулы арыстандай жардан атып,
Тасқыны кең алабын басқан тегіс:
Сүюші ем, аққан өрен қозғалысын,
Аспандай мөлдіреген көкше түсін.
Жүзгенде кешке жақын ағысымен,
Мені де әлдилейтін көк Ертісім.
Алтайдың жүрегінен атқан тулап,
Арқаның адырында шықты ойнақ сап:
Шақырған күркіреген даусы мені —
Аймағын алтын бесік аясына ап.

Әлі де сол дабылы құлағымда,
Үрейлі бесік жыры ұнады ма?
Әйтеуір сүюші едім өзен шуын,
Жөргекте тыңдап жатып таң алдында.

Көтерген бесігімен өзен мені —
Есімде алай-түлей гүлегені.
Дөңіне солтүстіктің мені аркалап,
Жарысып толқындарың жөнегені;
Қалыпты жүрегіме сол кезде ұйып,
Толқынның ашулы үні, суық демі:
Ағысы бұлан-талан терең сырлы —
Мазасыз сыбыр-күбір сөйлегені.

Сол сыйың бөбегіңнен жыр боп аққан —
Сондықтан сүюші едім, Ертіс сені!—

Есімде Ертіс маған сыр ашқаны:
Сыбырлап ормандағы ағаштары,
Шерткендей Октябрьдің дауыл күшін,
Жаныма жас балалық ой тастады.
Сүйікті құлан қырлы сахарасы,
Жап-жазық көз жетпейтін айналасы:
Алыста ойнақтаған сар сағымы,
Айқасқан көк пен жердің екі арасы.
Осындай сұлулықтың әлемінде,
Күлімдеп Керекудің тұр қаласы.

Естіген геройымның сол жерде атын,
Ерлігін, ертегі ғып жұрт айтатын;
Шығыпты Балтабайдай батыр жігіт,
Айбыны жауды үркітіп, тау шайқайтын.
Айтатын әлде неге жора қылып,
Күн сайын атағына жыр тағылып:
Сақтаған соның бәрін бала жүрек,
Сондықтан шығады да жыр ағылып...

1939

ТЕҢІЗ ЖЫРЫ

Ертісте тудым мен өзім,
Туған күні мені анам —
Шомылдырған өзеннің,
Толқынына тулаған.
Содан бері толқынның
Қуаты енген жаныма,
Желді күні жармасқам
Көкала толқын жалына.
Дауылды күні жас қыран
Аспанын аңсап ұшатын,
Сондай-ақ артық басқадан
Досым толқын құшатын.
Арқырап аққан ақ өзен,
Жүрегіме дауыл сап,
Өрге шауып жөнеген
Жалындаған жастық шақ.
Балалық шақ осы еді
Сонау Ертіс өзені,
Жетті міне жігіттік,
Теңізде ойнар кезеңім!
Жел жүгірсе жете алмас,
Білем теңіз айдыны,
Мейлі теңіз бұрқаса,
Білмеймін мен қайғыны.
Мүмкін мұхит жасырар,
Жағалауы жер-бетін,
Қорқыта алмас бірақта,
Толқынның ол перзентін.
Асыққандай көруге
Өскен бірге бауырын.
Құшақтауға құмармын

Теңіздің өр дауылын.
Жау жүрек жігіт аттанар
Жорықтан күтіп майданды.
Теңіз майдан дүниесі,
• Толқытпайды қай жанды?!
Жан толқыны туласа,
Теңізге де барамын.
Аспанға атқан толқынның
Ашуын тартып алармын.
Толқын бейне арыстан
Ашуынан айрылар.
Көкала жалын қолға орап
Тартсам, менен қаймығар,
Сонда маған көрінер
Шабактай боп жайыны,
Сүнгіп қашқан қасқалдақ,
Сүnguір жау қайығы.
Қорқытпас құйын дауылы
Күркіреп шықса теңізден.
Мен толқынның бауыры,
Мені дария емізген.
Толқында мені өсірген,
Теңізден күшті өз елім,
Соның сұлу жері үшін
Теңізді мен кеземін.

1939

БЕТПАҚ ДАЛА

Бетпақ дала бір бейбақ,
Жамылғаны топырақ —
 Құлазыған құм ғана.
Үстінен күн өрт салып,
Дауылды құм от жанып
 Жатушы еді сұрлана.
Аңсап буды үнлеп,
Ағылатын жел өкпек,
 Құм кебінін арқалай.
Аңсағаны сұлу жер,
Айналасы алтын көл —
 Сонау сұлу Арқадай.
Аспаныңда көшкен бұлт,
Қонақтап одан өткен жұрт,—
 Көшпелі керуен түйемен.
Қалың құмды жамылып,
Сорлы қазақ қамығып,
 Өткен екен дүниеден.
Өтті солай сан заман,—
Сар жапан боп сарнаған,
 Біздің Бетпақ даладай.
Күміс көлді, көңілді,
Көрсем де, қызық өмірді,
 Сол Бетбақты ойлаушы ем,—
Арқама түскен жарадай.
Айдыны кең айнала,
Ауыл қонбай айнала
 Қалар деп елсіз қорқушы ем,
Іздегендей сусынды,
Жапандағы жан сынды,
 Саңдалып оймен жортушы ем.

Қарасам бір күн жан-жаққа,
Қуарып қалған Бетпаққа,
Сарқырап су жүгірген
Шөлейтті жерге шүмектеп,
Барады екен су өктеп,
Арқыраған дүбірмен.
Қомағай құм кукылы,
Қанбастай мәңгі сусыны,
Жұтты суды сораптап.
Тірілді өлі аруақ,—
Түрленіп торғын топырақ,
Белестерін су қаптап.
Жердің көнін жібіткен
Бетпақты өлі тірілткен,
Кім екен деп қарасам,—
Айды алғандай айбаты,
Тау сілкіткен қайраты,
Адам екен самсаған.
Қайраты тасып қалың жұрт,
Қайнаған енбек дүрілдеп,
Емірентіп жердің өзегін
Жұмылған екен бар қазақ.
Жүзіне шаттық жалындап,
Ағызып кәусәр өзенін,
Басын Бетпақ көтерді,
Сірі тулақ жер еді,
Сонау сансыз ғасырдан.
Дария ағызған жапанға
Кереметін жаһаннан,
Біздің ел ғой асырған,
Сонысы маған қуаныш,
Тамаша ғой мынау іс,
Баршаңыз бір қарашы —
Күміс суы төгілген,
Жеріне шаттық егілген,
Қазақтың гүл даласы!

1939

ДОМБЫРА

Тиер жылы жүрекке үнің сенің,
Туған күні даусыңды естігемін.
Атам, анам өсіпті, сеніменен,
Саған айтып кетіпті ескі кегін.

Мені де маужыратқан сол бір күйің,
Үніңдей сонау сырлы дүниенің.
Ұйқы орнына жас жүрек дүрсіл қағып,
Жалындатқан жанымды сол әлдиің.

Ой-қыял сырласқанда сеніменен,
Жорғалап сазбен талай шыққан өлең.
Барармын сені шертіп майданға да,
Өлсем егер, мен сені шертіп өлем.

1939

КЕК ДАБЫЛЫ

Кеудемізде кек қайнаған,
Кекпен өзен отқа айналған,
Қаһарлы айкай салған шуды,
Дүниеде кім ашулы?—
Біз жігіттер —
біз ашулы!

Біз ашулы,
намыс оты
Бойды өртеген, жалын қысқан.
Ашындырды, арға тиді,
Бүлік салып бізге дұшпан.
Бұлтын үйді үстімізге,
Соның зілі түсті бізге.
Кек тұтанды —
жалын атқан

Елден,
жерден
жанып жатқан,
Сондағы отта өлгендердің
Кеудемізде қаны қатқан;
Бізде кектің жасағымыз,
Кек күйігін басамыз біз!

Басқа түсті айбынды шақ,
Күркіреген дауыл құсап,
Кеттік,
дұшпан әлегімен,
Кеттік
рақат әлемінен,

Кек аркалап, кек уыстап.
Кектің менмен туын ұстап.

Ашу-қайрат енді бізге,
Енді кезек, келді бізге!
Азап отын

сөндіретін,
Көндіретін
еркімізге.

Біз жасайтын бұл ғасырды,
Осыншама кім басынды?
Қандай сұм бар басынатын,
Бізден күшін асыратын?
Қорқытатын бізді ажал ма?
Сонау — Гитлер

— сұм дажалға,
Өрт салуға,
кекті алуға,
Бас жігіттер,
ұмтыл алға!

Келді кезең —
кек қайнады,
Жетті соңғы —
кек майданы.
Жетті жауды құртатын кез,
Сок жігіттер,
кыймылда тез!

Аттан қарсы сұм ажалға,—
Сал ойранды,
ұмтыл алға!

1943

КҮТЕ БЕР, МЕНІ КЕЛЕР ДЕП

(К. Симоновтан)

I

Күт мені, сәулем, ұзақ күт,
Қайтармын, сау келермін,
Көңліңе сеуіп ой күңгірт,
Өтседе күт, нелер күн.
Қар жауар мүмкін, бұрқырап,
Өрті бар мүмкін, кез келер,
Күте тұр, сәулем, сен бірақ,
Ұмытса да өзгелер.
Хат келмей меннен қажытар,
Кетер талай, күн ұзап,
Ұмытса мейлі басқалар,
Күте бер мені. өзің-ақ.

II

Күте бер, мен қайтамын,
Өзің боп күткен бір ғана.
Келмес деп жұрттың айтқанын
Көңіліңе алма, тыңдама.
Сенбе, өлді дегенге,
Ата-анам менің сенсе де.
Достарым да мен үшін,
Қайғыға мол еңсе де.
Еске алып мені, есіркеп,
Шарапты, мүмкін, көтерер.
Асықпа, оны сен ішпе,
Тірі деп мені күте бер.

Келем қайтып күте бер,
Ажалға мен көнбеймін.
Күтпегендер ұялсын,
Қаса-қана өлмеймін.
Білмейді олар сырымды,
Сен сағындың көп күттің,
Сағынды деп жан жарым,
Өлмей өрттен мен шықтым.
Қайтып аман келгенім —
Сенің ғана тілегің!
Сен күткен соң өлмедім,
Тартты сенің жүрегің.

САҒЫНЫП МЕН КҮТТІМ

Сағынып мен күттім,
Сәулемді, жарымды,
Отымен үміттің
Жандырып жанымды.
Көп болды кеткелі,
Бір хабар алмадым,
Сарғая күткелі

Көбейді арманым.
Үмітпен күн өтті
Бұлдырап сағымдай.
Өртеді-ау жүректі,
Қайтейін сағынбай....

Тарқатты сағымды
Сұрланып суық бұлт.
Күйдірді жанымды,
Өлді деп оны жұрт.

Ойға алып жұрт сөзін
Үмітім сөнбеді,
Мен күтсем сүйіктім,
Келеді, өлмейді.

Көп күткен ғашығын
Көруге ынтызар.
От майдан ашуын,
Басар да бір шығар.

Сағындым, мен күттім,
Сәулемді, жарымды,
Отымен үміттің
Тербетіп жанымды.

1943

АҚЫННЫҢ КЕГІ

Отан үшін қанды майданда
қаза тапқан акын Абдолла
Жұмағалиевке арнаймын.

Лапылдады жанды кегім,
Жанымда ыза, көзімде жас.
Өлді акын — ардагерім
Өлтірді жау сұм есуас.

Отқа түсті акын жаны,
Өртеді жас, есіл боздақ,
Улы түтін — ащы зары
Кетті іштегі кекті қозғап.

Жаны сәби, әншіл бөбек,
Еркеледі-ау дүниеге аз?
Акын еді туған бөлек —
Жастай өліп кетті-ау, сабаз!

Күйді өлеңнің қызғалдағы,
Жанды гүлі аяп алар.
Толмай сөнді қызған шағы
Бітпей қалды поэмалар.

Поэзия түлегі еді,
От жүрегін ән билеген.
Өр көңілі, тілегені:—
Көркейсе өмір, ән, күй деген.

Қызыл жалын аймалады,
Ажал оты маздады да;

Өрт жіберді аямады,
Поэзия боздағына,

Ашуменен елемеген,
Денесіне тиген отты,
Кеудедегі ызаменен
Дұшпанына жаудырды оқты.

Кетерінде дүниеден
Албырт ақын шығарды өлең.
Өлең айтса, ән шырқаса,
Ойында жоқ өлім деген:

«Ей есуас, жер жебірі,
Ат денемді, өрте мейлің,
Артымда өлең қалса тірі
Мен жасаймын, мен өлмеймін.

«Жаңа дүние аспанында,
Сыңгып ұшар жас өлеңім,
Шаттықпенен жас жаныма,
Ән шырқаса, неге өлемін!»

Соны айтты да құлады ақын...
Маздаған от бірге сінді,
Қара түнек жырымды түн,
Бей уақытта ақын өлді...

...Мұңаймаңдар, жас достарым,
Қайғырмашы, сүйген жары.
Тірілтеміз өлеңменен
Жоғалмайды ақын жаны.

Кек күйігі отты өлеңдер,
Кеудемізден лаулап атты.
Өткір найза, ажал оқтай,
Тиді барып жауға қатты.

Сәби ақын жендеттері,
Кек отына тұншығады,
Жоғалады улы тұман,
Жарқырайды, күн шығады.

Жаңғырығар сонда жас үн,
Қозғар ойды қалжыраған.
Сонда көзден тыяр жасын,
Дос пен жары қан жылаған,

Ақын шығар жанған оттан,
Оянар да шаттық үнмен,
Көрер досты ойнап-күлген,
Құшақтасар тәтті өмірмен.

Қайғырмашы, дос пен жары,
Ән бөбегін, әлдилеген
Тірілтеміз сәби жанды,
Көтереміз ән-күйменен!

Ташкент, 1943

ҚАРЫНДАС

(Жаралы жауынгердің аузынан)

Көп күн болды, сен кеткелі,
Қайдасың сол қарындас?
Мендей ешкім іздеп сені,
Мендей және сағынбас!

Онда майдан ішінде мен —
Қатулана жүгірдім:
Қанды найза үшіменен,
Жау түйреді... жығылдым.

Бұрқыраған отпен бірге
Кетті достар, жаттым мен;
Сар жапанда, жалғыз түнде
Қар астында баттым мен.

Қолды создым мен өмірге
Қорға мені, құтқар тез,
Туысқан, дос өскен бірге —
Бірі де жоқ сол бір кез!

Есім кетті, естілмеді
Шулы майдан соңғы үні,
Қанды жалап үстімдегі,
Ажал төнді сол күні

Дыбысымды ыңырсыған
Естір ме екен я біреу?
Кім келеді өлі маған,
Түн ішінде меңіреу?

Есімде жоқ, содан әрі
Нені ойладым, не білдім,
Таусылды әлім, бітті бәрі.
Қар астында көмілдім.

... Жоқ өлмедім, әлі денем
Бір кез қайта тірілді,
Әлсіз соққан жүрегімнен
Қандар қайта жүгірді

Бұл не ғажап!.. Үйдің іші,
Қасымда тұр қарындас.
Ол бір ару, оның түсі!—
Әрі жылы әрі жас!

— Енді есен бол, қош ағажан,
Бір жол сені сақтадым.
Келдім алып сені ажалдан,
Отан сүтін ақтадым!

Тіл қата алмай қалдым үнсіз,
Сорғалады көзден жас,
Қан майданға қайта асығыс,
Кете барды қарындас.

Ол сақтаушым қанатымен
Қаққан менен ажалды.
Бар алғысы алатын мың—
Қайда кетті, жоғалды?!

Көп күн болды, сен кеткелі
Қайдасың сол қарындас?
Мендей ешкім іздеп сені,
Мендей ешкім сағынбас!

1943

ЭНУАР

(Әнуар Омарбековке)

Жігіт еді — әзілі бар, әні бар,
Жігіт еді — біздің ерке Әнуар.
Жігіт еді, боздағы еді халықтың,
Еркін, ерке жайраңдаған жаны бар.

Жүрегінен шаттық күлкі төгілген,
Ойнаушы еді келемеждеп өліммен.
Еркін сырлы ерке бөбек секілді—
Қайтып қана ол кетеді өмірден?

Қайғырмашы, Қалима, келеді ол,
Өмір десе өлмейтін ер еді ол.
Өмірі бар, жары бар, достары бар.
Қайтып қыйып біздерді өледі ол?

1943

ЕСІЛГЕ

Көкше мұзды суық сұр,
Құрсап қатқан Есілге,
Мұңмен қарап сұлу тұр,
Кім түсті екен есіне?

Сүйенгені сары ағаш,
Солқылдайды суылдап,
Сүймек боран есуас
Құшағына сұлуды ап.

Боранды күн бұл жерде
Неге сәулем мұңайдың?
Боран соны білер ме,
Айтшы маған — не қайғың?

Қалдың ба осы арада,
Жан жарыңнан айрылып?
Жүрсің неге далада,
Тұрсың неге қайғырып?

Аққан толқын секілді
Арманың бар, білемін,
Сол жігітті, сол күнді,
Ойлап жанды жүрегін.

Ұқсап соққан дауылға
Арман кетер, ой қалар.
Ертең біздің ауылда
Таң-тамаша той болар.

Сонда қалқам, өзің біл,
Жаздың сұлу кешінде, —

Мейлің шомыл, мейлің дүз,
Екеулерің Есілге.

Соған дейін бұл жерде
Қайғырмашы, тұрмашы,
Мұң шақпашы өзенге,
Шалқыта бір жырлашы!

Жүректегі жалынды
Шаттық әні көтерер,
Келеді деп жарыңды,
Күлім қағып күте бер!

1944

ОСВЕНЦИМ

Алдымда тұр көрініс жан шошырлық.
Ошағы бұл дозақтың жаңа сөнген.
Мұнда өртелген жас өмір, миллион тірлік..
Нелер жасты бұл жерге күлмен көмген:

Күнасіз қанның иісі мұнда аңқыған,
Құпия ыңырсыған мұнда өліктер,
Адамдардың сүйегі шала жанған
Қыймылдап соңғы шоқтан мейрім күтер.

Естіп тұрмын дауысты жалынышты,
Маған таныс — қай дауыс ыңырсыған?
Не көрінді көзіме? Жалын өшті...
Әлде жанып бітті ме менің ағам?..

Аспанды алған телегей бір нөсердей.
Германия үстіне біз түйілдік.
Кесепатың мәңгілік сөндіргендей,
Сол дозақтың үстіне нөсер құйдық.

Сөнді өрті

Орнында күл-көмір боп,
Миллиондаған белгісіз жатты адамдар
Сол апатты түтінмен білер ме көк...
Өртелді қандай өмір, қандай жандар?

Міне тұр чехтың қызы...

Ол қаралы.

Бір уыс күл қолында — жары сол ма?
Көзден жасы жаңбырдай сорғалайды,
Сүйіктісі уыс күл... жаны сонда.

Міне поляк шалы тұр...

Күлді иіскеп

Әлде сол күл өртелген ұлы ма екен?
Жан шошырлық бұл сұмдық көрініс тек,
Бұл дозақ...

миллиондар күйген мекен...

Мен тұрдым жүрегімде қан лықылдап,
Күл-көмірден өліктер күңіренгенде.
Кенеттен таныс үнді тағы тыңдап,
Тітірендім шақтарға төніп мен де.

Шақырдым мен ашуды нажағайлы,
Бар өліктің күңренген кектерімен.
Аспанға көк жалыны қанат жайды,
Тұтанып шала сөнген шоқ көмірден.

Күл-көмір арасынан көтеріліп,
Ішінен миллионның менің ағам.—
«Өрте!» деп жендетімді берді бұйрық
Дауысымен ақырғы айқайлаған.

Естіп соны біз кеттік сөндіргелі,
Бар дозақтың оттарын адам күйген.
Жендеттерін өзінде күйдіргелі,
Дүниеге ажалдың отын үйген.

Содан бері күңренген сол бір айқай,
Мәңгі қалып қойғандай құлағымда
Сол өліктер, күреске шақырғандай,
Адамның жауларынан кек алуға...

Освенцим, 1945

КӘДІМГІ БІЗДІҢ ҚОШҚАРБАЙ

Көрдім оны ауылда,
Өзінің Ала-Тауында,
Жерінде туған елінің —
Шалқып жатқан егінінің.
Толықсыған ішінде,
Алшыйта киіп тымағын
Алшаң басып аяғын,
Сүйікті жарын тосқандай —
Жүрген еді күлкішіл,
Кәдімгі біздің Қошқарбай...
Көрдім оны тағы да
Өзгеше бір шағында. —
Өзгеріп түсі тым суып,
Тау бүркіттей түксиіп,
Ауылынан асыға,
Қабағын қар басқандай,
Бара жатты ашулы —
Кәдімгі сол Қошқарбай...
Көрдім барып асқанын
Карпаттың зор асқарын,
Өрмелеп шығып шыңына,
Өзінің Ала-Тауындай.
Сонда неміс сұмына,
Оқ боратып дауылдай,
Қағысқанды қандатып
Қабағына қан қатып,
Түнеріп түсі аспандай —
Қан қырғында жүр екен,
Кәдімгі сол Қошқарбай...
Күліп сұлу Прага,
Иіп басын мұнара

Тәжім етіп тұрғанда,
Толқыған қызыл туларға, —
Сол мұнара алдында
Тұрғандай-ақ ауылында.
Жеңушілер ішінде,
Шаттық ойнап түсінде,
Жүзінен гүл шашқандай, —
Таный кеттім, тұр екен,
Кәдімгі біздің Қошқарбай!

Прага, 1945

ӨРТТЕН КЕЙІН

1. Түннен шыққанда

Тұмандатып жылжыған,
Хоштасамын түнмсенен.
Сәулені іздеп сүйіп жан,
Асығамын күнге мен.

Түн жүрісі бойға ауыр,
Қалыппын ғой қалжырап,
Ұйқы басқан ойға бір,
Жағылсын тез шам-шырақ.

Ұйқылы ойдан әлі де
Түнгі елестер кетпеген.
Үрей жаққан көңілге,
Шулы ызыңдар, отпенен.

Түнде сонау алыстан
Өртті майдан көрінген,
Шығып шулы дауыстар,
Айнала отқа көмілген.

Асығамын күнге мен —
Аңсап тыныш әлемді.
Көрісемін дүниемен
Күле беріп сәлемді.

2. Ұйықтаған орман

Күн жарқырап алдымнан,
Алтын сәуле себілді.
Ойлар кетіп қалғыған,
Күн көтерді көңілді.

Қарап едім жан-жаққа,
Ойлан көзбен ұйқысыз:
Тұр көгілдір аулақта,
Мүлгіп орман үн-түнсіз

Есімде тұр орманды
Кеше басқан көк тұман.
Дауыл соғып талдырып,
От дамылдап ұйтқыған.

Жанған еді жас гүлі,
Күл боп ұшқан жапырақ.
Кеткен ұшып бұлбұлы,
Жай түскенде, шатырлап.

Осы арада қағылған,
Жаңғырығы айқайдың.
Асыры еді осы орман,
Лапылдаған майданның.

Қалды ма екен қалжырап,
Байғұс орман сол оттан?
Кетіпті тым маужырап,
Мейлі ұйқтасын — оятпан'

Мүмкін оны оятар,
Ән салар да бұлбұлы,
Қайта тағы гүл атар,
Тербелер де күн нұры...

3. Жаңа шыққан гүл

Күйген орман ішінде
Жаңа шыққан гүл көрдім
Біткен екен үстіне
Кеше сөнген күлдердің.
Қасында ойнап көбелек,
Желбіретіп қызыл гүл.
Қасында су себелеп,
Чехтың сұлу қызы тұр.

Па, десейші сол гүлдің
Иісі кеткен тауды алып,

Сәулетіне сұлудың
Өттім мен де таң қалып.

Ойладым сол орманға
Өрт салып кім өтті екен?
Таң қалдым сол ойранға
Кімдер гүлді екті екен?
Естідім мен сол күні
Кешке жақын бір әнді.
Жыр ғып айтты сол гүлді
Жаңғыртып қыз орманды.
Ол жырлады сол гүлмен
Күйген орман ағашын.
Және соны сөндірген,
Батыр орыс баласын.
Естідім мен қарғысын
Өртеушіге сол кеткен.
Естідім мен алғысын —
Сол жігітке гүлді еккен.
Кеттім бірақ мен ұзап,
Көре алмадым орманды.
Жүрегімде жалғыз-ақ
Сол қыз айтқан ән қалды...
Сонау қызды сол гүлмен
Көруге бар әлі үміт.
Қайда екен өрт сөндірген,
О дариға, сол жігіт?..

Пардубице, 1945

ТАҢ АЛДЫНДА

Баласымен келеді ана
Түн ішінде тас қараңғы.
Атылған оқ, қанды дала
Толған үрей басты маңды.

Басты маңды толған үрей,
Жас баланың түсі қашты.
Қорқыныш па әлде дүлей,
Көрді нені, бала састы.

Елестеді көз алдына,
Түсі суық әлде біреу.
Неңдей пәле, қандай ғана
Түн ішінде жүр меңіреу?

— Түн жамылып сол сұм жаулар
Келіп қалды маған таяу.
Құтқаратын күн қайда бар,
Ата ма таң, апатай-ау?

— Қорықпашы, жас құлыным,
Көрінеді таң жұлдызы.
Күн туғанда кетер зұлым
Өртенер де қанды жүзі.

Қалтырады тағы бала
Өрг жалыны көрінді де.
Түтін толды айналаға
Түн аспаны көмілді де.

— Мені өртеуге қалды таяу
Түн жалыны лапылдаған.

Таң шолпаны, апатай-ау,
Тез туа ма айтшы маған?

— Қорықпашы, еркетайым,
Ол өрт емес, қызарған таң.
Тудырам деп күн мен айын
Осыншама ұзарған таң.

Таң шолпанын іздеп ана
Баласымен келе жатты.
Түн сырылды жылжып қана
Тағы зулап оқтар ақты.

— Апатай-ау, эне тағы
Оқтар жауып жатыр маған.
Қайда кетті атар таңы
Қалды ма оқтар атылмаған?

Тез біте ме ажал оғы,
Үсте зулап, мынау ұшқан?
Тез жете ме түннің соңы,
Тез ата ма қуаныш таң?

— Күн шығыстан мынау ұшқан
Таңның отты жұлдыздары.
Атты, эне қуанып таң
Азаттықты туғызғалы, —

Таңның отты жұлдыздары
Қызыл тулы сенің ағаң.
Азаттықты туғызғалы
Келе жатыр эне, саған.

— Қуанайын, апатай-ау,
Жұлдыздар ғой мынау ұшқан
Түн көріне көмілді жау,
Атты алақай, қуаныш таң!

1945

ҚЫЗЫЛ НАЖАҒАЙ

Қараңғы түнде жарқылдап
От жұлдыздай көрінген
Құдіретпен шартылдап
Германия көгінен.

Күркіреп қызыл нажағай
Түскен де көрдім ғажапты
Копарып тасын жағалай,
Қыйратып кетті дозақты!

Түн ішінде дүние,
Тітіреніп тұр еді.
Жарқ ете қап күн міне
Жоғалды әлек түнегі.

Неткен күшті керемет
Неткен қызыл Нажағай!
Соны көріп күлімдеп
Куандым жас баладай!

Ратибор, 1945

ДНЕПРДЕ

Тулай ағып тынымсыз,
Дүрілдеген Днепр.
Жағасында сұлу қыз,
Жыламсырап неге тұр?

Алып қашып келеді,
Қайықты бос толқындар.
Қайғырғаны сол еді —
Келмеген соң қайтып жар.

Қалды ма екен толқында,
Аударылып қайықтан?..
Әлде жары тағы да,
Келер ме екен ғайыптан.

Ағып жатыр Днепр,
Толқындатып үмітті.
Көрінер деп көзге бір,
Қарап жарын қыз күтті..

Киев, 1945

ТЫМ АСЫҒЫП КЕЛЕМІН

Тым асығып келемін туған жерге,
Бір сағыныш лапылдап тұр кеудемде.
Жүрсгімде махаббат жалындаған,
Жүргенімде көңілсіз өлкелерде.

Сағындым сені анамдай туған жерім,
Көзіме ыстық таулы, белеңдері.
Сағынышты саялы ормандарын,
Күркіреген көк түсті өзендерін

Сағындым мен сағымын кең даланың,
Сол далада шырқалған шаттық әнін!
Аңсап келем көруге, құшақтауға
Мен елімнің ақпейіл ер адамын.

Сағындым мен аяңды төрт жыл көрмей —
Сансыз жылдар айрылып көрмегендей.
Көрсем де мен талай жер, талай елді,
Көргемін жоқ ұлы елді бірақ сендей!

1945

ШЫРҚА, СӘУЛЕМ АЛДЫМДА

(Сүйіктім Жамалға)

Шырқа, сәулем, алдымда,
Шаттық жырын шалқыған,
Енсін рақат жаныма
Отқа кеше шарпылған.

Сенің шаттық әнінде
Қуаныш бар, бақыт бар,
Ән құйылса көңілге,
Жанның сырын ағытар.

Қуанышты жырыңмен
Жас болармын қайтадан.
Сенің тәтті үніңмен
Жасарғандай қайта жан.

Шырқа, сәулем, алдымда
Шаттық жырын шалқыған.
Енсін рақат жаныма,
Отқа кеше шарпылған.

1946

КӨКТЕМ

Күн мен гүлдің көктемі!
Сен дүниенің мәңгі жаңа нұрысын.
Сен күніңмен күліп тұрған көктегі,
Кеңейтесін бар ғаламның тынысын.
Сенің жұпар атқан гүлдеріңнен
Мың жылдарға аңқып жетер хош иіс.
Бір сен ғана әлемге нұр боп кірген,
Жәндікке — жан, адамға ырыс, сүйініш.

Сенсіз қарт жер қатар еді мәңгілік,
Бітер еді нәрсіздіктен тіршілік.
Жер діңгегін сен қозғалттың май құйып,
Көк сүтіннен әлемге нәр тұр шығып.
Қуандырдың дүниені гүл атып,
Мұздарға да қатып қалған, жан бердің
Шегіртке мен шіркейді де жырлатып
Жәндікке де, о керемет, ән бердің!

Қайта оралды жеріме қаз, аққуым
Көк дауысын күркіреген естимін.
Көріп көктем нұрларының шалқуын,
Мен шертемін жаңа өмірдің жас күйін.

Кім сүйеді артық бізден көктемін?
Даласы бар күн шуақты гүл құмар.
Көресің бе құмға гүлді еккенін
Қолхозшының нұрларына ынтызар.
Кең қыйырсыз гүлжазира даланың,
Сайларында сенің қаның жүгірген.
Алатау мен Сары-Арқаның алабын,
Көктем басты жасыл шулы дүбірмен.

Көктен күйған шұғылаңнан тұтанып,
От жанғандай толқынында Ертістің.
Дихан — ата қырға шығып қуанып,
Көк шуақпен бояп жатыр жер үстін.
Дала беттен шымылдығын сыпырып,
Жас келіндей жайды саған құшағын.
Қуан көктем! Көкте бізге күн күліп,
Көзін қысты, тастап алтын шуағын.

Алып құрылыс, зор табиғат күшінде,
Я сазында жасыл дала күйінің —
Өрмекшінің я елеусіз ісінде,
Масайраған — көктем сенің қыймылың.
Нұрларыңды кеуде кере жұтамыз.
Біз ұстаймыз шуағыңды сағымнан,
Барлық сенің сәулеңді біз тартамыз,
Күн астында, жер үстінде ағылған.

Сұлуға ұнар, батыр жігіт даңқымен
Гүл арбайды жұпарымен бұлбұлды,
Сені көктем қызықтырам қайтып мен
Алып қалам қайтып сенің нұрыңды?

Сені арбаймын сәулетімен еңбектің
Тәңір болған табиғатқа керемет.
Құдіреті сол емес пе жер-көктің,
Бағынышты оған тасқын, оған от,
Шөл далаға қол бітірген толқынды,
Лапылдатып от шығарған толқыннан,
Тау астынан тартып алған алтынды,
Ол даланы қызыл гүлге толтырған.
Жасағымыз біз еңбектің — бізде күш,
Біз жасаймыз дүниеге мәңгі жаз,
Жерімде бар мәңгілікті бақ-құрылыс.
Құмар соған бар табиғат әсемпаз,
Сені арбаймын көктемгі шат адамның
Қолдарымен гүл ұстауға ұмтылған.
Сені аламын айбынымен отаның,
Аясында жеңіс деген күн туған.

Отаным бар шешек атқан көктемдей,
Қон үстіне сен, мәңгілік көктем — құс,
Гүлдер ектік ғасырларға жеткендей,

Күн далама құшағыңды аш, көктен түс!
Келешекке біз жасаймыз бағыстан.
Ұлы күннің суарылған нұрымен;
Жас әлемнің сол аясы бак күшқан,
Дүниеге шаттық тамған гүлінен,
Бағыстанды компартия орнатқан,
Оның нұры күннен асқан көктегі
Саған көктем мәңгі бейне Ұлы Отан —
Адамзаттың жаңа туған көктемі.

Алматы. 1946

ДАЛА ҚЫЗЫ

Дала жазы!

Тағы еркелеп сен келдің —
Сұлуымсын, сенде-рахат, сенде — күн!
Жайнашы сен,

тынықсын бір жүрегім,
Есінде ме,—

көп қыс алыс жүргенім?
Келдім аңсап мен алыстан —
сен түсін!

Сеп үстіме сен аспанның күмісін.
Мені әлдиле.

Қолыма әкел, гүлді бер,
Биле алдымда,
жаз еркесі жібек жел!

Біл, ерке жаз,
аяз қысты мені кеп,
Жүрегімді жалын басты, түтеп от.

Түнде жүріп,
туар деген күнімсің,
Төк сәуленді,
саған жүрек көмілсін.

Ақ қанат жаз,
Мені аспанға сен көтер,
Көкке апарып,
күннің жырын сен әпер.
Күн нұрындай көлкіп толқын ән кетсін.
Кең даламды —

Әлдилесін, тербетсін!
Дала досы мен қазақпын,
малшымын
Мен сүйемін дала жырын,
мал шуын.

КОЛХОЗ — ЕЛІМ

I

Тағы да ауылыма келдім аңсап,
Көріп дала қызығын көңілім шат.
Қойғандай өзім бояп сары алтынға,
Келемін алшаң басып далада ән сап.

Жасыл бел қыймыл қағып жатыр желкем,
Сырласып сұлуымдай ақ гүлдермен.
Даланың төрінде отыр Дихан — баба,
Сыйпаса сақалынан дән төгілген.

Колхоздың қызыл бетті қыздарындай,
Ырғалып алдымда тұр қызыл бидай.
Сұлуды көре қалған жас жігіттей,
Кете алмай ұзақ тұрдым көзім қыймай.

Көкше қыр шалқып жатқан бір телегей.
Үстінде қалың қойдай көп шөмелей.
Сыңсыған шағаладай қыз-келіншек
Сонда жүр, кетем қайтып соны елемей?

Үніндей қаз, үйректің алыстағы
Тартады мені нәзік дауыстары.
Сағынған қарындаспен, жеңгелермен
Келемін көріскелі, табысқалы.

Күн сүйген-қызыл күрең жүздерінен,
Нұр шашып қарындастар көзі күлген.
Жар күткен жеңгелердің адалдығын,
Таныймын мөлдіреген көздерінен.

Сызылып сыйқыры жоқ әдебімен,
Жүректің сезім беріп тереңінен.
Менімен сәлемдесіп қыз-келіншек
Еңбектің қайта кетті әуенімен.

Көрдім мен сол арада қызық думан,
Сол артық бақшадағы қызығыңнан.
Қыздар жүр шөмелейді құшаққа алып,
Отауы апаратын қызыл қырман.

Ішінде ақсабанның кімдер күлген —
Білемін қыздарды мен үндерінен.
Жәрменке қырман қасы азан-қазан
Трактор, комбайнның гулерімен.

Астықтың айқайына тау шырмалып,
Ақ дәнді әлдилеген ән шырқалып,
Болып тұр қызыл қырман-қызық думан,
Еңбекпен сауық құрып әншіл халық.

II

Сүйемін сенің сырлы тамдарыңды,
Ішінде әңгіме айтып толғануды.
Сүйемін еміп өскен еңбек сүтін,
Ақ пейіл сенің адал жандарыңды.

Олар да сүйіп жатыр өз баласын.
Таныймын мен ауылдың кәрі, жасын.
Маңқыйған сар атандай сол арада,
Ақ пейіл менің момын тұр нағашым.

Колхоздың көріп тұрмын қуанышын,
Ақ алтын, қызыл моншақ қырман үшін.
Ертістің толқынындай ақтарылған,
Астыққа арналары толған үшін.

Бағана, жол үстінде көзім көрген,
Ағылған қалың көштей қызыл керуен.
Ақ мая дән үйіліп үстеріне
Қалаға машиналар тізбектелген.

Бастаған керуенді Дихан-ата,
Ақ сабан шашуындай аспанға ата.
Дән тиеп бара жатыр Ұлы Отанға,
Даланы дабылдата, думандата.

Ал, міне қора-қора қамба толған,
Көп қойдай ала қапшық толып тұр дән.
Арбалап туыстарым кетіп жатыр,
Үйіне астық толқып құт орнаған.

Әкеліп табыстарын жүктей жыйнап,
Жеңешем астыққа үйін қойды сықап,
Төрінде толқып тұрған дәнді көріп,
Нағашым қою мұртын қойды сыйпап...

Атты таң. Сары алтынга боялды аспан.
Ай тапты өз ұясын көп адасқан.
Түн жыйды көк мәуті дастарханын,
Көгіне бауырсақтай жұлдыз шашқан.

Оянды дала сұлу ұйқысынан,
Шертіліп сырнай-керней таңғы шудан.
Шықты және шатырынан күн-бәйбіше,
Кие сап құндыз бөркін алшысынан.

Бүгінде тағы ашулы күн-бәйбіше,
Тезірек төсекті жый, тұр, жеңеше...
Ашуы кәрі анаңның от емес пе,
Сақтайық дән бөбекті жүр ендеше.

Соны естіп Дихан — баба басын сілкіп,
Дәндерін қалды тербеп тұрған мүлгіп,
Күн-әжең алтын сүйрік саусағымен,
Ұйықтаған келіндерін қалды түртіп.

Мен тұрып, шың басында көрдім бәрін —
Мошак бас дәннің шалқып тұрғандарын
Ішінде көк теңіздің зор кемедей,
Гулеген комбайнның бұрыңдауын.

Керіп төс күннің шашқан шағылына,
Әскердей қаптап енген шабуылға, —
Баралы колхозшы жұрт жасыл белде,
Алтын дән толқынына шомылуға.

Гүлденіп құлпырмасын тұрмыс қалай —
Қуты бар колхоз — елі ырысқа бай!
Көрдім мен сол ауылдың өрісінен
Қалың мал қаптай өрді құмырысқадай.

Көріп мен осыларды қуанамын,
Сондықтан колхоз жырын жырлағаным.
Құнарым, құтым менің, колхоз елім
Жырламай қайтып сені тұра аламын.

Сүйікті сенің маған нұрлы адамың,
Сен менің алтын аям, гүлді бағым.
Нұр тамып сенің тамшы терлеріңнен,
Гүлденіп дәнді өмірмен тұр Отаным!

Жұмысшы, профессор жұрттың бәрін
Ұлы іске қыймылдатқан сенің нәрің.
Жауынгер найзасында қуатың бар,
Дұшпанның кеше бұзған камалдарын.

Даламды сен боядың сары алтынға
Еліме дәнді сәулет таратуға,
Жүректен ыршып шыққан лептерің бар,
Шаттықтың шалқып соққан сағатында.

Есімде, шет елде бір жүрген күнім,
Мүскінің кетіп нәрі жүрегінің,
Өртелген даласында сүмеңдеген,
Көп іздеп жалғыз дәнін жүгерінің.

Ақ нанды асаганда жалғыз жуан,
Тамсанып тұрған еді жан мыңдаған.
Наи! Наи! — деп Европаның қырларынан,
• Үндерді естігемін ыңырсыған...

Бар дүние дем алып тұр дән лебімен,
Сен алыпсың — ағылған дәндеріңмен.
Астық деп аузын ашқан бар ғаламға,
Мақтанамын колхозды, дәнді еліммен.

Елімнің сен ырысы мәңгі тапқан,
Бұлагы сен байлықтың шалқып жатқан.
Мың алғыс бақ несі партияға
Аулыма колхоз атты құт орнатқан!

ЕРТІСКЕ

Көрісейін,
Сүйісейін,

жалаңаш

Ертісіммен.

Келдім, — қаны,
Көк туманы,

аралас,

Өрт ішінен.

Сонда өзенім.

Сүйген өзін

кеудемді

оқтар шырғап,

Келдім сусап,

Ереуіл сап,

мен елді,

оттан қорғап,

Өрт денеммен

Өтерде мен,

Одерден

қанды көбік.

Жауды қуып,

Қаны тиіп,

кеудемнен

қалды жұғып,

Құшағыңды аш,

Мен жалаңаш,

түсейін,

сүй төсімнен!

Перзентің — мен,

Шәрбәтіңнен

ішейін,

мені өсірген.

Еркелейін,
Тербелейін,
Үстінде,
 толықсып ақ!
Құйылсын нұр,
Құйылсын нұр;
Тазартсын бір,
 төсімді
 толқын сыйпап.

Сонау жақта,
Жүрген шақта,
 алдымнан,
 қан ыршыған,
Кеуіп қаным,
Сонда жаным,
 сағынған
 нәр тамшыңнан.

Сонда көрдім,
Өзендердің,
 алабын, қанды нөсер,
Соған сүңгіп,
Біз тоғыттық,
 адамның,
 қаныпезер...

Оқша атылған,
Қуатыңнан
 алғанмын
 тасқын қайрат,

Өш алуға,
Ошағында,
 майданның
 тастым қайнап.

Сен бір өрен,
Күркіреген, Алтайдан,
 атып ағып.

Толкындардың,
Атып жалын,
 алтын шам,
 жатыр жағып.

Толқыныңнан
Шалқытып ән,
 өршіген
 ақ, Ертісім,

Жыр ғып маған,
Тасқындаған,—
берші сен.

толқын күшін!

Жайып құлаш,
Күш алып, жас

атылған,

нөсеріңнең,

Өрлеп бірге,
Ұлы өмірге

шалқытам

жыр селін мен!

1948

ЖЫЛДАР

Ағылып вагондардың тізбегіндей,
Сағаты зор өмірдің соққан жылдам.
Көрінер уақыт жылы — бізге күндей,
Заманда алға шауып, асқан шыңнан.

Өмір бар секундтың да қыймылында,
Ал жылдар хикаясы заманға шак.
Асырып ғасыр жүгін биік шыңға,
Келеміз келешекке жайып құшак.

Бейбіт жылдар — жолдары жарқыраған,
Әр сағаттың соңында айқын із бар,—
Бұл өмірдің бетінде алтындаған
Жазулы бәріміздің атымыз бар.

Жылдан ұшқыр халықтың қанаты алып,
Көтерген ғасырлардың бар қыялын,—
Сермеген ер құлашын болаттанып,
Керемет қуатымен партияның!

Зор бақыт — озып жылдар желісінен,
Тез жетсең ол нұсқаған нысанаға.
Зор бақыт — сенің тапқан жеңісіңнен
Өмірге толқын екпін туса жаңа..

...Шахтаның шыңырауында ер жұмысшы
Бұрғысын бір секундта қалды түйреп,—
Шағылған сол көмірдің отты күші,
Бір күнді кетті бұрын алға сүйреп.

Минутте колхозшы дән сепкен жерге,
Шықты егін айларды алар қуаты бар.

ЖЕЗҚАЗҒАН ЖЫРЛАРЫ

1. Ысқақ Иваныч

Сен ойлама, жердің қат-қат астында —
Жоқ екен деп, қызық еңбек, қуаныш.
Егер тұрса естіп мұны қасыңда,
Ашуланар біздің Ысқақ Иваныч...

Ол түскенде шынырауына шахтаның,
Кетер тіпті тереңдеуге асыгып,
Ағытуға тас толқынның шалқуын,
Келешектің шыңдарынан асырып.

Жер астының ол бір батыр еркесі,
Шахта оған — зәулім сарай заңғардай.
Оны таппас жер астынан әкесі,
Жүгірмесе электровоздардай.

Сом қолдары қатпар таспен қарысса,
Жер астында таң керемет туады іс.
Болғандықтан қыймылы оның орысша,
Атаныпты: «Біздің Ысқақ Иваныч».

Қызық қазақ, жүзі де оның жайдарман,
Көк тастарды қопарғанда шыңға атып,
Күлімдейді жеңіп шыққан майданнан
Буденныйша кара мұртын шыйратып.

2. Оның әкесі

Бұл төбелер оған жапа шеккізген!
Оған зындан көрінетін жер асты
Ол үңгірде көп өмірін өткізген,
Тісіменен кеміргендей қу тасты

Өтпес қайла, қалтыраған қайран қол
Сокқан шақта тас түнерген қамалды,
Еңбектеген жылдар бойы үңгірде ол,
Бел бүкшиіп, тізе талай қаналды.

Ғасыр бойы кұлазыған шалқардай,
Даламызға тас түйіліп томсарған,
Кімдер еді түнді кезген шақалдай,
Қаңғып келіп, қолқамызға қол салған?

Таппай шыдам сол ашқарақ жер тепкен!
Синдикаттар елестеген алдынан.
Кім еді ол? Әрине, қу джентельмен,
Жерімізге қаңғып келген Лондоннан.

Қарашы, оның пайдакүнем айласын!
Оңай алмақ даламыздың гауһарын.
Қайрамады Анаркұл да қайласын,
Қабағына жүрді түйіп қаһарын.

Жер үстіне шықса, көрді бір істі,—
Кебін түсті джентльмен тұр қалтырап.
Келе жатқан көрді батыр орысты —
Өрен күшпен, қызыл тумен жарқылдап.

Көрді Анаркұл — басты аяғын алқына,
Жүр ағылшын тастарды аттап жүгіріп,
Зытты бірақ, қарамады артына.
Түйілгенде зор қаракүс жұдырық...

Жылдар өтті... Жезқазғанның құмында
Ертегідей болды жаңа туған іс.
Даңқ алды оның туған ұлы да.
Өз аты — Ыскак, достарынша — Иваныч!

И н ж е н е р

(Инженер Байқоңыровқа)

Жылға-жылға жер астының сайында
Өрмелейді тастың сырын ол тыңдай.
Елестейді оның теңіз ойында
Көкше тастар, бейне алтын толқындай.

Бірақ, алды — шексіз тұйық, түнерген,
Мәңгі меңіреу, мелшиген тас қат-қабат.
Не сырлар бар бұл түнекте, кім білген.
Қайтып алға жас инженер аттамақ?

Оның көзі тасты жарып өткендей,
Көрсө таудың түнектегі асылын.
Ол алуға мәңгі сапар шеккендей,
Сол асылды — жерде жатқан жасырын.

Керемет жер — асыл жатқан құмында,
Мың жылдарға жетер мұнда қазна бар.
Әттең өмірі жетпейді оның мың жылға!
Тез алуға сол асылын ол құмар.

Шым-шытырық штриктер, тас қыя,
Оған бірақ кең көшедей жол ашық.
Гарвей Пиллоу¹ түссе мұның астына,
Таппай жолын құлар еді адасып.

Асығыс шақ. Атылған тас күркіреп,
Перефоратор тасты соққан қаттырақ.
Жүз жылдардың жеңістерін ол көрмек,
Келешекке озып жылдам аттамақ.

Өмір қызық, — біреу құмар аспанға,
Біреу ынтық жол ашуға теңізден.
Инженерге — даңқ жердің астында, —
Жер бетіне алтын сәуле енгізген.

4. Гигант қала

Көкек те жоқ, көкпек те жоқ қу дала,
Ғасырлардан жансыз жатқан құлазып,
Жел ызыңдап құйындаған бір ғана,
Елсіз, гүлсіз аныраған құм жазық.

Енді ғажап — қызық тіпті аңыздан,
Гигант орнап, біткен қала жапанға.
Жан біткізген, жапанға нұр тамызған
Біздің елдей бар ма шебер жаһанда?

Қуанамын, тас қаланың құмдағы
Көріп бүгін көшелерін, алаңын.
Жарқырайды Жезқазғанның кырлары.
Сәулетімен ертенгі алып қаланын!

1949

¹ Гарвей Пиллоу — 1900 жылдары Жезқазғанды зерттеген ағылшын инженері

ҰЛЫТАУ

I

Даланың тәкәппары құмнан туған,
Асқақтап көрінеді алыс қырдан.
Жалғыз тау жазықтағы сакшыдай бір,
Қырына карауылдап карап тұрған.
Ұлытау таңданамын саған карап:
Айналан құмды дала, адырлы алап.
Мың-мың сан, мыж-мыж болған төбелерге.
Кім койған қорған етіп сені қалап?
Қараймын сенің жасыл мұнарыңа,
Ұлылық бар ма сенің шындарыңда.
Бір таусың атың ұлы, тұлғаң кіші,
Сұлу ма әлде тасың сыр алуға?
Түксіз тас өртелгендей жап-жалаңаш,
Сұлу ма құр мелшиген қу кара тас?
Болмаса — құмында гүл, суында нұр.
Таулардың иеміз бе даңқына бас?
Қалайша ұлы даңқ саған ауды.
Қарасам келбетіңе атың даулы?
Ұлы деп атаған ба әлде біреу,
Көрмеген Көкшетау мен Алатауды?
Мұрасы өткеніңнің жалғыз ғана —
Тас төбе шың басында қалған мола
Әлде сыр, әлде алтын сактады ма,
Білмеймін төңірегің толған оба?
Білуге сол бір сырын ұлы атыңның —
Алыстан аңсап құмар болатынмын.
Алайда ақтармаймын оба сырын,
Емеспін архиолог, мен акынмын.
Қу мола құлазып бір құмда қалған

Артқыға сақтады екен қандай арман?
Немене, курап қалған басты жыйнап,
Көнекі көр қазуға құмарланған?
Қай Жошы қалды екен деп қай белесте? —
Соларды жүреміз бе сақтап еске?!
Оба боп өліп қалған өткені емес,
Таудағы тірлігімен ұлы емес пе?
Не сыр бар құм жамылған төбелерде?
Гауһар ма түбіндегі, әлде көр ме? —
Сүңгісін шыңнан ырғып шыңырауға,
Тауым сен, аш қойныңды инженерге!
Мен дағы инженермін, — бірақ, жанның,
Досымен, сырласымын тірі адамның.
Мола емес, оба да емес, тау түрленткен
Жұрттын мен жүрегінен сыр аламын...

1948

ОРЫС ӘНІ

Шаршап ұзақ жорықтан
Шаң-шаң болып отырдық,
Жан-жақ бізге болып таң,
Жаңғақ жағып отын ғып.

Сусыз дала, иен жер
Жауынгері бұл жүрген
Мұнда ғалым инженер,
Майдандасқан сұр құммен

Отырдық біз сәл үнсіз,
Құмның сырын ойланып,
Түнгі жапан көңілсіз,
Туған да жоқ ай жарық.

Кенет бір кез алыстан
Шалқып бізге үн жетті.
Естілді де таныс ән,
Лүпілдетті жүректі.

Сол бір әнді көр тындап,
Сусындасын өзегің,—
Жетті құмға толқындап,
«Волга-матушка» — өзенім!

Серпілді де сары алап,
Сергіп біз де тындадық,
Құм үстінде сорғалап —
«Волга-матушка...»

тұрды ағып.

Біз де әнге қостық үн
Зор дауыспен біріккен,—
Айттық жүрек достығын.
Орыс, қазақ, түркмен.

Аулақ қырдан асты да,
Шалқып ұзақ тұрды өлең
Біз де алға бастық та,
Кеттік өрен жырменен.

ЖЕЛ

Сен кезбе жел, еркесін,
Неткен бұндай?
Кездің қазақ өлкесін —
Ерке ұлындай.
Шымшып өтіп бұралған,
Өзендерің,
Сүйдің гүлін нұр тамған,
Бізден бұрын,
Серуендеп кең дала
Шығандарын,
Шалқып басқан сен ғана
Шыңның бәрің.
Мен серіні көрмедім,
Сылқым сендей,
Бір әнің жоқ гүлдерін
Сүйсінгендей.
Қызғанамын сенен жел,
Даланы мен.
Озам сенен, жолды бер,
Дауыл үнмен.
Құйындаған үніммен
Толғап әнді,
Сүйем сенен бұрын мен
Кең даламды!

1949

Ішіндегі шалқыйған кім?

— Қарашы,
Өзіміздің Орман шалдың баласы.

Әкесімен жалғыз ғана тай мініп,
Жетім бала қалып еді қайғырып.

Машинада отыр шалқып ол енді,
Машинадай гуілдетіп өлеңді...

Мені Алматы толқын ойға бөледі
Көшелерін кезе бергім келеді.

Қызығамын сәулетіне, сырына,
Жарқырайды мұнда шаттық шұғыла.

Бірі ғалым, бірі инженер, бірі ақын,—
Достарым көп Алматыда тұратын.

Бірі әнші, не дәрігер кей бірі,
Бірі мастер заводтағы әйгілі.

Кеңседен бе, Заводтан ба, бақтан ба.
Үйге достар қайтып келе жатқанда.

Кездеседі қуанысып менімен,
Кездескенде кеудем талай кеңіген.

Тұра қалып бәйтеректің түбінде,
Сөйлесемін орыс, қазақ тілінде.

Сырласамыз айтып ылғый жаңалық,—
Алматымыз жатыр күнде жаңарып...

Қуантыпты өлең құмар жастарды,
Жазып Тайыр жаңадан бір дастанды

Ойын бопты театрда тамаша,
Ролін Шәкен ойнапты да жаңаша...

Кездестірдім архитектор досымды:
Быйыл қандай сәулетті үйлер қосылды?

Салыныпты заңғар үйлер кат-кабат
Алматыда комбинаттар қаптамақ...

Көшесінен кең сарайлы ВУЗдардың,
Естілді, эне, шат күлкісі қыздардың.

Көздерінен көріп бақыт нұрларын,
Күлкілерін қуанышпен тыңдадым.

Қыздары еді бақташының бір кезде,
Өзгеріпті енді киім, мінез де.

Сүйемін мен сол қыздардың өнерін,
Сәндерін де тіпті қызық көремін.

Қызық көрем көз алдымда жүргенін.—
Бәрі менің бақшадағы гүлдерім...

Астанамсың — алыс қырдан, қыйырдан,
Республикам өрендері жыйылған.

Көкірегі қуанышты, білімді,—
Көк өрімдей жас буыным бүгінгі.

Құлпырасың қызыл тудың астында,
Шұғыласын септі саған Москва.

Орыс, қазақ төскейінде тоғысқан,—
Сен достыққа болдың бейне бақстан!

Сол достыққа жырымды бұл қосқаным,
Тыңдасын деп менің орыс достарым.

Алшаң басып кең көшеде, бағында,
Достық сырын өлеңдетем тағы да!

1949

АЛАТАУҒА

Тусам да теріскейде, қыр бетінде,
Тау — бесік, қыялымды тербетуге.
Күн сайын, асқарына Алатауым,
Қараймын ойларымды өрлетуге.

Жалғанның жартысындай алып тұлған.
Құз басың қарағанды қызықтырған,
Күн сүйген, күміс төбең ақ күмбездей
Аспанды мұнарасы сүзіп тұрған.

Шығысқа шұбата сап зор жотаны,
Қамалдай қарлы құзың өр жатады.
Құж-құж тас, құламалы шатқалдарың.
Тасқындай күркіретіп су атады.

Бауырына бура түсті бұлттар шөгіп,
Кенет бір ақ көбігін кетер төгіп,
Ақша гүл, алма ағашы — тау алкасын,
Қуанам жас баладай, тұрсам көріп.

Қуантқан емес мені тастар ғана,
Атағың шықты сенің аспанды ала.
Өр биік республикам кеудесіндей,
Алатау, ая болдың астанама.

Ағылып күнбатыстан, күншығыстан,
Жас қазақ, түлегіндей, саған ұшқан.
Аңғарың арнасындай ой мен сөздің,
Төсінде жыр тоғысқан, ән табысқан!

Келіп ем қанат қағып асқарыңа,
Күй салдың менің дағы жас жанымға.

Қымсынған менің бала дауысымды,
Көтердің дауылыңмен аспаныңа.

Күркіреп өзенің құздан атқан —
Өр дауысын құлағыма күйіп аққан.
Көкпенен гуілдескен бәйтерегің,
Ойыма өршілдікті ұялатқан.

Оранып гүлдеріне Алматының —
Атпенен акын деген қайта тудым
Көріп мен адамыңның күн келбетін,
Бақыттың жыры болдың айтатыным.

Алсам да дала нұрын, өзен демін —
Тау тербеп көтерілді кеудем менін.
Шыңынан шалқып ойым, осы таудың
Өршіген өзегінен өлеңдерім.

Санаймын Алатауды сырласыма.
Уа, тауым, көтер мені шың басыңа,
Құзынды басып тұрып қарайын бір
Даламның айдыны зор тұлғасына.

Қараймын жазығына, ең шетіне, —
Жарқын жүз жандарының келбетіне.
Айбын бер дауысыма, Алатауым,
Соларға өлеңімді өрлетуге!

1949

ТЕҢІЗ ЖӘНЕ ХАЛЫК

Көк телегей кең айдында,
Көк бұлтындай шұбай өрген,
Тасып толқын, тынбай мұнда
Өз бетінше шу көтерген.

Сонда құмнан алыс шеткі,
Телміріп тек тұйық жатқан,—
Келді жігіт жалын бетті,
Бұйрықпенен құйындатқан:

— Ей, жүгенсіз, елсіз мұнда
Тасып текке үдей берме!
Жүр соңымнан, жүгір құмға,
Гүл егеміз дүлей белге!—

Тулады да теңіз алып,
Толқындарын атты түйдек,
Көрдім, барып батыр халық
Көк жалыннан жатты сүйреп...

1951

ЭШЕЛОНДАР

Қуанышпен тұрмын қарап
Вагондарға тізілген,—
Калың көштей жатыр тарап
Эшелондар дизельмен.

Поезд біткен зыр жүгіре,
Жүйіткіп озған дауылдан.
Үстеріне зіл дүние,
Артып қайда ағылған?

Ағылған жоқ ол майданға
Артып оқ пен бомбаны,—
Бұл көштердің тандай алда
Жарқыраған жолдары.

Отаныма күш беруге,
Қырын кезіп, дөн асқан,
Қуат артып үстеріне
Уралмаштан, Донбастан.

Эшелондар жатыр ағып
Жағасына Волганың.
Жаркын, жаңа өмірді алып,
Ашып жеңіс жолдарын.

Кетіп жатыр қаптап вагон
Каховкаға,
Қырымға,—
Соны жері дүбірлеген?
Біздің дала қырына.

Жаркылдайды үстерінен
Жүйрік темір күштердің, —
Граниті каналдардың,
Турбинасы ГЭС-тердің.

Қуанамын вагондарға
Артып жүкті тізілген,
Сүйреп едім бәрін алға,
Күшті болсам дизельден!

1951

КОММУНИСТ ПАРТИЯСЫНА

Құйылса құрыш сөзден күз қаланып,
Толкыса тенеулерден теңіз терең,
Ұйқастар ормандарды қозғап ағып,
Бірғақтар жарысса тез поезбенен.—
Күшті боп сөз ұшқыны электрден,
Кетсе де жұлдыздарға таралып үн,—
Асылын ғасырлардың елеп жырмен,
Шертсе өлең дүниенің даналығын.
Тең емес сенің мұхит қуатыңа,
Тұлғана, күздан биік заңғар қыя,
Тең күш жоқ күдіретіне, ұлы атыңа.
Данасы мәңгіліктің Компартия!
Құйылдың берік болат колдарменен,
Туғызды сені күрес, алып майдан.
Тудың сен, даналықтан түпсіз терең.—
Миллион мыйлар қосқан ақыл-ойдан.
Серпіп сен зілін кәне ғасырлардың,
Аштың сен дүниенің жаңа шағын.
Көрсетіп замандардың асуларын,
Жайнаттың адамзаттың болашағын.
Тұтасқан жүрегісің сансыз мыңның,
Тоғысқан толқындардай ақылысың.
Айбыны.
Абыройы ғасырымның,
Бастаған жеңістерге батыр күшін.
Планета жұлдызы — туың сенің,
Сенің нұрың мәңгілік жарық алға.
Әлемге даналығың — үміт, сенім,
Еркіндік, достық және халықтарға
Асылысың халықтың, бақытысың,
Керемет ісің сенің, әрі ізгі.

Күреске —

Коммунизм уақыты үшін,
Өсiрдiң шындап баулып бәрiмiздi.
Коммунистiк ғасырдың ұлдарымыз,
Бiздерге қанат берген ұлы Ленин.
Партия!

Саған таза ой, арымыз,
Жүректе жалындаған үнiң, лебiң.
Миллион ұлдарыңның бiреуi мен,
Зор даңқ болу сенiң қатарыңда,—
Бас ием, сенi сүйген жүрегiммен
Партия,
Ұлы, дана атағыңа!

1954

ОРЫС АҚЫНЫНА

Сағынысып көрісемін сенімен,
Сеніменен жасамакпын серуен —
Зор Москва көшесінде шалқып бір,
Жалындауға поэзия лебімен.

Поэзия теңізі ғой Москва
Лирикамды шерткім келді достыма.
Қанат какты менің ұшқыр жырларым,
Москваның жұлдыздары астында.

Тербелгендей екеуміз бір бесікте,
Өскендей бір жастан еркелесіп те,
Әзілдесіп сырласамыз, ағамыз
Өзенінде жырдың, оймен есіп те.
Акын достым, не жаздың деп жуырда
Қуанасың менің жаңа жырыма.
Маған мақтан —

казак жазған өлеңнің

Тербеткені Москваның ұлын да.
Жырларымның бөлек сөзі, түрі де...
Түсінесін, бірақ, менің үніме.
Ырғағы бір, ағыны бір жолдарым
Үн қосады саған казак тілінде.
Сенің жырың —

орыс үнді, от тілді,—

Жүрегіме толқындаған төкті үнді.
Орыс даусын, орыс жырын ұктым мен.
Сондықтан да менің даусым екпінді.

Сен өлеңге даңқ бердің күшті үнмен
Өрге шапқан жолдарына түстім мен.

ТАҢ АТҚАНША АСЫҒЫП...

Атқанша бір таң анық,
Асыға ойлап жатамын,—
Бүгін қандай жаңалық
Тапты екен деп Отаным?

Орнап жаңа заводтар,
Шырқады ма гудогін?
Өзенде жанып жаңа оттар,
Жайнатты ма түн көгін?

Асылын жатқан жасырып,
Жапан дала, сар күмда
Жана бір кен ашылып,
Бұрғысын шахтер салды ма?

Мүмкін акын толғанып,
Туды ма талай шығарма,—
Достарым көріп, таң калып,
Оқып жатқан шығар да!

Ғалымдар мүмкін бұл түнде —
Әлде бір жұлдыз отынан,
Тапқан шығар тың мүлде
Текті бір күшті атомнан?!

Өзендер мүмкін пайда боп,
Жаңа бір жалпақ жағада,
Орнаған шығар жайнап көк
Ормандар Бетпақдалаға.

Шықты ма әлде ертемен
Қуантып халқын хабары,—

Жеңіске жолды сілтеген
Це-Қа-ның жаңа қарары?

Қызыққа толы күндерім,
Естимін ылғый жаңалық.
Жеңістен жаңа гулеп үн,
Хабарын келер таң алып.

Жырлағым келіп қуанып,
Тындағым келер бәрін де,—
Жеңістер жатса шындалып,
От беріп өлендеріме!

1951

КОМБАЙНШЫ ПРОКОФИЙ НЕКТОВ

Ұлы Отан соғысында екі аяғынан бірдей айрылған мүгедек Прокофий Нектов комбайншы болып істеп, жоғарғы көрсеткіштерге жеткені үшін, оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

(Газеттен)

Көтерілмес
Арыстан да қансырап,
Құласа бір екі аяқтан айрылып.
Мертіккенде,
Ыстық кандар тамшылап,
Басар еді талайларды қайғы нық.
Бірақ оның,
Қыркылмады қадамы:
Қуып жауды,
Қайтты туған жеріне. —
Токтау білмес ол советтің адамы,
Адымдайтын зор өмірдің өріне.
Бесігіндей оған ыстық даласы,
Тербеді оның
Кең кеудесін керілген.
Қырға шықты өжет орыс баласы,
Дүбірлетіп,
Тау тұлғалы темірмен.
Жүрегі отты,
Ойы күстай қанатты,
Жатқызбады,
Ер тұлғасын қозғады.
Ол сүйетін егін басқан алапты,
Ол сүйетін,
Жазықтарын жаздағы.

Айдын шолған
Адмиралдай айбарлы,
Теңіз-қырға қадала бір қарады.
Аяксыз-ақ,
Күткендей бір майданды,
Көріп дәнді, жайнады көз жанары.
Ол тағдырға бағынбады қарысып,
Ертті оны еңбек, бақыт үндері.
Аяксыз-ақ,
Жүйріктермен жарысып,
Дән қырында комбайнмен гуледі.
Оның ылғый қуанышы — көлбеген
Қалың егін,
Батыр еңбек қарқыны.
Бақытты ол —
Кемтарлыққа көнбеген,
Бакыты үшін,
Қуаты үшін халқынын!
Қорғаса ол
Азаттығын елінің,
Қалса аяғы,
Жүгіргенде ту ұстап.—
Құрыш қолы,—
Енді ішінде егіннің
Көтерілді, толқын дәнді уыстап.
Арыстан да құласа бір мертігіп,
Тұрмас мұндай
Көтеріп зор тұлғаны.
Нағыз ердің даңқы қырда шертіліп,
Машиналы адымдары зулады.
Жүрісінен ырыс елге құйылып,
Ер Нектовтың аршындады қадамы.
Білсін әлем өр даңқына сүйініп,
Кереметті біздің совет адамы!

1953

КОМСОМОЛ КӨКТЕМІ

Келді міне,
қырларыма ағылған
Поездарға жаңа толқын күй еріп,
Біздің дала сілкінді сол дабылдан
Қырға жаңа өмір келді тиеліп.

Соны қырдың қырқалары жұталаң,
Кеткен де жоқ өңірінен қар әлі,
Жас өреңдер

жан баспаған жотадан
Көктемді алып, күлімдетіп барады.

Кең жайлауды жатқандай бір жасырып.
Осы дүзге құлшыныпты сол ұрпак,—
Кім ойлаған —

Бақытты жас асығып,
Алыс қырға ағылар деп —
соңырқап?!

Жас кеудеге таң нұрындай құйылды,
Партияның кереметті зор үні.
Жаңартуға жалаң жатқан қыйырды,
Басталды бұл жас жігердің жорығы.

Өңшең өндірі.

Қалды алыста туғаны,
Нұрлы қала,
өскен қызық мекені.

Бірақ жастың дос өмірі, думаны
Бұл даланы әсем қызық етеді.

Көздері бір қуаныштың жұлдызы
Жүрегінен достық лебі еседі.

ЕРУЛІК

Түлегендей бүгін жаңа тұл адыр,
Үстіндегі тіршіліктің тың бәрі.
Жас өмірден кұйылғандай тыңға нұр,
Далам жаңа жастық жырын тыңдады.

Қалалы көш келіп қонды қырыма,
Масайрады май айында сар өңір,
Ел қонбаған иен жазық қыйырға,
Өздерімен келді бірге бар өмір!

Платформа үстерінен гуледі
Машиналар

Күйге басты баяны.

Қастарында артып жүрген үйлері —
Көшкен қала, көшпелі емес баяғы.

Орнап қала,

ақ шатырлар тігілді,

Бұл қауымның айналаға таң ісі.

Аулыма алып келді тың үнді,

Жүз мың жастың жаңғырыққан дауысы.

Естіп соны, Ерейменнен жүгірді

Біздің Малқар аржағына Есілдің.

Мен де шықтым айтып жаңа жырымды,

Жырмен қақтым тың қоныстың есігін.

Әжем келді күлімсіреп тау жақтан

Күшактауға қырдың жаңа ұл-қызын.

Ұрпағына, —

жазықтарын жайнатқан,

Сыйлап жатыр сар майы мен уызын.

Келіп еді ол қуанышпен ауылдан,
Есінде бұл құба жондар:

күйеуі

Ертеде кеп сонау Ұлы — тауынан,
Астық іздеп,

жортқан мініп түйені.

Қара жондар жатушы еді түксиіп,
Аңның ғана аузы тиіп түгіне.

Қайран қырда ол кезде жоқ түк сыйық,
Ата-баба өткен екен түңіле.

Көрді әжем:

Жаңа қоныс,

соны қыр,

Даласына жатыр жаңа күй беріп,
«Жастарым — гүл,

аузында сұлу жыр,

Жапанды да идіреді игеріп!»

Далама құт—әрбір дәні егілген,

Бұл жемістер халқымызға, өмірлік.

Соны қырдың ерлеріне елімнен,

Ана уызы,

жүрек лебі — ерулік!

1954

— Күдіретін электрдің білемін,
Станогым козғалады тогымен,
Көрдің бе сен машиналар бөлегін,—
Эмтәске талай бөлшек соғып ем.

Қадірлі ғой біздің завод маркасы!
Сан кыйырда оның бөлшек түлегі,
Шырағым-ау, өзің ойлап байқашы,
Колхоздардың біздің завод тірегі.

Қынжыламын, тек қадірлей білмейді,
Сақталады бөлшектердің өте азы,
Тез бүлдіріп, бөлшектерді мінейді,
Үдеп кетті Сельхозснаб заказы.

Сен білдің бе, қандай екен маманы,
Жүрген сол көп машиналар басында?
Шіркін, болса ол механик бағалы,
Шыдар еді бөлшектерім ғасырға!

Сақтар едік бөлшектермен көп күшті,
Әр колхозға СЭС-ті жылдам орнатса,
Комбайнды, тракторды, сепкішті
Адамсыз-ақ, электрмен зырлатса,

Мактан, шырақ, сонда ғана! — дейді де,
Түксиеді қарттың қалың қабағы.
Солай сөйлеп, сыр айтысып, кей күнде,
Екі көршім айтысып та қалады...

Маған қызық екеуінің таласы,
Қыялдары мені де ертіп кетеді.
Ойларында колхоздың кең даласы,
Қалада бұл, болса дағы мекені.

1951

— Айттым бәрін, болмады.
(Осындайда жалтаруға ептіміз).
Махаббаттың ашық бізде жолдары.—
Ойлап соны, кең көшемен кетті қыз.

Білмей қалды — министрлік алдында,
Қымсынды қыз... қалды абыржып жөтеліп.
Махаббаты канат қағып жанында,
Қызды әкелді кабинетке көтеріп.

Москал ағай маңызданып қарады:
— Ал, айтыңыз.

Тағы студент дауы да?
— Қаламайды көңлім бұл қаланы,
Бармақшымыз екеуіміз бір ауылға.

— Қай ауылға?

Кімдер едің екеуің?
Қыз ұялды, қызғалдақтай қызарып...
Келді жігіт:

— Мен де арыз етемін,
Айрылмайтын достар едік біз анық.

Жіберіңіз екеуімізді сол жаққа...
Москал ағай қасын қағып тыңдады.
— Онда ваканция жоқ.
Барыңыздар аулаққа —
Совхозға бір сонау соны қырдағы.
Әрең ғана, шыдап тұрған екен қыз:
— Мейлі жердің ең шетіне барсақ та.
Тек Отанның жері болса, екеуіміз
Бірге жүрсек —

бақыттымыз әр шақта!
Путевка да екеуіне берілді.
Бұлар шат.
Студентше сүйген жақсы өмірді,
Алда қызық — рахат, еңбек, болашақ!

1954

КЕЗДЕСУ

Кездесті бұл екеуі
Түн ішінде құмда бір.
Бұрылып қалай өтеді? —
Қалың оба, сұр дауыл.

— Ей, бұрыл да, тұра тұр,
Мен өтейін, жолды бер.
— Жок, өзін-ақ бұра тұр,
Асығыспын, бол, жібер.

— Бұрыл, уақыт кетірме,
Суыт жүрмін мен тіпті,
Мал жәйлімі шетіне,
Алып келем бұл жүкті.

— Я, мен де солаймын...
Бетпақ шөлдің өрінен,
Жүріп келем талай күн,
Моторлармен, темірмен...

— Таныс маған дауысың,
Айтшы, досым кім едің?
Құмда шофер танысым,
Жок еді ғой, білемін.

— Эмтэске келдім мен,
Шофері едім қаланың,
— Мен де келіп Сибирьден,
Жайлау жолын қаладым...

Майданда сен болып па ең?
— Біз ғой, өткен бұрын кеп —
Гвардия полкпен,
Днепрден дүбірлеп.

— Мен де өткемін, тап сол түн
Қыйсайған тар көпірден,
Днепрге —
қан толқын,
Аржағы жау бекінген.

— Уа, Колечка!
— Бекенім!
Майдан досым, кел бері! —
Құшақтасты екеуі,
Кең көтеріп кеудені.

Қоса шегіп шылымды,
Машинаны суарып,
Достық кеңес құрылды,
Жол сырлары сұралып.

— Онда майдан...
мұнда да
Шоферге әлі жол ауыр.
Жүргізбейді бұл дала,
Бұрқап кей де құм дауыл.

— Жорту қызық жапанда,
Іздеп алыс жайлауды,
Келсем жүйткіп отарға
Қойшы жүзі жайнайды.

Мен де кырға қызығам,
Бұл бір рақат іс мүлде,—
Толкып жатса қызыл дән,
Машинаның үстінде.

— Жолдар жақсы зулаған
Жарып дала қу шөлін.
Қуаныш қой бұл маған...
Партияға мүшемін.

— Ендеше дос, қыймылда,
Уақытты бос кетірме.
Шұғыл, шапшаң бұрыл да...
Бұрылғандай көпірде.

Екеуі де бұрылды,
Өтті жарып өр белді
Тездікпенен бұрынғы,
Құйындата жөнелді...

1952

ЖЕР

Қалың қара толқындай,
Қалкыйды бұлт қасымда.
Үн қосады жел тынбай,
Көктегі ұлан-асырға.

Мен де келем әндетіп,
Бірақ дүлей көкті емес,—
Қыялымды өрлетіп,
Қыядан жер қақты елес.

Пропеллер зіркілдеп,
Жарды көктін бұлттарын,
Көк даусынан күштірек,
Жердің үні — ұққаным.

Жұлдыздан да жап-жақын
Алтын жерім көрінді.
Сүйем отты сезіммен
Жердегі ұлы өмірді!

Көкке шығып айқайлап,
Көтерем жер атағын!
Жер үстінде тұр жайнап,
Советтік зор Отаным!

Мейлің аспан түбіне,
Темір топшы тарт, самға —
Туған жерді таныймын,
Юпитерде тұрсам да!

МЕНІҢ МОМЫН ЖЕҢЕШЕМ

Қырдан көрдік көп егін...
Көзбен шолып келемін
Көк теңіздей көлбеген
Көз жеткісіз көлемін.
Егін басы толы адам,
Егін толқын — тулаған.
Мотор гуі, қыз шуы,
Толқып келіп тұр маған.
Көрдім алып кемені,
Қырқа жарып келеді.
Қауыз ұшып қардайын,
Дүрілдеген комбайн,
Рулін тура бұраған,
Үстінде тұр бір адам.
Ұстап көріп бидайды,
Мотор күйін тыңдайды.
Машинаша бұралған
Қолы шапшаң ыңғайлы.
Бұл айбынды кім десем?
Менің момын жеңешем.
Эмтэсте қыруар іс...
Партиялық жыйналыс.
— Қайда сертің кешегі?
— Қайда мотор бөлшегі?
Бізден алған астықты?
Қамбада кім өлшеді?
Қамбада жоқ электр,
Тәртіп қайда, директор? —
Деп жалындап бір адам
Директорды сынаған.
Өткір тілді бұл шешен,

Қайдан келді, кім десем? —
Менің момын жеңешем.

Өтсем жасыл жылғадан,
Мал соңында жүр ағам.
Шерттім осы жырымды,
Жеңешемді жырлаған:
— Бұрын тіпті бұйығы,
Көрмеген көп жыйынды,
Мотор түгіл арбаны
Жүргізу боп арманы,
Сізге батпай жасқанып,
Жүрген момын жеңешем,
Қандай ғажап! Басқарып,
Комбайнды жүр — десем, —
Қойды баққан ойлы аға
Жымыяды жай ғана.

Мейлің, аға, не десең —
Озды сенен жеңешем!

1953

БАҚТАШЫ ДОСТАРЫ

Шығандап қарды,
жамылып сағым,
Бақташы жүрді,
қаптатып малын.
Алдынан жалын
аптайды желмен,
Қайырып малын,
асады белден,
Шолады кейде,
қолбасы сынды.
Жапанды бейне
тұйық жау сырлы.
Кейде асау құмы
құйындап, тулап,
Түтіліп түгі,
көмілер бұлақ.
Шөліккеп малы,
бата ма құмға? —
Кім ашып жаны —
келеді мұнда?
Сұр жапан дүлей,
жалыны — түтек.
Салады үрей,
дауылы түтеп.
Түлегі қырдың
далада дара,
— Мал бағып жүрмін,
— дейді — мен ғана.
Малымен көшіп,
асты бір белден,
Сар құмды кешіп,
анау кім келген?

Қалпағы шаң-шаң,
жас жігіт нұрлы,
Адымдап шапшан,
қырқада жүрді.
Ұстап көріп
қоламта құмын,
Алып жүр теріп
даланын түгін.
Көрді де жігіт
бақташы шалды,
Жүгірді күліп,
көтеріп шаңды.
Малшы ата, сәлем!
Аман ба малың?
Білуге келем
малшымның халін.
Малшының жері —
бұл жапан дүзге,
Москва мені
жіберді сізге.
Зерттейміз сырын,
түлейді бұл жер,
Қуамыз құмын,
қонады гүлдер.
Малыңыз сонда...
— Ол рас, достым.
Лйталық соңыра,
ішінде қостың...
Естілді дүбір,
тағы бір жақтан,
— Тақырды кім бұл,
бұрғылап жатқан?
Қозғалып қоймен
түспалап түгін.
Терең бір оймен
толғанған бұл кім?
— Мені де мұнда,
жұмсады ғылым...
Өзіндей қырда
малшымын бүгін...
Қостары — дала,
аясы — кең кеш,

ҚАРАҚҰМ

Қара сұр қалың мұздай қуқыл жазық,
Үстінде аласапран құм құлазып,
Жөңкіген жойқын тобыр секілденіп,
Тас бұрқан сұрапылын қырға жазып.

Дауылы жоталарды жүндей түтіп,
Қаңғыған құладүзде құм құтырып,
Жандырған селдір-селеу дала түгін,
Жалақтап қызыл жалын жел жұтынып,

Жәндік те, жануар да, шошып аң да,
Тыным ап тұра алмаған осы маңда.
Асыр сап алапат құм жөнелгенде,
Бәрі де олжа болған тас боранға.

Бұл жерде бота боздап, аң азынап,
Ұйтқытып құм құйынды жел аңызак,
Баяғы баяу бұлдыр заманадай,
Қара құм қарауытып жатқан ұзақ.

Нәлетін айтып ылғый аң да, адам да.
Жоламай кеткен бәрі сұр жапанға,
Ғасырлар керуені күңіреніп,
Басыпты Қарақұмға қарғыс таңба.

Өріне сол жапанның барып тұрмын:
Қозғалды құмда жаңа тарих бүгін:
Қалың жұрт Қарақұмда шабуылда,
Жүр екен, жоталардың жарып құмын.

Көрдім мен — самолеттер ұшты самғап,
Тілімдеп Қарақұмның көгін шаңдақ.

Жалын бет жауынгердей жорықтағы
Кезіп жүр инженерлер, құмды шарлап.

Адырлы құмның заңғар асулары,
Әлі де құлан ойнақ асыр маны.
Теңізді тітіренткен крейсердей,
Барады гулетіп жұрт машинаны.

Бұрғысы сүңгіп терең бұрғышының,
Толғанын топырақтың түрлі сырын.
Алқымдап жатыр экскаваторлар
Басуға айқай-сүрен құмның шуын...

1952

АСЫҒЫС АДАМ

Жүрді бір топ далада,
Қалың белді омбылап,
Тас бұрқасын айнала,
Көтерілген құм тулап.

Өрлеу керек бірақ та —
Алда зерттеу, бұрғылау,
Алда талай алқапта
Қазылмақшы шыңырау.

Келеді өрлеп құм жарып,
Жүздерін от жел аптап,
Сәл ғана істі доғарып,
Түнде ғана қонақтап.

Ұзақ, ауыр жол қыйын,
Бөгелісті құм көшкін,
Ойқастайды жел-құйың.
Бүркеп жолын белестін.

Түтеп тас пен топырақ,
Болса дауыл тынбаған —
Бөгелсе топ азырақ.
Асығады бір адам:

Көнбеу керек дауылға,
Өрлеу керек асығыс,
Алда шұғыл тағы да
Талай-талай жатыр іс!

Өткір көзі сенімді,
Жанып құмға қарайды.

Кәрі бір шандоз секілді,
Құмда жортқан талайғы

Тұрса көзді тас ұрып,
Тауып бұрын жотаны,—
Қазып құмын асығып,
Бұрғы салып жатады.

Тұрса да күн жалындап,
Соқса дағы сұр боран,
Бурыл шашы жалбырап,
Тартады алға сол адам.

Өйткені алда көп әлі іс,
Бөгелмейді боранға!
Асығады, ол — коммунист.
Көп міндеті бар алда!

1953

АҚСАҚ ӘЛІМ

Ақсай басып келген бетте майданнан,
Қаракұмға карап Әлім ойланған:—
— Әттең, жалғыз болып калды аяғым,
Шалқытар ем суды саған сайлардан!

Сен ойлама, мені Әлім деп бұрынғы,
Ақсақ менің аяғым да дүбірлі.
Дон бойында қуғанымдай дұшпанды,
Ол сау болса,— оятар ем құмынды...

Айтып соны кетіп еді сол құмнан,
Онда тек жел ызыңдаған соңынан.
Онда елсіз жапан ғана бұл өңір,
Су аңсаған бұлдыраған сағымнан.

Сол жапанда ойға батқан онаша,
Енді міне таңғажайып, тамаша!
Қала қонды құлазыған құмына,—
Соған Әлім қуанады қараса.

Құмға біткен зәулім жаңа қаланы,
Қат-қат үйдің төбесінен қарады —
Алып завод, сәнді сарай заңғардай.
Көзді тартып, қызықтырып барады.

Көшелерде темірден от жаркылдап,
Соғылысқан сом балғалар шаңкылдап,
Қара-құрық қалың еңбек жан-жағы,
Қопарылып аспанға ұшқан шаң тулап.

Қарап соны балташыға бұрылды:
— Сен, ойлама, мені Әлім деп бұрынғы,

Дон бойында дүбірлесе аяғым,
Қолым енді қопарып жүр құмыңды.

— Білер енді, бұл Әлімді Қаракұм,
Шеберімін шөлге біткен қаланың,
Бұл қолыммен талай қышты құйып мен,
Талай үйдің қабырғасын қаладым.

Әрбір үйдің білем ірге тастарын,
Әрбір үйге өз белгімді тастадым,
Бақыт маған — қолмен салған қаламның,
Көшелерін мына аяқпен басқаным.

Ойла, достым, қызыкпауға бола ма?
Өзен ағып келгенде ертең қала ма —
Тұрмаймын ба Дондағыдай даңқпен,
Жеңіс тауып жаңа жарқын жағада?..

Айтып соны тағы да тас қалады,
Әлім қайта қаласына қарады:
Алып завод, сәнді сарай үйлері
Көзді тартып, қызықтырып барады.

1953

ЖАРЫЛУ

Алып таудай жарылған
Аулақта жер тітіреп,
Айлы түнде адырдан
Шықты гүрсіл күркіреп.

Қопарылып Қараадыр,
Көкке шықты құм тулап.
Діріл қағып дала тұр,
Шатырлаған күй тыңдап.

Ақсақ Әлім сыналғап,
Жатыр еді дуалды.
Сескене қап:

— Снаряд!

Деді де, тез қуанды.

— Қандай қызық! Өр құмда,
Белдер жатыр бұзылып,
Шалқыйды кеп орнында,
Құм қопарса взрыв.

1953

БОРАНДА

Бүркеп түгел құм жосыған кырканы,
Аппақ нөсер бұлан-талап бұрқады,
Қалың аңдай қарлы құйын ойнақтап,
Жапан дүзде дүлей даусын шырқады.

Бүлік боран!

Бүрліктірген жер көкті,

Бұғып дария, үстін басып сең кетті.

Төтеп бермей аң да, мал да ығысты...

Соқты боран,

ақ топанды селдетті. / -

Мейлің соқ, қармен қоса тас құйын!

Біз боранға көргеміз жоқ басты иіп,—

Экскаваторын ер жұмысшы көтерді,

Құба жонда боранға қасқыйып,

Ол опырып құм жоталы асуды,

Тас құйынды бораннан да асырды,

Алып ауыз құмды алқымға алғанда,

Бұқты боран,

аяғына бас ұрды...

1953

КАРИЯ МЕН ДАРИЯ

Алтын сақал омырауын алқалап,
Қария тұр қабағынан ой тарап.
Күркірейді орғып долы дария,
Аласапран толқындарын арқалап.

Шал сөйледі күліп қана мұртынан:
«Уа бүлікшіл жарға сыймай бұлқынған,
Білмейсің-ау...
Батыр колдар түйіліп,
Келе жатыр төніп сенің сыртыңнан».

Саған шоқ-шоқ!
Неге есіріп тасыдың?—
Батты маған сенің кесір-асырың.
Әлек салдың талай апат нөсермен,
Мені тіпті жан демедің, басындың.

«Ту-телегей толқыныңды тулатып,
Талай кеттің қырларыма күм атып
Талай менің лашығымды әкеттің,
Талай бұздың қорғанымды қыйратып».

«Ал далада, шөлдегенде көрмедің.
Үркіп менен өз бетінше өрледің.
Уа дариға, бұл асауға бір тұсау —
Болар ма деп, баяғыдан шерлі едім».

«Енді өрмін, тұрмын тіпті қуанып,
Тентек шіркін, биле алдымда бұралып!
Құрыш қолын өрендерім сермеді,—
Қыл мойныңа түседі енді бұғалық...»

АДАСҚАН ӨЗЕННЕН ӘҢГІМЕ

(Үзінді)

Көп ойлап тағдырынды келем Әму
Сол ойын түбіңнен де терең Әму.

Берді Кербабаев.

Сағына кеп қарасам,
Сел атасың бұрканып,
Асау күшпен орасан,
Қайда каштың бұлтарып?
Білем, басың қалың мұз
Бұлт бүркеген Памирдан!
Шайқап сені алып құз,
Толқыныңды тау ұрған.
Сені ақтарып асқардан,
Құйды құмға долы күш,
Бола қалдың тас-талқан..

Таудан тауып соғылыс,
Жерді жарып жөнелдің.
Селің орғып аулаққа,
Таппай жердің тереңін,
Жаутаңдадың жан-жаққа.
Сонда саған қойнын
Сұлу Каспий кең ашқан.¹
Аптығып сел құйынын,
Толқынымен жымдасқан...

Кенет бір кез кесірмен.
Құмды қуып күркіреп.

¹ Әму-Дария ерте заманда Каспийге құйса керек.

Жайқалады Хорезм¹.
Сені құмнан айырып,
Біз бөлейміз бетонға,
Қырға суың жайылып,
Нұр себеді Отанға...
Өзен түгіл, бұрдық біз
Ғасырларды адасқан,
Екпініміз мұхиттай,
Мәңгілікпен ұласқан...

1953

¹ Х о р е з м — Өзбекстандағы облыс аты.

ТАШАУЫЗ

Шөл дала...

Талай құм белді
Зулап тағы асамыз.
Құмды жарып үн берді,
Алдымыздан Ташауыз.

Шықты халқы нұрлана,
Күткендей бір той бізді.
Көрді бүгін бұл қала,
Ең бірінші поезды.

Шалкылы шу поезбен
Ташауыздың құмында.
Бірінші рет өзіммен
Келді бірге жырым да.

Қала әбігер, жыр түгіл,
Көрген де жок өзімді,
Келелі сөз көлкіп бір,
Кең көшеге созылды.

— Көп күтіп ек құмартып
Жатып құмды аралда,
Поезд келді жүк артып,
Біздің жаңа каналға...

— Әке, әзір бол енді,
Құмлағы бұл майланға.
— Ертен канал келеді,
Сү шалқыйды сайларға.

— Қанша атық, қанша яб¹
Қазылмақшы ауданда? —
Көзбен көріп кел қарап,
Бар агроном, ойланба!

Мына жоспар дұрыс па,
Жолдас бастық не дейсің?
— Сай боп жаңа құрлысқа, —
Мақта өрісі кеңейсін!

— Қат-қат үйлер тізілсін,
Жаңа жоспар жасаңыз.
«Ескі шаһар» сырылсын,
Жайнап жаңа Ташауыз.

Қуанышты үндері
Кезді осылай көшені.
Құлағыма гуледі,
Шаттық үннің нөсері.

Шықты даусы поездың
Жаңғырта бір тағы да —
Тартты құрыш жол ұзын
Әму — Дария жарына.

Құм белдерден дүбірлеп,
Зулап тағы асамыз.
Қуанышпен күлімдеп,
Қала берді Ташауыз.

1952

¹ Яб — кіші арық.

Толқын моншақ кұйылып,
Кұлпыртады мені де...»

Айтып соны күлімдеп,
Қарай қалды ағынға.
Ақты дария гүрілдеп,
Төсін керіп дауылға.

Жымың қағып толқынға
Түркменнің тұр қызы:
Жайнағандай алдында
Бақытының жұлдызы...

1952

КӨКТЕМ ФРАГМЕНТТЕРІ

I

Күлімсіреп туды көктем тағы да.
Жауды жанбыр менің Алатауыма.
Қарындасым күле карап көгіне,
Бара жатыр құмға гүлдер егуге.
Білем, шалкып сол бір гүлдер өседі,
Желбірейді қырдың қызыл шешегі.
Қырға шықты Кореяда сондай қыз,
Сол бір қыздың бүгін жырын толғаймыз.
Ол да өзінің қырларына карады,
Карады да күлімдеді қабағы.
Төбесінен атылды да оқ соңғы
Даласында дүрілдеген өрт сөнді.
Өрт ішінде дедек қағып жүр еді,
Лүпілдеді қыздың нәзік жүрегі.
Гүл егем деп қырына қыз жүгірді,
Қыздың гүлі—жырдың гүлі бүгінгі.

II

Жамырасып суы Дон мен Волганың
Теніз күшпен халкым бүгін толғады үн.
Күлім қағып малшы жігіт құмдағы,
Қуанышпен толқын шуын тындады...
Кәрі арап сол күн түйді қабағын,
Октар шырмап Суэц каналын.
Бүгін онда масайрады ағылшын,
Арабыңды сұм ағылшын не қылсын?!
Даласында бүгін ұйтқып тас тұман,

Қарт араптың қас-қабағын басты шаң.
Шығыс елін бүгін қатты зіл ұрып,
Жат сұмдарға тұр түйіліп жұдырық...

III

Бүгін жана үндер есті кең үйден,—
Колхозыма келді қонақ Делиден.
Кеудесінде кек қайнаған тым күшті,
Көрдiк бүгiн кәрі ашулы үндісті.
Айттық сырды, таңғажайып тың бәрі,
Үндіс қонақ құлшына бір тыңдады.
Ән шырқадық, орыс, қазақ қостық үн
Жырладық біз халқымыздың достығын...
Қайғы шекті сол күн неміс — қарт ана,—
Берлинніңде шекара бар ортада.
Айрылғандай өзінің қарт жүрегі,
Сол ананың құп-қу болып тұр өңі.

IV

Бүгін менің көршімде бір ұл туды,
Көзі нұрлы, шашы қара толқынды,—
Қуандық біз, кешке тойға жыйылдық.
Нәрестеге жырлар жетті құйылып...
Кенет эфир тітіренді, күңренді,
Сол күн шеттен шымырлап бір мұң келді.
Қып-қызыл қан сол күн басты Афинды,
Белояннис сұм қолынан атылды.
Айтып нәлет сол бір ердің жауына,
Кең кеудеміз кетті толып жалынға.
Ол өлмейді, білем оның жүрегін —
Жалындатқан Греция түнегін.
Көзі нұрлы, шашы қара толқынды,—
Өлерінде күліп карап ол тұрды.
Мүмкін осы нәрестені ол көріп,
Күлген шығар қара көзін төңкеріп.
Күлген шығар қуанышты сеніммен
Үміт алып, барлық туған сәбиден.
Ұмытпасын осы бала сол ерді,
Болсын бұл да сондай батыл, жігерлі.—

Алсын соның жүрегiнiң сыйпатын,
Белояннис деп атайық бiз атын.
Бүгiн мүмкiн Греция жерiнде
Келген шығар талай сәби өмiрге,
Туған шығар талай бала әлемде —
Талпынуға зор бақытқа, өнерге:
Солардың қас жауларына зiл жайып,
Кектiң даусын бар әлемге шырқайық.
Сол дауыстан жауыз бiткен қалтырап,
Бейбiт күнi жайнай берсiн жарқырап!

1952

НАЗЫМ ХИКМЕТКЕ

Естіп ем ертегіні талай ғажап...
Қапаста қайран бұлбұл қақты қанат.

Келгендей құлағыма бір мұң зарлы —
Аяушы ем, қапастағы бұлбұлдарды.

Қай жауыз, наз бұлбұлды қамап қойған,
Көрінер екен деуші ем енді қайдан?

Түріктің төрелері неткен топас?!
Ән-күйге Түркияны еткен қапас.

Жырымен жалындатқан ел жүрегін,
Түріктен төтеп шыққан бұлбұл едің.

Пашаның курзілерін алып қолға,
Қамады топас төре сені торға.

Мекенің ұзақ жылдар болды зындан,—
Қорықты сұм төрелер отты жырдан.

Бірақ, сен күшті болдың бұлбұлдан да,—
Ұмтылдың тар қапастан бұлқып таңға.

Теңселтіп жолбарыстай темір торды.
Бізалы жүрегіме дауыл толды.

Жарылып қала берді темір шарбак,
Өр даусың дүниені кетті шарлап.

Өлеңге тұтқындалған, ерік бердің,
Қайғысын таратсын деп түркітердің.

Жүрегін төрелердің түйресін деп,
Қанжардай тіл безедің тура сілтеп.

Дауылдай кекті даусың көкті жарып,
Түркия тұманына төкті жарық.

Дауысың шайқап өтіп теңіздерді,
Әлемге жалыны ыстық лебіз берді.

Жұлдыздай жырларынан жайнап өмір.
Алыста әнге басты аңсап негр.

Тыңдадым дауысында сүйіп мен де,
Ақынсын арыстандай биік кеуде.

Үніңе қосыламын, шырқа қатты,
Достықты, тыныштықты, махаббатты.

Түйрей бер жауыздықты, қанқұмарды
Түріктің төбесінен түр тұманды!

1952

ТҮНГІ ЦЕХТА

Ұзақ түн... Цехта әлі шың қағылған,
Тілдесіп тетіктермен сыры алуан.
Гулетіп станокты тұр жұмысшы,
Күй тындап маховиктің ырғағынан.
Зымырап кыйлы құрыш тегершігі,
Темірлер жамырасқан ерен шулы.
Сермеліп шебер колы жұмысшының,
Мелшиген шойындардан үн өршіді.
Тың бір ток серпілткендей сол бір цехты,
Сөйлеткен тың тетікті, сом бөлшекті,
Заводтың кең кеудесі көтеріліп,
Төсінде шындағандай келешекті:
Шыққандай мың мотордан күй ағыла,
Есіп тұр жұмысшының қыялында.
Дабылы партияның цехты қозғап,
Ойларын өрлеткендей қыя-қырға.
Сол қырдың түлемеген тұл дүзінен,
Ағылған машиналар тың қызумен.
Заводтан тракторлар самсап жонға,
Жайқалып іздерінен дән тізілген.
Мактаныш — заводының өр дабысы,
Тындаған цехтың күйін қыр алысы.
Соғылған станокта шар болаттар, —
Отанның құрсанатын қорғанысы.
Кыйырга құрылыстың зіл жүгімен,
Тынымсыз маховиктер зыр жүгірген...
Сол цехтан қозғалғандай өмір көші,
Жайнады жұмысшының жүзі нұрмен.
Айкасты темірлермен білектері,
Түн түгіл, ол ертеңгі озды күннен,
Заводта гулеп жаңа күй өктеді!

абсерватору

ОЗ БӘЙГІДЕН

Ағылып ВУЗ-ға жастар неше лек-лек,
Үміт үндер шалқыйды көше гулеп:

— Мен инженер,

— Мен дәрігер,

— Мен агроном,

Боламын, оймен өрлеп өсемін деп

Күбірлесіп көшеде адымдайды,

Емтихан бар.

Қауіпті — алды бәйгі.

Біреулері —

Жаутандап әлде неге,

Біреулері — асыға жалаңдайды...

Отыр жастар,

жүзінде ойлы толқын,

Ақтарып қат-қат сырын қыйлы томның —

Талдалып Менделеев элементі,

Тексерген заңдарын да Ньютонның.

Ұшқындап кітаптардан үміттері,

Сарылған,

маңдайының шығып тері.

Қуаныш! —

Құшақтарын құзға жайған,

Даланың уыз қызы, жігіттері.

көп кезеді кең көшені,

Саяда кездескенмен кеңеседі:

— Кім екен директоры?

— Емтиханшы?

Тәкен біздің таныссыз емес еді...

— Біздің де бар Баяннан Бәкеңіміз,

— Біздің де бар Шаяннан Шәкеңіміз!

— Мен бөлемін Бәкеңе,

Қуандықпын.

— Мен жиенмін, Жәкеңе,
Шығандықпын.
— Соларға бір сыбырла, әке,— деді,
Әкелері,
Туысқан төтелейді.
Қайдағы Серкеш, Бөкен, Бураларды
Вуздардың есігіне жетелейді.
Табылып туыс, таныс ілгешегі,
Бұрынғы
бүгінгімен тілдеседі.
Қозғалып,
Мәкең-Бәкең,
Тәкең-Төкең,
Ептеуге емтиханды бірлеседі...
Болса да бірен-сараң
Сыр білдіріп,
бұл шылық
арамызда жүр жүгіріп—
Жабысып сімілтірік, шалағаймен
Ғылымға,
қызметке де,
жылжып кіріп.
Жоқ інім,
білім жолы шатқал-өрен —
Аспайсың
оңай ізбен аққанменен.
Жас ұрпақ,
жаңа заман толқынысың,
Шарықта,
Ғылым сырын ақтар терен.
Жарып өт,
Қыйындықтың шұғыл жарын,
Сындарда,
сынақтарда
шынық бәрің.
Білімнің ұстарасын қайрап, безен,
Сылуға ескіліктің шылықтарын!

1955

1 ру аттары.

Шалқыған таза сәріден,
Шаттығымды бүгінгі,—
Білерсің балам, әлі сен,
Өскенде болып білімді.

Ашты саған есігін,
Алдыңнан келешктерін
Оқы, білім — бесігің,
Құтты болсын мектебін!

ГВАРДИЯШЫЛАР

Акмола облысының «Гвардеец» совхозының тракторшыларына жеңіс мерекесі кезінде бұрынғы майдандас достары көп сыйлықпен қонаққа келіп кетті.

(Газеттен)

Кездесті олар көкше белде,
кең үстін
Жапқан жасыл желеңдері егістің.
Гвардия туын көкке көтеріп,
Бейбіт қырда қалықтады жеңіс күн.
Күшақтасты,
Ер жүздері жайнады,
Жалауындай жеңістің сол майдағы.
Алдарынла
Есіл жатты ойнақтап,
Ойларына түсті —
Шпрее майданы.
Естеріңде
Сұрапылы соғыстың,
Үстерінен зымыраған оқ ұшқын,
Гвардия, қанды өзеннен асырды,
Жеңіс тапқан кереметін сол күштің.
Естерінде соңғы майдан от лебі,
Оттан күшті жанды бір-ақ кектері.
Ақсай басып гвардеец ұмтылды,
Қан мен оттан
Туды жеңіс көктемі.
Сол көктеммен жаралы қол жазылды...
Керілді де Отанның кең жазығы
Миллион қол қырга шықты сыбанып,

Гуілдеді машиналар қаз үнді.
Белестерге,
Мәңгі қоңыр қапталды
Гвардия ерлері де аттанды.
Полк енді бейбіт-белде, совхозда
«Гвардеец» деген бірақ ат қалды.
Дивизия әлі шепте, —
шеткері,

Көктесін деп —
Жеңістің сол көктемі.

Сақталсын деп —
Суық қолдан сырттағы,
Еліміздің ең жазыққа еккені.

Достарымның естіп қырдан дүбірін,
Жауынгерлер аңсап келіп тұр бүгін.
Сүйіседі, қағысады арқадан,
Айқастан соң тапқандай-ақ бір-бірін.
Гвардия елдерінен ту алып,
Тракторшы Вася тұрды қуанып.
Жас офицер Байжановтың жүзі шат,
Көзін қырдың нұрларымен суарып.
Деді офицер:

— Сонау шетте тұрсақ та,
Сендерменен дивизия бір сапта
Жүр, —
Көтеріп бейбіт көктем туларын,
Жеңіс гүлін желбіретіп құшақта.
Тракторшы қарап ерке Есілге,
Сонау өзен түсті қайта есіне.
— Шпрее шайқастарын ұмытпан,
Гвардия белгісі бар төсінде...
Бейбіт қырда, қуанышта кеңесте,
Түсті осылай өткен сырдың бәрі еске,
Бірақ дала, тыңның күйін тыңдатты.
Дүбірледі тракторлар белесте.
Қуанды олар,

белестерге қарады,
Жайқалады дәнді толқын алабы.
Танкист қолы тракторды гулетіп,
Кестелеген енді бейбіт даланы...

1955

БАЛЛАДАЛАР
М Е Н
ПОЭМАЛАР

ОРМАН ҚЫЗЫ

(Поэмадан үзінді)

Екінші бөлімнен

Қозғалып қуаныштың ән күйіні
Жалындап жүрегіме саз күйылды.
Шақырып ормандағы ойларымды,
Аңсадым сәулем сенің наз күйінді.
Қобыздың ырғағымен, қоңыр үнмен,
Орманда шалмен бірге ой жүгірген.
Оралды қайта міне таңғы желмен,
Қуаныш жыры тамар енді тілден.
Толқындап ой жүректен симфония,
Шарықтап шаттық үнмен кетсе қыя.
Бөленіп жас сұлуым келген шақта,
Махаббат өлеңдерін тартам сыйға.
Кім сүймес сұлу үнді тәтті күйді?
Күй шыкса жүрек үні, тамылжыйды.
Күй тербеп ән әлдилеп, өскен жанбыз.
Естісем елегізіп ой шалқыйды...
Ғажайып сыйпатымен көз тұндырған,
Ішінде ән менен күй қызық думан,
Алтын бас Алтай таудың аясында,
Біз өскен алма қала мынау тұрған.
Қырмызы гүлдер өскен тау жан-жағы
Желпінген орманның көк жапырағы.
Гүліндей Алтай таудың күнді сүйіп,
Масайрап өскен елдің жас ұрпағы.
Мың алғыс мынау шаттық күнімізге,
Алшандап аясында өстік біз де,
Енсеңіз бұл қаланың құшағына,
Айтарсыз алғыстарды өзіңіз де.
Үн қосқан бұлбұлымен, мәуелі ағаш,

Акқан күйі, ән шырқаған сұлулар жас.
Қанатты сезімдерін билеп шабыт,
Алматы акындарға болған Парнас.
Бұл таудан ағытылған жыр бұлағы,
Бұл жерге ұялған бұлбұл дағы.
Жанынан махаббатшыл үн шығарған,
Сұлудың келсе мұнда болар бағы.
Албырар акша беті ақ алмадай,
Көзінде қуанышты күлкі шырай.
Жымыйып қарлығашым қолын берді,
Айт сәулем, Алматыға келдің қалай?
Сабыр ет, сырластарым, сәлдеу ғана,
Шегінем кейінгі өткен оқыйғаға.
Керек қой сырды ашу, жұмбақтамай,
Буалдыр желді сөздер бермес баға.
Ол түні таң атқанда, сөнгенде ай,
Шығыстан шашыраған алтын арай.
Оянып ұйқылы орман таң желімен,
Сызылтып ән шырқаған жас сұлудай,
Күн күліп, күміс шашып атқанда таң,
Алыстан ажыратылған алты бақан,
Ол жерде түнде ойнаған жас ұрпақтар,
Өтетін күнде осындай сауық-сайран.
Қарлығаш сол күн түнде, шықты өкпелеп,
Күпия арманымен соғып жүрек,
(Білерсіз ол жәйтті өзіңіз де,
Әшейін ескерту қып айтамын тек),
Шал қалды, қыз ызамен үйден шықты.
(Кім білсін түнгі орманнан нені күтті)
Еріксіз ойға батып жүрген еді,
Алдынан думан құрған топқа ілікті.
Қыз келіншек, жігіттер — ойнаған жас,
Үн шыққан қуанышты күлкі аралас,
Сықырлап алтыбақан әнді ырғап,
Жаңғырыққан шуларына таудағы тас.
Бәрінің жүрегінде шаттық шырай,
Жүздері алтын айдың жаркылындай.
Осындай қызғылықты көрініске,
Сүйсінбей жас сұлуым тұрсың қалай?
Келді қыз тұрды үндемей шеткі жақта,
Мәз-мәйрам күлкі, қалжың жұрт рақатта,
Көргенде бұны тағы көңіл шалқып,
Қояндай кетті кезіп ойы аулаққа.

Кенеттен қалды түртіп оны біреу;
«Немене, не ойнамау, не үндемеу?
Жігіт пе ойлағаның? Әлі жассың,
Тәйірі, ретсіз, тегі қарап жүдеу».
Жеңге сен, білмей жатып тақпа мінді,
Әжуэлап қыял басқан үмітімді.
«Расында қыял да емес, тек әншейін,
Әйтеуір, айта көрме жігітінді.
— Қой бикеш, анда-санда ойнау керек.
Жастықтың қызықтарын жоймау керек.
Құмарсың қай жігітке, айтшы маған,
Ондайға біз табатын айла бөлек?
Осылай сумандады бұл келіншек,
Сырларын ондай жанның біз білуші ек.
Махббат жорығына елші болып,
Жымыйып әккілікпен жүгіруші ед.
Шертіп ол бастан кешкен айлаларын
Қыздарға сыйқырлы сөз айтатұғын.
Қамқорсып екі арада жүрген болып,
Өзі де базарлы боп қайтатұғын.
Осындай болушы ед бұрын елде,
Көрінер жат боп бәлкім, бұл сендерге.
Басқаға жаман атты бола алмаймын,
Сол мінез бар сыяқты осы әйелде...
Қарлығаш сұрау салды келіншекке:
«Бұл не той? Мереке ме? Әлде тек пе?
Күн сайын бітуші еді бұдан ерте,
Анау кім күлімсіреп тұрған шетте?
Келіншек айтты: «Әнеки, білмедің сен,
Шықпайсың ұзақ күнде оңаша үйден,
Ермегің өлең айту, күйді шерту,
Туғандай әкең байқұс ән мен күйден».
Ол жігіт біздің жиен, ана жыл қыс
Кетіп ед әскер болып Қыйыр шығыс.
Жетіліп білім апты, жетім еді,
Болыпты енді міне ер, батыр ұшқыш.
Тәңертең жүреді ол ел шетіне,
Келіпті амандаса өз еліне.
Жастардың осындағы бұл құрметі,
Ұшқыштың мұнда әдейі келгеніне.
Бұл кезде жатты жастар ән шырқасып,
Отырды кейі оңаша сыбырласып,
Биікте бастар ойнап дөңгеленіп,

Астында кол-аяктар араласып.
Тұрғанын шеткі жақта қыздың біліп,
Гүл шырай жүзіменен келді күліп,
«Үндемей неге тұрсың жас қарындас?»
Деп қана күлімдеді пилот жігіт.
Деді іле келіншек:

— Қыз көңілсіз.

— Қойшы, неге? Айтыңыз, не ойлап жүрсіз?

— Жоқ әшейін қалжындайды, әйтседе...

— Айтыңыз, сол ойыныңыз болса зілсіз.

Қымсынып сонда үндемей тұрды сұлу,

Қыйын-ау, жан сырына жасырыну.

Қадалып оқты көздер жан жағынан,

Қыз сырын естиміз деп көтерді шу.

Көп болды бұл сырынды бүркегенің,

Шыдамас енді бұған дәтім менің,

Айтайын қыялдарын жас жүректің,

Қымсынбай жас сұлуым алсын демін.

Қыз айтты: тудым өстім осы орманда,

Табиғат сұлулығын құйды жанға,

Күй тербеп, жүрегімді ән әлдилеп,

Сайраған бұлбұл құстар мен туғанда.

Қобызшы болушы еді әкем менің,

Естідім күйдің талай күңренгенін.

Орманда әнші құстың жырын тыңдап

Кей кезде әлде неге жүгіргенмін.

Таңырқап қарайтынмын жас гүлдерге,

Сұлу ғой олар дағы өскен жерде,

Құлпырған қызыл шешек аузын ашып,

Дегендей тәтті әндер бар ма сенде?

Ішінде бақша-баудың шырқадым ән,

Тыңдады дауысымды тау мен орман.

Жасыл бас қарағайлар басын шалқып,

Тұрғандай көрінеді ылғый маған.

Әкем де кешке таман тартады күй,

Күңіреніп, қоңыр үндер тарап ылғый.

Әуелде қайғы менен туған жан ғой,

Көшеді күйі баяу, қона жылжый,

Көрінді кей ән баяу, кей ән қоңыр,

Бар шығар бәрінің де қайғысы бір.

Естідім мың түрлі үнді, рас, бәрі

Күн сайын жүрегіме тасыды сыр.

Аңсады жан құмары әлде нені?

Әйтеуір, жүрек тулап ізденеді.
Қолыма домыра алып, күйлер шерттім,
Дауысы түнгі желдей безілдеді.
Жүрсем де үнді қуып неше жылдай,
Әндерді шырқасам да жас бұлбұлдай,
Болмады жүрегімнің іздегені,
Біліңіз, ғашықтықты сіздер, мұндай?
Әкемде қоңыр үнмен күмбірлеген,
Күнәлі қыздың сырын білдім деген.
Әлдилеп көне күймен көгендемек, —
Кеттім мен, сыр біле алмай қалды менен.
Мейлі жұрт күле берсін арманыма,
Өзгеше ән аңсаған ойларыма.
Іздеймін тәтті күйді, шаттық әнді,
Іздейтін қуанышым сол жаныма.
Бұл сырын жас сұлудың естіген топ,
Қалды ойға, біреуі де үндеген жоқ.
Бір кезде күлімсіреп әңгіме айтты,
Қыз сөзін қошеметтеп тұрған пилот.
Ол айтты:

тәтті үндерді естіп едім,
Сайраңдап жүргенімде Отан жерін;
Күркіреп таудан түскен бұлақтардай,
Сарқырап жатқан тасып күйдің селін.
Ол айтты: ән мен жырын қуаныштың,
Үніндей құйқылжыған бұлбұл құстың,
Сөз қылды музыканы, струнды,
Тербеткен толқындарын құйылыстың.
Сөз болды жас сұлулар шырқаған хор,
Қаланың сарайында жыйында зор,
Сөз болды қыялынан ләззат төккен,
Ақыны ән мен күйдің композитор.
Жұбантты ән ғашығын, жас сұлуды,
Оқы деп музыкалық сырлы оқуды.
Соны айтып пилот жігіт жүріп кетті,
Жүруге сәуле шашып күн де туды.
Жыйналған құрмет етіп түнде соны,
Сырласты сол ауылдың комсомолы.
Қалаға Қарлығашты аттандырды,
Болсын деп әншіл қыздың енді жолы...
Қарлығаш енді міне алдарында,
Оралып келдік оның орманына.
Біз дағы жастық әнмен сыр қосайық,

Сүйікті жүректердің арманына.
Қалада қызыл сарай тұрды үй бір,
Ішінен өнерменен шалқып күй, жыр.
Осында жүрді біздің Қарлығаш та,
Бұл сарай тартпақ қызға әннен сый гүл.
Мәз болып өскен мұнда жас еркектер,
Қаз мойын оркестрден күйлер нелер
Тартылып, ән шырқаған сұлулар бар.
(Жігіттер мұндай жерге үйір келер)
Жайқалған ормандағы гүлдердей жас,
Онда бір бұлаңдаған сан қарындас.
Өкпелер біздерді де айтпады деп,
Мейлі, Қарлығашпен болдым сырлас.
Сөз кылма мені сырттан сұлуларым,
Жырлаймын музыканың сұлу жарын.
Ойымды орман кезген күй жетектеп,
Сырластым қызыменен музыканың.
Бұлбұлдай канат қағып өскен гүлде,
Құлпырып Қарлығашым өсті міне.
Жайдары музыканың шыққан сазы,
Жалындап тиді жылы жүрегіне.
Оқуы ойға білім, жанға сауық,
Желпінтті жас жүрегін күйлер жауып,
Тіл беріп струна күй тудырып,
Сызылтып ән салады ауық-ауық.
Қолына кейде алып күй кітабын,
Қарайтын ғасырлардың ноталарын.
Солардың ырғағына үнін қосып,
Жаттады жүрегіне тоқып бәрін.
Тербетіп әнге жаңа, күйге жаңа,
(Өзі де ән шығарды кейде жаңа,)
Осылай жас бұлбұлдай орман қызы,
Көркейіп келді міне жыйырмаға.
Шашырап төңірегіне көз сәулесі,
Алмадай көтерілген қыз кеудесі
Сүйкімді денесімен қозғалғанда,
Жігітті қызықтырған көлеңкесі.
Жұқа ерін, кішкене ауыз, иілген қас,
Бүркеген ақ арқасын толқынды шаш.
Көз тартып дөңгеленген нәзік белі,
Бейне бір гүлі толқып тұрған ағаш.
Аузынан шыққан үндер алтын, күміс,
Күй шықса әлде неге құбылып жүз?

Жіңішке саусақтары шекпен ойнап,
Шырқайды тәтті үнді құлпырып қыз.
Ән қосып сыры терең музыкаға,
Қарлығаш кейде шыққан сахнаға,
Серпілтіп махаббатшыл жүректерді,
Қыз жаны шомылады лирикаға.
Тербетіп ырғағы мен ұшқыр үннің
Шертті қыз жүректердің струнын.
Кей кезде ойға батып әнмен такты
Арманда өткендердің күшті мұңын.
Шерткенде күй сандығын төгілді күй,
Киіктей кейде қарғып шалқып ырғый.
Ағызды күйлерін ол ғасырлардың,
Тартылды: Моцарт, Шуберт, Чайковский.
Аузынан шықты ойнақтап дала сазы,
Айтылды Ақан, тартылды Құрманғазы.
Осылай музыкамен сәулет құрап,
Сұлуым естігенді етті разы.
Құйындап күймен бірге аты кетті,
Өзі өскен орманды да басып өтті.
Көргенде құмарлы жан күлім қағып,
Естіген елжіретті жас жүректі.
Әншіл жұрт алғыс айтып қызға күнде!
Маужырап махаббатшыл үндеріне,
Жүгірді жігіттерде ізін аңдып,
Қолға ұстап қошеметті гүлдерін де.
Есіне алды сұлу жастық кезін,
Арбаған ой-қыялын ыстық сезім,
Ішінде ну орманның үн сыңсытып,
Іздеген онда қызым ән кербезін.
Енді не? Не істеді жастық қыял,
Ән бар ғой қыз жанына шаттық құяр.
Әлде ол махаббаттың әлегі ме,
Әйтеуір, сұлуымда бар идеал.
Тағы да орман қызы ойға батты,
Жүректің нәзік қылын қыймылдатты.
Жүгіртіп ноталардың ноқаттарын,
Іздейді күні, түні жан ләззатты...
Бұлбулдай минут сайын құбылды қыз,
Кей кезде ән желімен жүгірді қыз.
Кей кезде күй жалыны кеуде керіп,
Үн сыймай жүрегіне буынды қыз.
Кей кезде үндеп күйлеп қуанышты,

Қыялдың қанатымен қыяға ұшты.
Үміттің сәулелері көзінде ойнап,
Әйтеуір білмейді қыз күйінішті.
Құмартып қыз жүрегі тәтті күйге,
Тапқан соң әнмен шырқап, айтар өзі,
Әзірше қыялына тиме, тиме!
Осындай шат-шадыман күндерімде,
Менің де от ойнайды жүрегімде.
Жол бермей жас қыялдың жорығына,
Белгісіз баяу басып жүремін бе?!
Мейлі, сол жас сұлуым іздей берсін,
Ішінен гүлістанның үндер терсін.
Менің де уылжыған сырларыма,
Саз беріп ән менен күй ілінерсің.
Тағы да кетем шарлап қыр-қыяны,
Ақынның тұрмас тынып жыр қыялы.
Ашсам кең қыялымның күймелерін,
Ішіне дариядай сыр сыяды...

1939

ЖЫЙЫРМА СЕГІЗ

I

Қараңғы түн, қалың орман,
Алай-түлей қар бораған.
Долы дүлей, долы боран
Көкті жапқан, жерді ораған.

Өршелене, соқты боран,
Орман шулап тартты қобыз.
Қарды қуып құйындаған,
Келе жатыр жыйырма тоғыз.

Әлдеқайда жау жасағы,
Көрінбейді боран басып,
Орыс қысы ән салады,—
Немістерге аран ашып.

Оқтар зулап ұшты сонда,
Кімдер жатыр ыңыранып?
Ақ кебіндей ақ боранға,
Өлі неміс жатты оранып.

Жыйырма тоғыз жау тобырын
Алға адым жер бастырмады.
Сақтамаққа ел өмірін,
Қорғап жатты Москваны.

II

... Келе жатыр қаптап танк,
Қозғалғандай қалың жартас;
Басты орманды, асыр салып,
Иді соған ағаштар бас.

Келе жатыр үстерінен,
Оттар ұшқан жарқылдаған,
Жер қалмады от түспеген,
Көк жалынға шарпылмаған.

Жалмауыз жау қасақана,
Жерді жалмап келе жатқан,
Алтын күмбез астанаға,
Қаһарланып оқтар атқан.

Көрді соны, Жыйырма тоғыз
Көздерінен от тұтанып.
Жау танкпен күтіп қағыс,
Құрыштанды, кекпен жанып.

«Қандай пәле біз тұрғанда,
Астанаға қас қылады?
От бұрқаған жауыздарға,
Бастырмаймыз Москваны!»

Жер бауырлап жүгірді олар.
Танктарды шыр айнала,
Бәрінің от жүрегі бар,
Қорқақ болды бірі ғана.

Гүрілдеген темірлі қол
Батырларды қамалады.
Састы қорқақ, ойлады ол:—
«Қайтып тірі жан қалады?!»

Мына қырғын от пәледен,
Қалайын деп жан сауғалап,
Ессіз-түссіз қалпыменен,
Қол көтерді жауға қарап.

Қарғыстады жыйырма сегіз.
Қоян жүрек лағынатты.
Біреуі оның жауға арнаған,
Гранатты соған атты.

Үні шығып безектеген,
Ол жығылды, жатты жанып,
Ол жоғалды, тайды көзден
Арам дене қарды оранып...

... Жер тырналап танктардың,
Жылан бауыр дөңгелегі:
Тау төбесін жарып қардың
Аждаһадай өрмеледі.

Қасарысты, Жыйырма сегіз
Тынбай атты гранатты.
Отан! — деген отты лебіз —
Жандарынан жалын атты.

Қайтпады жау, өршеленді,
Түнек түтеп алға басты.
Жыйырма сегіз жауынгерге,
Лапылдатып отын шашты.

Ұмытты олар денедегі,
Сау-сау етіп аққан канды,
Жалғыз ғана ой биледі,
Сақтау! — деген Ұлы Отанды!

Шошынғандай бұл соғыстан,
Орман іші аңдай ұлып,
Күркіреген оқ пен оттан,
Басылғандай боран бұғып.

Атқылады гранатты,
Танк қашан таусылады?
Жыйырма сегіз ата-ата,
Жараланды, қансырады...

III

Кебін киіп көмілгендей,
Омбы қарға батты неміс,
Танктары моладай боп,
Мыжырайып жатты тегіс!

Жарқырады таңмен жана
Москваның мұнарасы,
Көрінбейді айналада,
Өшкендей боп жау қарасы

Жыйырма сегіз жатты сонда,
Жолбарыстай батыр алып.
Жатыр әлі: қандарында
Отан! — деген оты жанып.

Араласты қандар бірге,
Құшақтасып жығылды олар.
Табысқандар ұлы өмірде,
Орыс, казак, украиндар.

Кернеді ашу Отан кегін,
Ашулы аяз, соққан боран,
Сонау фашист сұмдарына,
Атылды оқтар бұрқыраған.

Аспанында сол қаһарлы
Нажағайдай жарқылдаған —
Қаза тапқан батырлардың,
Аттары тұр алтындаған!

Сабаз еді бәрі дағы,
Кеудесінде кек ойнаған,
Отан үшін, намыс үшін,
Өзін өзі отқа айдаған.

Кетпес олар естен мәңгі,
Кектері тұр кеудемізде;—
Ерлік даңқы — жеңіс таңды
Жарқыратып келді бізге.

1942

СЕРЖАНТ БЕЛЯКОВ

Досы бар әркімнің
Шықпайтын жүректен.
Ұмытылмас бар күнің
Достықпен бір өткен.

Сүйікті жаныңа,
Ұмытылмас ер де көп.
Бірақ та бір бөлек,
Сержант Беляков.

Асығып елге біз
Жат өлке шыңынан,
Шырқап бір келеміз,
Өзгеше сұлу ән.
Өншен дос асыппыз,
Күздардан өрмелеп.
Бірақ та мұнда жоқ
Сержант Беляков...

Жаутаңдап артына,
Жас қазақ қарайды.
Бата алмай айтуға
Томсарып мұңайды.
«Айт, жігіт, қайғың не,
Ойландың неге көп?»
Күрсініп: жоқ,—деді,
Сержант Беляков...

Дем алып алқына
Аңсап от жүрекпен.
Қарайды артына
Іздеп көкжиектен.

Дейді — ол тым ұзап,
Кеттік-ау алға көп.
Қалдың-ау, жан досым,
Сержант Беляков...

«Өспедік бір бірге —
Екеуміз екі елден.
Ол туған Сибирьде —
Мен шықтым Меркеден.
Кездескен жеріміз
Майданда бір окоп,
Менімен болды дос
Сержант Беляков.»
«Секілді қос үйрек,
Дауылда бірге ұшқан.»
Қосылды шын жүрек
Бейне бір туысқан.
Мен — қазақ, ол — орыс,
Біздей дос елде көп.
Бірақ та, бір бөлек —
Сержант Беляков.

Қан майдан таянса,
Ренішті білмедік.
Бір түйір нан болса,
Бөлісіп бір жедік.
Көрсетті майданда,
Маған көп ол көмек —
Бір туған ағамдай,
Сержант Беляков.

Жолы ауыр майданның
Қорқыныш кей кезі.
Бірақ та жайдары
Көп жауған кездерде
Біз жатқан жерге оқ —
Әзілін айтатын —
Сержант Беляков.

Ақ боран соқса да,
Ол бейне арыстан.
Секілді сұстана,
Қасқыя қарысқан,

Оты бар жанында
Лаулаған онда кек —
Ер, қайсар жан еді
Сержант Беляков.

Айтатын ол маған:
«Қорықпа өлімнен,
Тәйірі жігіт пе,
Өлімнен жеңілген?!
Жүр достым, тез жүгір,
Бас алға, алға тек!»—
Деуші еді ұрыста
Сержант Беляков.
Бір күні екеуміз
Барлауға шығып ек,
Қасымыз төтен күз —
Үрейлі шуы көп.
Өрт еді сол күні
Айнала ала көк,
Тек жарқын жүзді еді
Сержант Беляков.

Лай түсті тұманның
Ішінен көрінген.
Секілді маған күн,
Жымыя ол күлген.
Көңілсіз болса да
Аспан да қаракөк—
Көңілді бір ғана,
Сержант Беляков.

Сол үшін жанымды
Биледі қуаныш.
Өршіген дауылды
Достықтан туған күш.
Қарады алысқа
Түнерген тұман боп,
Бір хабар алам деп,
Сержант Беляков.
Қарасақ алысқа,
Келеді қалың топ.
Көктегі түйілген
Тұманды бұлттан көп.

Бір жоғын көп іздеп,
Тапқан бір жандай боп,
Шаттанды тағы да
Сержант Беляков.

«Жүр, достым, бөлімге
Тез хабар берейік,
Достарды бұл жерге
Тез ертіп келейік.
Шатасқан жау тобы
Тұрғанда тұман боп,
Шырмалсын!—деді—тез!
Сержант Беляков.

Соны айтып тұрғанда
Білмеймін, кім атты?
Оқ тиді аяқтан—
Мені кеп құлатты.
Көтерді басымды
Тигенде маған оқ—
Қамқорым, жан досым,
Сержант Беляков.

Қансырап жаттым да
Көз жұмып өлімге,
Сен достым, бөгелме
Тез жөнел бөлімге —
Деп едім,—жан досым
Мен құрбан саған деп,
Арқалап жөнелді
Сержант Беляков.

Өркеуде, денелі
Ұлы ғой Сибирьдің,
Досын ап келеді
Сақтауға өмірін.
Қараса артына,
Қалыпты жау да кеп,—
Асыға жүгірді,
Сержант Беляков.

Мен зілдей бір таспын,
Үстіне жабысқан.

Келемін әлсіреп
Бойымнан ағып қан.
Тамшылап қаратер,
Ақты бір одан көп.
Сонда да жүгірді,
Сержант Беляков.

Арқалап ол мені,
Асты көп жылғадан.
Үрей сап төбеден
Оқтар да зулаған,
Ажалдан сол төнген
Мені алып қалам деп,
Шаршап бір кетіпті
Сержант Беляков.
Дедім мен: «қалайын,
Сен баршы бөлімге,
Сенемін достыққа —
Сенемін өмірге.

Тақалды қалың жау,
Қадалды маған оқ —
Жөнел сен, жан достым,
Сережант Беляков»:
Қаптап жау келеді,
Жарқылдап отымен.
Құшақтап тағы да
Сүйді де бетімнен —
Жүгіре жөнелді
Тез қайта келем деп,
Ер достым, сүйіктім,
Сержант Беляков.

... Естідім шуды мен
Бір кезде тау жақтан.
Уралап жүгірген
Өршіте оқ атқан.
Кеткендей сол оқтан,
Тау дағы талқан боп!
Оқ атқан кім десем?—
Сержант Беляков.

Тауысып сабырды
Жан досым мен күткен
Ұрыста сол күнгі,

Ашына ерлікпен,
Асыға соғысқан,
Маған тез келем деп,—
Өліпті жан досым,
Сержант Беляков.

Кешікпей тұрдым да,
Сол достың кегімен
Майданда дұшпанды
Ашына қырдым мен.
Қайттым мен жеңіспен,
Дұшпаннан алдым кек.
Бірақ жоқ сүйіктім,
Сержант Беляков...

Қараймын артыма,
Көп іздеп қабырын,
Аңсап бір достықтың,
Шалқыған жалынын,
Айтшы тез жұбатшы,
Сондай жан бар ма көп?
Болғандай маған дос—
Сержант Беляков!

1947

СЫРДАРНА КӨКПАРЫ

(Қазіргі аңыз)

Көктем атқан жасындай,
Аптығы бір басылмай,
Арқыраған дария,
Күм даланы қыдырып,
Желден озған жүтіріп,
Асыққандай жарына,
Үрке кашқан асаудай
Екпінін бір баса алмай.
Әлде неден үріккен?
Таудан өрген тағыдай,
Түтеп соққан дауылдай,
Келе жатыр бүлікпен.
Алып жартас алдында,
Арқа тосып ағынға,
Жатыр сұлап көлденен
Бұзып-жарып жартасты,
Талай қырдан әрі асты,
Көк телегей селменен.
Қырдың көкше белінде
Ақша қардай көріне,
Жатыр шалқып макта гүл,
Сол мактаны егілген,
Күннің ыстық лебінен,
Бір сұлу қыз сақтап жүр.
Он жетіде жасы бар,
Он жеті өрім шашы бар.
Өзбек қызы Шырын ғой.
Көзі кара сыйқырлы,
Өзі гүлдей сүйкімді
Өзектің ол нұры ғой.

Басында бар тақыя,
Әлдекімнің атына,
Кестелеген алтынмен.
Кімде екен үміті,
Қайда екен сол жігіті —
Жұрттан асқан даңқымен.
Арасында ақша гүл,
Толықсыған бақта жүр,
Мақта бағып сол сұлу,
Моншақ атып алыстан,
Сағым қуып жарысқан,
Келе жатыр толқын су.
Сылдыр қағып су шалқып,
Моншақтай бір көз тартып,
Көрінді өзбек қызына,
Сол толқынды моншақтай,
Ұстауға бір құшақтай,
Қыз жүгірді қызыға.
Түсті сұлу толқынға
Қыз түскен соң толқын да
Ақты баяу тасымай...
Гүл бақшама сұлуым,
Тартып жатыр Сыр суын,
Қызығы бір басылмай.
Қыздың макта гүліне,
Жатыр толқын төгіле,
Моншақтай бір шашылып,
Тағы келді ағынға,
Кек толқынын тартуға,
Өзбек қызы асығып;
Соған бейне долданып,
Өзен өрен толғанып,
Жел шақырып ысқырды,
Жел жүгіріп қасынан,
Такыясын басынан,
Суға ұшырып түсірді.
Толқын тулап атыла,
Көкпар болып тақыя,
Кете барды сумен тез.
Жалындады кыз кегі,
Ызаланып сөйледі,
Жарқ ете қап қара көз:
«Ей, дария, дүлейім,

Көріп сені күлемін,
Қайда әкетіп барасың?
Барымта алып жолшыбай,
Аптығың бір басылмай,
Қайда тулап ағасың?
Аққаныңмен құтырып,
Кете алмассың құтылып,
Ұсталып бір қаларсың,
Сені жеңген батырға,
Арнап едім тақыя,
Кім ұстаса сол алсын!
Жеңілгенде басылып
Толқын моншақ шашылып,
Сол батырдың жеріне
Күндей күліп барамын,
Гүл жазира даланың,
Байшешегін теруге».
... Желмен ойнап жүгіріп,
Ел біткенді қыдырып,
Кетті қыздың сәлемі,
Су үстінде атыла,
Алтын айдай тақыя
Дөңгеленіп келеді.
Тақыялы толқынды,
Ұстаймын деп ұмтылды,
Талай жігіт қырдағы.
Бірақ асау дария,
Толқын атып жарына,
Ұстатпады зымрады.
Көктем дауыл шақырып,
Түйлек-түйдек атылып,
Кете барды толқындар,
Дейді мені бөгейтін,
Күшін маған тежейтін,
Қандай ғана батыр бар?
Айтып соны ағындап,
Толқынменен дауылдап,
Келе жатыр долдана,
Алыста су сағынған,
Елестеген сағымнан,
Жатыр байтақ кең дала.
Шөліркеген сол дүзден,
Бетін күнге күйгізген,

Өрт ашулы жас жігіт,
Сол дария сыйғандай,
Жатыр қазып терең сай,
Тауды бұзып, тас тіліп.
Көзі түсті тасқынға,
Келіп қалған қасына,
Айдаһардай атылып.
Сол тасқынға атылған,
Қарсы ұшты жас ұлан,
Шөл ашуын шақырып.
Дария да иіріліп,
Шөл баласын иіріп,
Теңізіне тастауға,—
Екі езуі көпіріп,
Кейде тасый лепіріп,
Секіреді аспанға,
Сол телегей тасқында,
Жалғыз шыңдай қасқыя,
Қарсыласқан жас ұлан.
Таудай тасып тұлғасын,
Тастай ұрып құлашын,
Шықты толқын астынан.
Көк толқынды шұбатып,
Даласынан су атып,
Жігіт кетіп барады,
Құлазыған шөліне,
Толқын моншақ төгіле,
Дүбірлетті даланы.
Басылғандай дария
Жас батырға табына
Мүләйімсіп тіл қатты,
«Өрен едің өрлеген,
Тауына ырық бермеген,
Тасқыным бар тым қатты.
Сен ұстадың жалымнан,
Бағынамын, жалынам
Босат мені, батырым,
Арнап сенің атыңа,
Алыстан бір тақыя,
Алып келе жатырмын,
Бола қалып маған кез,
Өзбек кызы — қара көз,
Беріп еді бір сұлу...

Соны айтты да басылып,
Бүлік сырын жасырып,
Тым сызылып тұрды су...
Жүйткіген жел сыр ұрлап,
Қыз сәлемін сыбырлап,
Жеткізді сол жігітке.
Елестеді сол тұрған,
Өзбек қызы толқыннан,
Жар басында, биікте,
Естіп желдің сыбырын,
Біліп жігіт су сырын,
Көкпар алып тасыған.
Тақыяны алды да,
Кетті сүйреп аулына,
Көк толқынды шашынан.
Шөлге бір кез қараса,
Шөл де қызық тамаша,
Гүлжазира дала бақ.
Жарқырап су күмісі,
Меруерттей күріші,
Дала қызық, дала шат,
Соны жігіт көрді де,
Шаттық еніп көңліне,
Сәлем жазды Шырынға.
«Жыр болғандай сырым бар,
Гүлдерім бар, суым бар,
Толған ой мен қырымда.
Шөл даласы су көрмей,
Жатушы еді көгермей,
Шерін сумен тарқаттым,
Көл бітірген шөліне,
Шырын қыздың кегіне,
Жаңа туған фархатпын!
Ақша қардай ақ мамық,
Қара жерден мақта алып,
Жатырсың ба, сұлуым?!
Жүрегімде сен едің
Келді маған сәлемің,
Толқындатып Сыр суын,
Суды жеңген батырға,
Арнап едің тақыя,
Сол батырың мен едім,
Толқын ойнап көлінде

Гүл толқысын шөлімде,
Күйған шаттық күн лебін.
Толқынымен жүректің,
Саған арнап гүл ектім,
Келіп, сәулем, соны көр!
Аңдып қыздар соны жүр,
Таратқандай мың сыбыр,
Сол бір гүлге соғып жел,
Соны, сәулем, көріп кет,
Көрімдігін беріп кет,
Мен де сені көрейін.
Іздеп келсең аулыма,
Гүлдер шашып алдыңа,
Күміс толқын төгейін!

1947

МАРИЯМ ЖАГОР ҚЫЗЫ

Махаббат пен достықтың бұл дастанына қаламымды қозғаушы, Қазақ ССР-нің искусствоға еңбегі сіңген қайраткері — Мария Егоровна Рекинаға

А р н а у

Өзіңнің өрен жырың бұл тағы да,
Ыршыған бұлт астында бұрқануға,
Бұл жырым жүрегіндегі таза сенің,
Ешкімнің бұрылмаған бұлтаңына.

Бұл сенен қызықты боп қалған аңыз,
Сазына сол жырыңның таң қаламыз.
Төбіренсе даламызда «Дударайың»,
Бар қазақ тербелеміз, толғанамыз.

Жырлаймын сен сақтаған махаббатты,
(Ежелден ғашық жыры маған тәтті.)
Достықтың таңда соққан самалындай,
Жырла деп «Дударайың» дабыл қақты

Жүруші ем, жастан сол бір қалап үнді,
Қозғадым күштарланып қаламымды.
Сүйікті сенің атың, наз даусыңа,
Мүлгіді тербетіліп дала күллі!

Осы жыр жалындаған жас жаныңнан,
Шек бар ма достық пенен махаббатқа,
Кім соны іздеп жүрген дастанымнан?
Үніңе түнді жарып бізге жеткен
Қосылдым сырыңды ұққан қыз — жігітпен

Мұң сазы жалындатқан жас қазақты,
Кем бе екен, Марияшым Қыз Жібектен?
Мәңгі жас махаббаттың жыр лебіне,
Құмар ем, қалды даусың жүрегімде.
Жыршыңның кім ауызын қақпалаған,
Ғашықтың қажетсіз деп жыры өмірге?
Жырлап ем, дос жүректің сырын аңсап,
Жазылса жырларымның жолы жаңсақ,
Өзің кеш, Марияшым, өзің түзе,
Ақ ниет бұл жырымды, көтер ән сап!
Елеме бос күбірді, шырқа тағы,
Сыншым да сырлас болды саған бүгін,
Өзіңше «Дударайды» шырқатады...

«Мариям Жагор деген орыс қызы,
Он жеті — он сегізге келген кезі,
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,
Сондағы Мариямның айтқан сөзі...

Дударари-дудым,
Сенің үшін тудым,
Шіркін-ай,
Дударари-дудым!..»

ОРЫС ӘНІ

I

Үн-түнсiз таң сәриде жасыл Нұра,
Аққандай толқындары жасырына,
Жағада шық бүркеген шiлк-шоқы,
Иiлiп кұмартқандай жаз сырына.
Ежелден нәсерi жоқ айқай-сүрен,
Шалқысын күз таңында қандай сырмен?
Жөнелген жыршы кұсы, жапырағы,
Сып-сыйда ағашында жоқ қой сүрен.
Үстiнде таң аспаны тұр бұлттана,
Жұтаң қыр, айналасы сұрғылт дала.
Ағады баяу өзен баяғыдан
Сол қырдың көштерiндей жылжып қана.
Әлi де дел-сал менiреу, дала сұлық
Бұлттарды таң қанаты алға сырып,
Жайылды. Түн қуғандай сол еленде
Салт атты қырда неге жүр асығып?
Әлде бұл жарға асыққан бiр жолаушы,
Немесе жел-құйын боп жүрген аңшы?
Нұраға тыныш жатқан дүбiр берiп,
Бұл жортқан түн iшiнде қандай жаршы?
Келедi әлде ненiң әлегiмен?
Асканда қырдың талай белеңiнен,
Түн жарып жасыл Нұра көзге түстi,
Сонда ашу тарағандай ер өнiнен.
Өзенге сақтағандай сағынышты,
Жүрегi жүргiншiнiң алып ұшты.
Ұмытты ызасын ол, таң да әне,
Аспанға жайды нұрын алтын түстi.
Нұрадан өзен бар ма ыстық өзге? —
Бесiгi болған едi жастық кезде, —

Ауды екен әке сорлы неге бұдан,
Көштерге еріп ылғый босқын кез бе?

II

Жігітті қырдан асқан таң қалдыра,
Көрінді тугандай бір таңнан Нұра,
Тұрғандай мүлгіп жаға, тал ырғалып,
Секілді кенересі толған нұрға.
Қалғанда суға жақын, әрі биік,
Алдынан зымырады орғып киік.
Түйілді аңға жігіт жас бүркіттей,
Атына қамшысын да қалды үйіріп,
Кенеттен естіп әнді тұрып қалды,
Неткен ән канат қаққан жарып таңды?
Киіктен күйқылжыған озып бұл үн,
Аралап жөнелгендей жазықтарды.
Сол бір ән аңқып желдей таңертеңгі,
Қозғалып үйқысынан тал тербелді.
Шымырлап шусыз аққан өзен беті,
Толқыннан туған ән бұл, терең шерлі.
Күн емес, осы дауыс жерді оятқан,
Керілді таңғы дала ойға батқан,
Жабырқап тұрған жаға жаңғырығып,
Бұл әнді естілмеген қалай тапқан?
Өзенге жақындады жас жолаушы,—
Естілді қыздың үні — орыс даусы.
Сазында мұң да, сыр да еркін күшті,
Кім екен, тебіrentіп ән шырқаушы?
... Алыс қыр, айнала қырда күйын қарлы.¹
Жалғыз жан күңіrentкен күйік әнді.
Борандай бұрқап көкке көтеріліп,
Сыңсыған жер сыйпалап, кейде зарлы.
Көтерген арман даусы күйынларды,
Өле алмай жатыр ма әлде қыйып жарды?
Сорғалап кейде көктем жаңбырындай,
Ыстық жас қар үстіне ұйып қалды.
Үзіліп махаббаттың соңғы даусы,
Боранға көмілді ме сол жолаушы?

¹ Мариям бұл арала орыстың «Степь да степь кругом» деген әнін айтып тұр

Ән жүйірік аттан және ажалдан да,
Күштірек бораннан да соқшы, жаушы!
Жарына актық үнді алып баршы,
Ежелден махаббатқа өлең жаршы —
Көзіне жас келсе де қыр түлегі,
Жүрекке сол бір әнді, құйып алшы!
«Япырау, неткен дауыс, қандай ән бұл,
Толғанып кетті ме екен таңғы бұлбұл?
Таңсық үн Нұраны алып, таң сәріден,
Қалайша мұңды дала жаңғырып тұр?»

III

Бүгін де аққан Нұра күндегідей,
Ауылдай баяу көшкен сыр білдірмей.
Тұңғыйық өзен түсі, тек тал ғана
Сыбырлап тұрды бөбек күбіріндей.
Мұнартып тұрған тыныш жағасына,
Келіпті таң сәріден шал асыға.
Өзенге ауды тастап, суды сүзіп,
Жас қызы жауған қағып жүр қасында.
Ақ сазан, алтын шабақ асырын сап,
Әдейі ойнағандай жасырынбақ, —
Көрініп шал мен қызға жоқ болады,
Сүңгиді, су астында кашып, зырлап.
Жабырқап балықшы шал тұрды осыған,
Жүзінде бар секілді сыр ашынған.
Саргыш шаш қырауытып, көз суалып,
Өткендей өзен қайғы шал басынан.
Ілінбей сүзекіге жалғыз балық,
Күрсініп қажыған қарт қалды налып.
Өзеннің желді күнгі толқынындай,
Басында бүрканып ой жөнелді ағып.
Кеткенде ойға батып, шал жабырқап,
Жас қызы жұбататын әнін шырқап,
Қазір де ағындайды қыздың сазы,
Тыңдап тұр соны жігіт әрең шыдап.
Өзеннен толкындап үн, өрлеп селдей,
Жағаны кетті сол ән кернеп желдей.
Жағалай сұп-сұр дала... сол бір әуен
Шалдың да шерлі жанын тербеткендей...
Мінеки келді жігіт, қалды танып, —

Сюжет

Кәдімгі балықшы шал, — Жагор, анық.
Жас жігіт көрінгенде, қыз қымсынып,
Қайран ән қалды үзіліп...

жігіт барып,
Жагорға сәлем беріп, жатты шұлғып.
(Әнші қыз, кенет ойға батты мүлгіп,
Жігітті бала кезде көргендей бір,
Қыялы жас шағына ақты зырғып).

— Япырау, біздің Жагор, ағаймысыз?
Бұл жақта адасқандай, қалай жүрсіз?
Қалайша кеп қалдыңыз поселкадан,
Тұруды біздің жақты қалаймысыз?
Алексей қайда?

— Шырақ, кім едің сен?

— Үкеннің баласымын, атым — Дүйеен,

— Сенбісін!

Көгершінім, бұл сен бе едің,
Жылы жүз, жөн сұраған бұл кім десем.
Жагор қарт жас қазақты сүйді қысып,
Есіне өткен сонау күндер түсіп.

Үкеннің сұрап кетті халін Жагор,
Ежелден өскен жандай бір туысып...

IV

Жалғанда не көрмеді сорлы мужик?
Заманның азабынан артып зіл-жүк.
Өтіпті бабасы да, баласы да,
Өмірде қорлықпенен көріп құлдык.
Қатал заң, қытымыр күш, дөкір билік,
Езетін Россияда адамды иғып.
Бай, төре — патша еркесі.

Ал мужикты
Шырмады жоқтық жылан, сор қыйындық.
Жагордың көргені сол, тартқаны шер,
Бұйырмай мекенінен ұлтарақ жер;
Мындаған шаруадай босқын етіп,
Бұл жаққа айдап келген жоқтық-ділгер.
Ол кезде ойлап еді — барсам көшіп,
Бұл қырда ұлан-байтақ, әзір несіп.
Ен дала, жатқан еркін жер емес пе? —
Елінде еркін шығар еңбек, кесіп,
Болмады ойлағаны... жүдеу дала,

Мұнда еркін ойнақтаған тек жел ғана.
Қаңбақтай елбең етіп, көшкен қазақ,
Ен дала аясынан таппай пана.
Жатса да жомарт дала жазылып жай,
Жалғыз-ақ көреді екен қызығын бай.
Қырында бүрсең қаққан жарлы қазақ,
Орыстың бейнет шеккен мужығындай.
Ауған жан шет өлкенің қыйырынан,
Көп кезді көрмей рақат қыйын қырдан.
Байлары жаны қас боп Жагорларға,
Жыландай жерді сабап жыйырылған.
Осылай жоқшылықпен жүрген тұста,
Келіпті Нұра жаққа, Жагор қыста.
Үйіне Үкен сонда паналатып,
Табысқан бейтаныспен тар қуыста.
Ақ пейіл, жарқын мінез, кеудесі кең,
Ізгілік сезілгендей өр түсінен.
Үкенге ұнап кетті осы Жагор,
Сүйкімді мінезімен, әр ісімен.
Жатсынбай, ауылында ала қылмай,
Сыйлады ол, өзінің дос қонағындай.
Тілін де, әдетін де біліп Жагор,
Үкеннің болды туған адамындай.
Біреуге үй, біреулерге орнатып пеш,
Көмегі жұртқа тиді ертелі-кеш.
Өзі тек балық аулап, ал ауылға
Егіннің қасиетін етті кеңес.
Келгендей өзін біреу айдап бейне,
Налыйтын туған жерін ойлап кейде,
Осылай жүрген шақта сол ауылда
Туды ұлы, сүйіктісі Алексей де.
«Сақтасын орыс тілін, орыс рухын,
Бағыма бұл кезеңде дұрыс тудың,
Сәті боп оқый қалса бір қалада,
Ұрпағым болмас еді мендей қуғын»...
Деп Жагор жүрген кезде ой үдетіп,
Кетіпті алты жылдай өмір өтіп.
Бір күні село даусы жетті Есілден,
Егінші жер сауырын дүбірлетіп.
Тартты ма егіншілік кәсіп ескі,
Әйтеуір, Есіл жаққа Жагор көшті.
Алайда, Үлкен досы кейде келіп,
Шертетін екеулері сыр-кеңесті.

— Е, балам, қалай әкең, әлі тың ба?
 Алдына мал көбейтіп алатын ба?
 — Әлі де шаруасы қыйыр-шыйыр,
 Бар малы — өспейтін бір екі-үш сыйыр...
 Арыса да кейіді шал бәріне...
 Мейлі... Алексейдің хабары не?
 Өзі де қайғылы еді, Жагор тегі,
 Жүр еді жанып іште жігер-кегі.
 Жыл болды жауыз патша әлегімен,
 Баласын қан майданға жібергелі.
 Хабарсыз сол ұлынан айрылғалы,
 Соны ойлап Жоғар байғұс қайғырады.
 Кім үшін? — Германы кім? Патшасы кім?
 Баласы кімнің кегін қайырады?
 Күрсініп осы шермен жанды өзегі,
 Үйінің сүйеніші жалғыз өзі.
 Өзіне ұнап еді Алексейдің
 Жасынан қайсар және өр мінезі.
 Селода, ойлы бала жүрген кезде
 Хат танып қалып еді, оқып лезде.
 Оқыйтын кітап көрсе мүлгіп төніп,
 Жас еді жұмыс десе, жаны төзбе.
 Тартты ма жас жалыны бетіндегі,
 Селоға сүйкімді боп кетіп еді.
 Көргенде шаруалардың сор азабын,
 Қайнайтын кеудесінде кек тілегі.
 Дос еді Дүйсенмен де бала күннен,
 Баурап ол ақылымен, талабымен,
 Кеңесін шертуші еді сыры ғажап,
 Оқыған адамдай бір саналы, кең.

Шырмалып жүрген бала кезіндегі,
 Шірік дін оқуынан езілмелі,
 Ақылын Алексейдің ұғып Дүйсен,
 Үш-төрт жыл бұдан бұрын безіп еді.

Айтып ол елдің өткен ерліктерін,
 Болатын жандырғандай ерлік лебін.
 Үйреніп қалып еді сол досынан,
 Орыстың әсем өрнек әріптерін.
 Сағынып сол бір досын өр талапты,
 Кенеттен Дүйсен міне ойға батты.

Баласын алып еске, Жагор шалдын
Тағы да ызалары қайнап жатты:

— Көп болды қатал құдай басынғалы,
Мужиктен берекені қашырғалы.
Егін де шықпай қалды быйылғы жыл,
Өмірі сорымыз бір ашылмады.
Көлігім — жалғыз атым, ол көтерем,
Кемпірдің ескі ауруы басым әлі...

Кеттім мен поселкадан, бұл Нұраға.
Белгілі кәсібіме жасымдағы...
Жас жігіт тындап шалдың қайғы сырын.
Жанында шертілгендей күй жасырын,
Мұңайып қалды дағы, кетті сөйлеп.
Сездіріп жүректегі зіл ашуын.
Жазықсыз даламызда жүреміз деп,
Қырсықты, қыянатты көреміз көп.
Біреудің атын мініп, бес күн болды,
Жоғалтып жалғыз атты келем іздеп.
Жүргенде жылқылармен сонау қырда.
Ықтапты әнеугі бір сел жаңбырда.
Көріпті біреуі: сіздің село адамы
Жүр дейді мініп қазір Сарадырда.
Келемін сол селоға асығып тым,
Атымды ұстады екен басынып кім?
Көріп ем мұндай талай бүліктерді,
Соларды ойлап қазір ашыныппын.

VI

Білетін озбырлықты осындай тап,
Жагор қарт тындап тұрды басын шайқап.
Жігіттің ынта қадап сөзіне де.
Өзін де Мария қыз қойды байқап.
Сүйкімді күрең жүзді, әсем сымбат,
Өр кеуде, жалпақ нық, бойы сұнғақ.
Бөрікінен шашыраған бұйра шашы,
Түсіп тұр кең маңдайға келісіп-ақ.
Өткір көз, қарақаттай қарашығы,
Қабағы әрі ойнақы, әрі ашулы,
Жінішке кара мұртты, келбетіне
Әдейі біткендей бір, жарасымды

Қараса көзінен сыр қозғалғандай,
 Мейрімді айтылатын сөздер бардай.
 Өзенге тастап торды орыс қызы
 Жігітке қарап тұрды көз аудармай.
 Су, беті шымырлады, ыршып міне,
 Аңырып балықшы қыз тұрсын неге?
 Селт етіп, ауыр торды тартты Мариям,
 Ілікті қыздың қолы несібеге!
 Мариям торды жұлқып жатқан кезде
 Дүйсен де түсіп суға кетті лезде.
 Жас жігіт балық толы торды сүйреп,
 Қарады қасындағы отты көзге.
 Кейбір сәт жүзі күліп жас балаша,
 Көзінен жалын атқан жалт қараса.
 Бояу жоқ бетінде де, үстінде де,
 Табиғат еркесіндей тап-тамаша.
 Көз нұры сол өзендей жасылдана,
 Қылықты қасиет бар қасында да.
 Жұп-жұмыр ақ сазандай ақ мүсінді —
 Жұпыны көйлек бүркеп жасыра ма?
 Қыз дене қызықты өз қалпыменен!
 Артық қой әсірелеп айту деген.
 Тек аузы әсем күйдің аспабындай.
 Вұрағы бүлкілдеген, ән тілеген.
 Ана жыл көргенде бір бәбек еді,
 Ол кезде анық байқап, елемеді.
 Есінде сергек сыры бала қыздың
 Күлгені еркін-ерке, билегені.
 Жас жігіт таңырқады Мариямды,
 Есінде айтылған ән қалып әлгі,
 Тағы да әншіл жастың аңсап жаны,
 Телмірді қызға қарап сүйіп әнді.
 — Қарындас неткен ғажап әнші едіңіз!
 — Ән емес, шыққан ол бір жан шеріміз.
 — Шер ме еді? Жүрегімді алды шырмап,
 Тағы да сол бір әнді сап беріңіз!
 — Масайрап ән шырқайтын мұнда жоқ той.
 — Жастықтың қайда жүрсе тойы көп қой...
 Жөтелді Жагор тұрып жар басында,
 Белгісіз — қайғыру ма, жоқ ашу ма?
 Қыз, жігіт сөзді қойып, ауыр торды
 Сүйрелеп шықты судың жағасына.
 Міне ырыс! Лық толыпты торға балық,

Осыған Жагор аға тұр қуанып.
Бұлқынып ақ шортандар жұлқып ауды,
Шомпылдап шабақ ыршып, торды қағып,
Сүйсініп Жагор мына табысына
Сөйледі, «Ал, жас жігіт, таныс суға
Қуырылған балық жейсін біздің үйден,
Мария, бұл Дүйсен ғой танийсың ба?..»

VII

Тып-тыныш Сарадырдан молайта
Құйғытты село жақтан бір тройка.
Алыстан күңгірлеген, дулы-шулы,
Гулеткен гармон тартып, жырын да айта.
Қай мырза думандатып келе жатқан?
Мезгілсіз сейіл құрып село жақтан?
Мариям, көзін қадап, тындай қалды,
Жасынан гармон даусын ол ұнатқан.
Үш жігіт пауескеде, қызып жырлап,
Келеді, жұтса керек бір азырақ.
Тартса да күйші гармон, сескендірді
Даурыққан дауыстары қызды бірақ.
Шегір көз әне біреу едірейді,—
Мариям таний кетті Андрейді,
Мақтаншақ, селодағы бай баласы,
Сыртынан қыздар оны «әнгі» дейді.
Неғылсын, жерге, малға бай әке бар,
Озбыр жан жегі-жебір пейілі тар.
Есілдің жазықтарын жүндей түтіп,
Нұраға ауды құлқы, болды құмар.
Жан-жаққа, ен жазыққа егіп егін,
Төстеген емін-еркін төңірегін,
Шаруаны езіп ылғый, қазақ көрсе,
Көтерген тақаппар ол көкірегін.
Қадалса, кімнен болсын, қан алады.
Қашады көрсе оны дала адамы.
Пәлекор пейіліне берген ұйтқы
Парақор ұлықтары қаладағы.
Андрей масайраған, қызып, шалқып,
Гармонды дірілдетіп, үзіп тартып,
Көрді де Марияны арбасынан,
Өзеуреп сөйлей түсті бұзық-тантық.

«Сұлу қыз, неғып жүрсің оңашада,
Жүр бізбен серуенге, тамашаға...»
Безініп жастық сайран қызығынан
Жүргенің балық аулап жараса ма?!
Ал Дүйсен қарай қалды атқа төніп,
Үш аттың жон-жауыры аппак көбік.
Күміс қыл кекілінен таный кетті.
Өзінің ақсұр атын кенет көріп,
«Шырмалдың қандай сұмға, жануарым,
Мойыныңнан күзеліпті қалың жалың!» —
Деп Дүйсен басын сыйпап өз атының,
Налыды жүрегінде жанып жалын.

VIII

Барса да Марияға екіленіп,
Андрей тұра қалды зеку көріп,
Өз атын ұстап жатқан сол жігітке,
Бұрқырап сөйлеп кетті, жетіп келіп:
— Әй, қазақ, жөнел әрі, аттан аулақ!
— Бұл атты ұстап алдың қайдан аулап?
— Саған мен жауап беріп жата алмаймын,
Танысаң, бар ала бер, сотпен даулап.
— Көпіріп зорлық айтпа,

менің атым!

Бар еді жегуге оны қандай ақың?
— Жеп қойды егісімді, шығындатты,
Сол үшін бір жаз бойы жегем атты.
Бетінше өріп жүрген малдарыңның
Осындай көп қырсығы маған батты.
— Мынауың жапқан жала кулық мүлде,
Егін жоқ ол маңайда, қу өңірде.
— Бәрібір сенің атың, еркін жайлап,
Жүр екен көгарайлы тың жерімде.
— Көрінді шатаққұмар екеніңіз,
Бұл ара атақоныс мекеніміз.
Бабаңнан мұнда қалған жерің жоқ қой,
Мал жаймай енді қайда кетеміз біз.
Мынауың, озбырлық қой нағыз тіпті,
Көргеміз мұндай талай жауыздықты.
Мұнынды әкімдерге жеткіземін,
Өзіңше болып тұрсың жалғыз мықты

«Әкімдік бәрі бізде, яки менде,
Менімен тіресетін тегің тең бе?
Егессең жеткіземін жандаралға
Аулыңды айдатамын Бетпақ шөлге».
— Байқа сен, тегімізге тіл тигізбе,
Белгілі Россияның жұрты біз де.
Қуа алмас ешкім бізді туған жерден,
Далама көшіп-қону еркімізде.
Қарыспа, қайсарлықпен қайтар атты!—
Деп Дүйсен өршеленді айта катты,
Балығын тасып жүрген Жагор ағай,
Бұлардың керістерін байқамапты.
Келді де араласты сол ұрысқа,
— Көкисін күштімін деп, бұл — дұрыс па?
Қой бала, қыңырлықты, босат атын,
Әйтпесе...

ашулымын, сөзім қысқа...

- Бұл іске балықшы шал, сен кіріспе,
Қайдағы киргиз үшін ара түспе!
- Атымды босат деймін!
- Сал жұдырық!
- Әрі кет, үйір неме, арам іске!

IX

Осылай жанжал оты қызған кезде
Бұл жерге келіп қалды қыз да лезде.
Андрей едірейіп тұра қалды,
(Баса алмас едің оны сөзбен өзге).
Кінадан болмағандай шірку-шылтым,
Күлімдеп шырай берді әлгі шіркін.
Әдейі өткір көзді, ойнақы қыз
Көз қадап сол жігіттің қоймады ырқын.
— Би билеп жатыр ма деп келіп едім...
— Я, бикеш, солай...

болсын көңілдегің.

Мына бір кезде киргиз болды бөгет,—
Сауықтың жасар едік кең дүрмегің.
— Ендеше соның атын жіберіңіз,
Гармонды гулетіңіз,

жүр келіңіз

Билейік, билеп мен де ән шырқайын.

Жадырап қалсыншы бір жүрегіміз...
Андрей қыса қалып көзін қылман,
Гулетті гармонын да өзі жылдам.

— Ал, шырқа, қыз, ал шырқа, қыз, биле, әйде
Кең көшеде, тау баурында,
Шырқалатын жыр қайда?
Андрей тартып билеп жорғалады,
Гармонда созылып үн ырғалады.
Кенеттен қыз аузынан ән ұшқанда,
Жөнелді желдей кезіп жыр даланы.
Аңырып аузын ашты Андрей де.
Елшісі махаббаттың ән демей ме —
Соғылды шапалағы сар жігіттің
Өзіне айтылғандай сол ән бейне,
Дүйсен де ат үстінде елендеді,
Кетпей тұр, шырмағандай өлең тегі.
Жагор қарғ, қолын сермеп, күлімсіреп:
— Жігітім, атың олжа, жөнел! — деді.
Құйылды жүрегіне сүңгіп ән де,
Шертті ме махаббаттың жырын әлде?
Тізгінін Ақсұр аттың тарта берді,
Тартып қыз жырымен де, сырымен де.
Сол бір ән артта қалып өршіп жатты,
Мейлі бір өзен жыр боп ақсын қатты.
Па, шіркін, орыс әні қандай жақсы,
Құтқарған қыл бұғаудан Ақсұр атты!

Көлдегі күй

I

Күмістей жарқыраған қоғалы көл,
Қоныпты осы көлді жағалап ел.
Аққу, қаз су сабалап қаңқылдаса,
Қамысын дабылдатып қағады жел!
Көлдегі жалғыз ғана қызық думан,
Мал даусы жамырасқан, қызықтырған.
Жиекте, әлдеқайда, бүгін кеште,
Шырқаған қандай қыздар сызылтып ән?
Жағалап осы көлді келе жатты,
Белгілі біздің жігіт, Ақсұр атты.

Келеді осы ауылға, өз үйінен,
Түнеріп түйген неге қас-кабақты?
Құтқарып Ақсұратты келген күннен,
Әкеге шерткен сырын көрген-білген.
Ақ пейіл Жагор аға, жасыл Нұра
Жағасы бұл арадан кең көрінген.
Айтса да әкесіне — тыңдамады,
Сүйеді бесігіндей қыр-даланы.
Бес қара алдындағы бес жүз малдай
Көрініп, ойы соған шырмалады.
Көндіккен тұрмысына әке мүлгіп,
Түйедей шөлде жүрген ептеп жылжып,
Азығы — айран, сүті аз қараның,
Сондықтан малға ғана еткен құлдық.
Жігітке бұл далада кәсіп қайда?
Бес малды бағып-күту, несі пайда?
Жалданса әлде байға — жас жігері
Құм болып, жанбай жатып басылмай ма?
Осылай қалар ма екен Дүйсен әлде,
Бұрқаған дала бұлты бүрсең елде?
Бас имей кедейлікке, байлыққа да,
Өзімше емін-еркін жүрсем мен де.—
Жасынан жасымаған жас жігерді,
Өрлігі, өткірлігі басым еді.
Жаныңа үміт күткен бар талабы,
Өзгеше даланың бұл жас түлегі.
Оқыды әліп-биді, білді нені?
Тәйірі, дін оқуы білім бе еді? —
Әйтеуір, хат таныды, бірақ содан,
Не пайда, елге, өзіне білінбеді.
Тигізіп там тұмдаған үйге себін
Шабатын біреулердің кейде шөбін.
Күрсініп бала жігіт, батып ойға,
Іздейтін көңіл күткен келешегін.

II

Шақырып болыс мырза, ол келеді,
Көп болды соның түрін көрмегелі.
Ыдырыс... Қара шұбар, көзі қызыл,
Жыландай көз алдында өрмеледі.
«Шақырды неге мені, менде ісі не?»

Жазығым жоқ еді ғой, бұл кісіге?» —
Деп ойлап, тепендетіп Ақсұр атты,
Ауылдың келіп қалды іргесіне —
Қараша кигіз үйлер көл жағалай,
Үнсіз тұр, аулақтағы бір моладай.
Естілген мал мен иттің даусы ғана,
Әйтпесе жапан дуздейі ку жадағай.
Ортада ақсұр үй тұр, кебін түсті.
Ішінде көп үйлердің сол бір сұсты.
Қабағы қату жігіт жортып келіп,
Қасына сол орданың келіп түсті.
Кім екен, үй ішінде гүжілдеген? —
Тап өзі, — бұл Ыдырыс кіжінеген.
Сыртынан жерлеп жатыр әлде кімді, —
Бәрі бір, кірді жігіт сыр білмеген
Сәлемін берді Дүйсен.

Болыс көріп,
Қарады кірпік қағып, бас көтеріп.
— Есен бе? Әкең тың ба? — деп қырылдап,
Кұбылытты сұрғылт түсін тастай берік.
Көрмеген көптен бері Ыдырысты.
Әлі де баяғыдай еді сұсты.
Бірақ та өзгеріпті қыяпаты,
Бұрадай қырау басқан бурыл түсті.
Селеу мұрт тікірейіп ұзарыпты,
Шаян көз жыпылықтап қызарыпты.
Қатпарлы ажымында шұбар беттің,
Аланат ашулардан із калыпты.
Айбатпен қасын қақты бәйбішеге,
Отырған әлде неге қайғы шеге.
Сабаны күмпілдетіп құйды қойып,
Көпірген сар қымызды бір тегене.
Дүйсенге тостағанды ұсынды да,
Ыдырыс сөйлеп кетті тосын, тура.
Ұйпалақ қасын қағып, көлгір көзбен,
Тұрғандай айланы бір тосып, сірә!

III

— Әкеңді бала жастан білемін мен,
Бұйығы байғұс шал ғой, тілегі кең.
Аталас адамбыз ғой... Рас бұл өңір, —

Шен үшін — сұмырайлық —
Арды сату!

Дегенде болыс түсі түнере қап,
Орнынан ұшып тұрды, төне қарап,
Дүйсенге қолын сілтеп безілдеді,
Жыйырылып шұбар бет пен түнек қабақ.
— Не дейсің?

Не деп тұрсың?

Сөзің тантық!

Болды ма бұл құрметім — өзіңе артық?
Әкімге мін тағатын сен кім едің? —
Қалмайсың қарасам бір көз алартып!
Үйрендің сұмдық сөзді әлде кімнен?
Қарашы!

Ақыл айтпақ дәлелімен...

Шен тағу — сұмырайлық па?!

Билік сірә,

Кем бе екен кедейліктің әлегінен!
Тентіреп әкен келер есігіме.
Келтірем!

Ерегесем кесіріңе —

Сені де етем жалшы,—

тоқта бейбак.

Жөнел!

Сол шешімім де, кесімім де!

— Жоқ, болмас!

Тағдырымды шештім деме!

— Көрсерміз оныңды біз, «күшті неме»!

— Өзіме-өзім ие!

Жаным барда,

Жалынып күн көрмеспін, ішкімге де! —
Деп жігіт, жалындады сертке сеніп,
Болыс тұр, бойын ашу — өрт еңсеріп
Есігін қатты жауып кеткен кезде,
Аксұр үй селт еткендей бір теңселің

IV

«Өзіме қымбат жастық еркіндігім,
Сол ғана бар дәулетім, көркім бүгін.
Әкімге қошаметші — құлдықпен тең.
Аркалап жүре алмаймын қорлық жүгің

Қарашы, жасытпақшы, сөйлеп өктем,
Жауыз ғой, билеп жүрген елді әлекпен.
Кіріптар болмаспын мен саған мәңгі!
Дұзағын құрса, құрсын мейлі кекпен...»
Осылай көл жағалап келе жатса,
Бір топ қыз бұрандаған жас құрақша,
Жігітке қандай қызық осындай да
Алдынан күлім көздер қасын какса!
Сыланған перизат па ертегіде?
Қай жақтан биші қыздар жүр тегінде?
Орғыйды, жорғалайды, тербеледі,
Күй гулеп, естігенді еріте мүлде.
Безілдеп жатыр гармон толқын күймен.
Тербелген он екі қыз шалқып бимен.
Аңырып қалды тұрып аңқау жігіт,
Қорғанып бұл қызықтан жаны сүйген
Жігіттің ерсі болып аңырғаны,
Мазақтап қыз біткеннің күлді бәрі.
Жаудырды жамырасып әзілдерін
Ежелгі қалжың сөздің құмарлары.
— Мынау кім, жалғыз жүрген дуана ма?
— Кім айдап келді өзін бұл араға?
— Қыздар-ау, үндемеңдер, бұл болыстың
Әкімі, ақбоз үйге кірген мана.
— Әкім бе?

Онда бізден жүрсін әрі
— Молда, әкім жігіт емес — әрі-сәрі.—
— Түсір, деп аттан өзін тұрған шығар —
Деді де жүгірісті тағы бәрі.
Ат үркіп, жақындатпай қарғып көкке.
Есесі сол әзілдің қалды-ау текке.
Бәрінен ойды бұрын тартты бірақ,
Гармонды гүлеткен қыз сонау шетте.
Уа ғажап, Марням ғой, сол емес пе?
Әнеугі айтқан әні түсіп еске,
Әбігер, қайғы-қамның арасына
Қыялы ауған талай осы елеске.
Сол көзі жаутандаған жас балаша
Дүйсенге қарағандай назбен таса...
Асығыс қарғып түсті аттан жігіт;
(Тегінде тықыршыймыз қыз караса).
Беріліп наз жүрегі әр қыялға
Бұл жаққа келіп еді Марням да.

Бар еді сырлас қызы, Өрік деген,
Ән күйге ол да құмар ару жан да.
Селода тұрған көрші Өрікпенен,
Әнші қыз, дауысы бар еркін, өрен.
Сүйікті болған еді Мариямға,
Наз, жылы мінезімен, көркіменен,
Әкесі бай орыстың малын бақты,
Жыл болды, түтек боран соғып қатты,
Шөп тасып айдалада жүрген кезде,
Сорлы әке үсіп жолда өліп қапты.
Кәрі ана, қайғы түсті қыз басына,
Сондағы тек Мариям наздысы да.
Ыдырыс келіп бір күн, жақыным деп,
Көшірген Өріктерді өз қасына...
Өрік қыз әлі бала, әлі еркінде,
Құлпырған жаңа ғана гүл көркі де,
Ыдырыс жетім қызды еркін ұстап,
Сыртынан күлімдейтін көріп күнде.
Күй мен би алушы еді қыздың дәтін.
Көкейін қытықшыл күй қоздыратын.
Кездесе Мариямға Өрік кейде,
Біздерге би үйрет деп наз қылатын.
Сәті боп Мариям да келген еді,
Онаша, көзден таса көл жиегі,
Мариям гармон тартып, өзі бастап,
Қыздардың қызып еді сол билері.

v

Осыған сүйсініп тұр Дүйсен біздің...
Бірақ та арасынан көп сол қыздың.
Көзіне Мариям қыз жарқырады,
Шолпандай ішіндегі топ жұлдыздың.
Табиғат қалай асыл нұрын күйған?
Кетінті сұлуланып бұрынғыдан.
Шоктанып көз жанары, жүзіне қан
Жайылып, бәйшешектей қыз құбылған.
Дүйсенмен сәлемдесіп жылы леппен,
Жүзіне қарап қана қойды әдеппен.
— Қыздарды қуантуға келдім деңіз,
— Сіз дағы құр қалманыз, кел билеңіз!
— Билесін.— деді Өрік,— гармонымен

Мариям, бұл жігітті әлдиленіз.
Осылай коршап кыздар бастырмалап,
Мариям гармонын да басты қалап.
Жігітім, шыныменен қыйналдың-ау,
Қыйын ғой білмегенге, рас, бұл талап!
Мереке, не бір тойда, небір кеште.
Сол кызды көрмесек те бұрын әсте,
Шақырса бізді биге

білмеймін деп,

Жігіттер, тұрғанымыз мін емес пе?
Ұялып солай Дүйсен қалған шақта,
Көп жылқы қаптай шықты кең алқапқа.
Келеді жылқышылар дүбірлетіп,
Осы бір күйкылжыған гармон жаққа.
Жігіттер келді.

Ол кім түсіп аттан,
Әзілдеп сақ-сақ күліп сөйлеп жатқан?
— Апырау, Базармысын? —

Барып Дүйсен,

Қушақтап алып келеді сол бір топтан.
Жігіттің аты —

Базар, өзі кедей,

Бірақ та жүрген жері жәрменкедей:
Жалғызбас, Ыдырыстың жылқышысы,
Бірақта жалшылығын жүрді елемей
Досы еді Дүйсеннің де сырға берік,
Кыздардан сүйіктісі сұлу Өрік,
Өріктің тілегімен Мариям да,
Нұрадан келіп еді соған еріп.
Көңілдің күйін серпіп жастық албырт,
Сол Базар сөйлеп кетті тасып-шалқып.
— Ал кәне, Мариямжан бас гармонды
Билесін мұндағы бар жас құмартып,
— Жігіттер аяқтарын баса ала ма?
— Билейміз қарғый басып қаса-кана.
— Өркенің өссін, Мариям, шырқа, шырқа.
Кызыққа батанық оір осы арада...

Жандарын қытықтайтын безек күй кеп
Ырғалып он екі кыз, кезек билеп,
Киіктей орғып кейде, кейде ұршықтай
Иірілді, шыр дөңгелеп, желпіп көйлек
Топ кыздың арасында әсем, сергек,
Мариям күйді тартып, өзін тербеп,

Айналған кейде кербез, кейде оқыс,
Аққудың қанатындай қолын сермеп.
Етегін көйлегінің жел әлдилеп,
Денесі суда қалқып жүргендей тек.
Теңселіп толқындары, су шымырлап,
Тұрғандай тіпті қазір көл де билеп.
Сызылып келісіммен, сырлы нәшпен,
От беріп жүректерге, күй тілдескен.
Билеуді білмесе де қыр түлегі,
Сол күйдің ырғағына оймен көшкен.
Етеді кейі арбаң, кейі бұран,
Қалбаңдап жатыр күліп, кейі бұған.
Мейлі! Басталарда бәрі қыйын,
Басталады ауылымда билі думан...

VI

Қаздай күн сүңгіп көкке жоғалды тез,—
Керілді жер үстінде көкше күмбез.
Жер жасыл, аспан ашық, жас көңілге,
Осындай сүйікті ғой кешкі бір кез!
Құрылды алтыбақан! Бәрін шақыр!
Талай жас көлбасына келе жатыр.
Сурықсыз, салтанатсыз сыйдаң қырда
Сарғайған жас қауымға бұл театр...
Қозғалды алтыбақан.
— Тербе, тербе!
Наз қыздар дауыстайды жігіттерге:
— Қаттырақ бас аяқты шырқа, шырқа!
Жөнелсін даусымыз жүйткіп өрге...
Ішінен сол үндердің шалқып аққан,
Бір дауыс әсем әнмен қаңат қаққан.
Тербетіп үміт күткен жүректерді,
Жабырқау жандарына жалын атқан.
Өзгеше осы бір үн өзекті өртеп,
Тына қап, құмарлы жас тұнып тұр тек.
Аңырып қалды Дүйсен, орыс қызы,
Кенеттен, әнмен жұртты кетті тербеп.
Көтеріп сыршыл Базар сол бір әнді,
Қостап тұр қошаметтеп Мариямды.
Ма тәңірі орыс қызы, қазақша айтып,
Қалайша тебірентеді тыңдағанды!

Қоңырау көмекейден сызылып ән,
Шыққанда шырқап көкке жүз құбылған.
Қадалып құштар көзі жігіттердің
Берілген, жұтып әнді бұлбұл қыздан:

«Амал жоқ қайттым білдірмей,

Опырау, қайтып айтамын?

Қоймады дертің күйдірмей,

Не салсан да тартамын.

Талайсыз, бақсыз мен сорлы,

Еріксіз аттап ұяттан.

Қорлыққа көндім бұл құрлы,

Байқалар халім бұл хаттан...

Шыныңды айт, кімсін тербеткен —

Иембісің сақтаушы? —

Әлде азғырып әуре еткен —

Жаумысың теуіп тастаушы?

Шеш, көңлімнің жұмбағын,

Әлде бәрі алданыс?

Жас жүрек жайып саусағын,

Талпынған шығар айға алыс»...¹

Сыңсып қыз естілмеген сырлы жырмен,

Құпия көңілден бір ой білдірген.

Қандай ~~наз~~ қалай шықты осы бір саз.

Мұңайып Мариямның жүрегінен?

Шыңғыстың шыңдарында шертілген жыр,

Ғашықтың жүрегіне төккен бе нұр?

Естіп бір Татьяна шерлі күйін,

Ыстық жас көздерінде мөлтілдеп тұр.

Расында бізге тосын аты ғана, —

Сүйкімді орыс қызы Татьяна. —

Назындай махаббаттың ұйып тындап,

Дүйсен тұр жүрегінің оты жана.

Осы бір жаңа келген әнмен тәтті,

Мариям әлдекімге мұңын шақты?

Сұлу ән, Татьяна, жас Мариям...

Шалқу сап, Дүйсен біздің ойға батты.

Қыялы қанат қағып тәтті жырмен,

Ұмытып айналасын кетті мүлдем.

Қол артып иығына Мариямның,

Жымыйып жалындаған от көңілмен.

¹ Бұл — Абайдың «Татьянаның Онегиге хаты» деген Пушкиннен аударған өлеңінен.

Жас біткен жана айтылған сүйіп әнді,
Сүйсініп, қалды ұнатып Мариямды.
Айтсын! —

деп, орыс әнін тілеп бәрі,
Телміріп әнші қызға тұрып қалды.
Орыстың өрең әні жетіп көкке,
Құйылды толқындай бір көкірекке.
Саңқылдап кетті даусы Мариямның,
Таратып тың әуенді төңірекке.
Өзгеше ән — шалқып түнде шыққан шақта,
Таңданып түрді құлақ жұрт аулақта.
Ағылды қойшы, жалшы сол маңдағы.
Осы өлең жаңғырығып жатқан жаққа.
Тілі өзге сыры терең сезілмеген,
Құдай-ау, түсінбедік сөзін неден? —
Десе де, тамылжып ән, тамсандырып,
Ұйытқан жүректерді сұлу өлең.
Керексіз әнге тілмаш — сыншыл наз ән,
Сүйсінсең балқымай ма сазына жан?
Тыңдаймыз таңдай қағып Поль Робсонды
Негрдің айтып мұңын, сыр қозғаған.
Сондай-ақ, сезгір жандар елтіп үнге —
Қосылып әнге бәрі кетті бірге.
Ән десе алып ұшқан халықпыз ғой,
Өлеңмен әлдилейтін өлімді де...

VII

Үстіне түйе жүнді шекпен киген,
Аптығып шықты біреу ақсұр үйден —
Жас қауым жатыр еді думандатып,
Қызықтың маздап оты әймен, күймен.
Ашулы, ақ шокпарлы, тұман түсті,
(Осындай пәлекор жан келер сұсты)
Ақырып ақ аюдай қалған кезде,
Жас біткен таный кетті Ыдырысты.
Селт ете қалды тоқтап ән үзіліп,
Сөнгендей лапылдаған думан-қызық.
Іркіліп әнге еріген қыз-бозбала,

Поль Робсон — негрдің әйгілі әншісі, әлеумет қайраткері.

Сәулетін жас ойнақтың кетті бұзып,
Көтерді ақ шоқпарын сермеп көкке,
Дүйсенді ұрмақ та еді тұрған шетте,—
Қолымен қалды қағып жылпос Базар,
(Сірә епті болушы еді мұндай кепке).
Ыдырыс жас біткенді атып көзбен,
Бажылдап жұртты куды бейпіл сөзбен:
«Сайтан қыз, жоғал әрман көз алдымнан,
Жоғал, тез азғын сұмдар, діннен безген.
Кұрындар, жын ойнақтар, жоғалыңдар.
Өншең жын, азып туған, бәле кұмар!..
Ыдырыс осылайша тұр барқырап,
Жылысып үрейлі жас кетті ыдырап.
Мариям сол айқайдан сескенді де
Сол жерден окшау барып тұр қалтырап.
Есітіп Ыдырыстың сойқан сөзін,
Үн-түнсіз кетті қадап Дүйсен көзін.
Ызалы жас біткенді сол бір сәтте
Билеген толқынымен қандай сезім?
Үрейлі, шошып қалған Мариямды.
Бәрі де мүсіркеді, ортаға алды.
«Қорықпа, Марияжан айқайынан,
Шырқашы тағы да сол, тағы да әнді!»
Жандары, жана естіген сол әнді аңсап,
Жөнелді жас өрендер қолдай самсап.
Тербеліп түнгі ауылға жаңа жар сап,
Алысқа ән жөнелді аңсап таңды,
Жәрменке жас өмірмен ән аттанды.
Ыдырыс бұлт бүркеніп көл басында,
Тепсініп жалғыз өзі тұрып қалды.

Ж ұ т

I

Қыс келді бұлың қырға басын сілкіп,
Қыраулы қабағынан ашу бүркіп,
Даланың келді ежелгі шапқыншысы,
Ақ боран асыр-топыр аң шұбыртып.
Бұл қырды кыйырсыз бір ұлан-байтақ.
Кеткендей аңталған боран тайпап,
Қар ұйтқып шудасынан қалың бұлттың,

Қаптаған буралардай басын шайқап.
Бейбіт қыр белеціне түсті бүлік,
Жалаңдап айдаһардай қыс құтырып.
Сабалап обаларды, молаларды
Далада тентек боран жүр ысқырып.
Жәндік те, жануар да, жортқан аң да,
Жай тауып тұра алмаған бұл жапанда.
Асыр сап алапат қар, долы құйын,
Билеген жер төпелеп жоталарда!
Сұрапыл соққан сондай бүрқасында
Бір шал жүр, Тұщы көлдің қырқасында.
Мұз қаңбақ секілді бір қалтаң қарттың,
Бүрсеңдеп үш-төрт қара жүр қасында.
Боз қырау бетін бүркеп, қарлы кірпік,
Кигені шидем-шекпен — бәрі жыртық.
Мұз қатып қабағына бүкшиген шал,
Қазып жүр қалбаландап қарды күртік.
Қазады, қардың тоңы мүлде қатты,
Ақ құйын толастамай бүрқап атты,
Тәлтіреп төрт сыйыры бұғып төмен.
Іздейді қар астынан қылтанақты.
Апырау, бұл неткен қыс, сұм селебе!
Соғып тұр өршеленіп мұнша неге?
Болса да наурыз айы әлі боран.
Мал шіркін қырыла ма, малшы өле ме?
Қыс ерте қырға жапқан мұз қанатын,
Таусылған мал азығы — аз ғана тым,
Ежелден жарлы малшы — сорлы малшы,
Қырдың да қау, түктерін аз алатын.
Үкен де шөптен ерте болып жүрдай,
Жүр міне, шырматылып сорға мұндай.
«Малсыздың күні қаран» деген сорлы,
Жұлқынды жаны малда тұратындай.
Қарды ашып, жегізгелі жердің түгін.
Талай күн аласұрып, көрмей тыным.
Бүгжеңдеп жапанда жүр күйгелек шал,
Боран да құтырынып тұрды бүгін.

II

Боран да соқты бүгін құтырынып,
Қар басқан төбелерді түтіп, ұрып.
Ысқырып өрен құйын ойнақтайды.

Еркіндеп ен далада өкім құрып,
Жалаңдап, қар саусағын жаза жылжып,
Шертеді айдалада азалы күй.

Үскірік сұрапылдың сол асыры
Далаға таратқандай азап ылғый.
Бір жақта бота боздап, түйе шөгіп,
Қалды ма боран көміп, несі өліп?
Бір жақта шұрқыраған жылқы даусы,
Қамаған әлдеқайда қасқыр төніп.
Ұлайды, маңырайды, мөңірейді,
Айнала ақ перделі — көрінбейді,
Үкен жүр кеш түссе де

тек малдары

Сау болса — өзі өлсе де көнді мейлі.
Айнала әр төбеде әркім әлек,
Алыскан асау қыспен бәрі бөлек.
Мал баққан талай жанды илеп боран,
Осылай көмген талай, қарға бөлеп.
Ежелден кедей сорлы малы аз ғана,
Сол малы күн көрісі жалғыз ғана.
Кесіп жоқ, егін де жоқ жарлы қазақ,
Жанындай малын жауға алғыза ма?
Ышқынды долы боран тағы үрейлі
Басқандай бар даланы жау дүлейлі,
Мүскін шал төрт сыйырын тағы иіріп,
Өзі де қалтырайды, дірілдейді.
Іздейді кімнен көмек? — Жауыз бәрі,
Нәрінді тартып алар ауыздағы.
Көлгір көп әншейінде, ал қырсықта
Сорлының қыйналады жалғыз жаны.
Осы бір мал күйреген құрғыр қыста,
Үкен де барып еді Ыдырысқа,
Сұрады содан көмек — бес байлам шөп...
(Жүретін санап оны бір туысқа.)
Бораннан төтенірек бұрқырады:
«Сор кедей бұзылды ма шырқын тағы? —
Бұзық бір ұлын бар ғой, құр есіріп,
Орыстын жүрген шырмап шытырмағы.
Құтқарам, бұл пәледен, соны көндірі,
Бетімен келмей кетіп, не ғып ол жүр?
Жылқымды бақсын ұлын, өзің мал бақ,
Малыма қос малыңды!» —

Деді көлгір.

Кетсе де изеп басын,—

ол көнбеді.

«Қалай бұл, қыңыр бала өр кеуделі!»
— Жалынба қу болысқа, өлсе де мал,
Сен үшін сор азапқа көнем!» — деді.
«Шыдаңыз, өлсе де мал, көніңіз! — деп,
Кеткен-ді село жаққа корек іздеп.
Көп болды, тіпті бүгін шапқы! боран
Жаушыдай жатыр тізбек-тізбек.
Жапанның бұлан-талап қыйырлары.
Ақ топан толқындады, құйындады.
Шіліктей иілді шал, шыр айналып,
Сілкініп, сүмеңдеді сыйырлары.
Сыйынды тәңірісіне енді Үкен:
«Уа құдай, рахымынды күтем, күтем.
Сақта бұл сыйырымды, несібемді,
Мені ая, боранды бас, мынау төтен!».
Тауабын тындамады қыңыр құдай,
Қаһарын төкті боран бұрынғыдай.
Бір сыйыр құлап түсті, — сол боранның
Өшіккен Үкенге қас бұйырығындай.
Сыйырды бүркеп боран иірілді,
Кебінге орагандай құйын қырды,
Алдында қалтаң қарттың шыйырық атып.
Ақ басты жыландардай жыйырылды.
Көріп, шал дене мұздап дірілдеді,
Жас парлап, ерітіп мұзын түріндегі,
Құшақтап сол сыйырды сұлап жатқан,
Кемсендеп еріндері күбірледі:
«Бейбақпын, құдіретіңді танымаған.
Сақта сен, ая мені, талып барам,
Сақта сен, сыйырымды, әулие өзін,
Табындым енді саған, тәңір боран!»

III

Жатса да азап зары араласып,
Бытырап әр еңіске қонған лашық,
Астында ақ боранның шайқалып тұр,
Түндігін, туырлығын тау қар басып.
Малшының құрым киіз баспанасы,
Құрысын, ырыс көрген бес қарасы,

Бебеуін қағып кемпір, аяз қысқан
Әр үйдің шырылдаған жас баласы.
Құрсаған киіз үйді аяз, мұз қар,
Ішінде алты ай қыста азынап зар,
Сол үйде қалтырайды малшы жұрты,
Бойларын буып ылғый азап ызғар.
Мілеки, қараша үйде шеткелең бір,
Бүкшініп от басында отыр кемпір.
Күні-түн қый-тезекті тұмандатып,
Алысқан сорлы кемпір отпенен құр,
Бықсыйды улап көзді, жүректі жеп,
Жанбайды үрлесе де дымқыл тезек.
Ал сырттан аяз боран үйді сабап,
Ышқынып ысқырады қағып безек.
Үйдің де үзіктері құрым-жырым,
Қап-қара күйе басқан туырлығын!
Қырау көз кереметің сағанағы,
Түндіктен қылаңдатқан қар құйрығын.
Сол бір үй, секілді бір сірі тулак,
Сабайды, сабау құйын секіріп-ақ.
Майысып тал қабырға уықтары,
Шаңырақ шеру шертіп тұр сықырлап.
Келгендей қалың бір жау қырдан шұбап
Анталап тұрғандай бір аңдар шулап,
Сол үйдің жығылғандай іргесіне,
Алыстан үсіп келген адам жылап.
Осылай ыңырсыйды, өкіреді...
Кемпірдің айрылғандай көкірегі,
Күрсініп Дүйсені мен байғұс шалды.
Ойлап бір сүмірейіп отыр еді.
Малдарын жел алды ма, жын алды ма?
Өзін де көміп боран жоғалды ма?
Сәріден бермен әлі шалы да жоқ,
Әлегі асып кетті боранның да.
Соны ойлап кемпір байғұс отыр еді.
Ойласа, айрылғандай көкірегі.
Сорасын көзіндегі сүртіп қойып,
Ошаққа төніп тағы от үрледі.
Есіктен кірді міне, аппақ қарлы
Арқалап алып келді ақсақалды.
Бұл келген Дүйсен екен, арқалаған
Әкесін, әкеп отқа тоса қалды.
Сорлы шал үскірікте үсініпті,

Домбығып, бұзылыпты түсі тіпті.
Мұз қатқан бет-аузына, қол қыймылсыз.
Аяқ та жансыз, дене ісініпті.
— Шешетай, отты қыздыр жылдамырақ,
Адасып кетіпті әкем үйден жырақ,
Қырқадан түссем бері бір сыйырға,
Сүйеніп малшып байғұс тұр қалтыран.
Ұшыпты сұрапылда бір сыйыры,
Құрбаны құдіреттің бұл быйылғы.
Әкелдім өзін әрең, мінгестіріп,
Құрысын, малшы күні қыйлы-қыйлы!
Көнерміз қырылса да қалған қара,
Тірлігің екеуіңнің арман ғана.
Сау болса аяқ-қолым, Ақсұратым,
Шешетай, қор болам деп қорғалама,
Достығы жақсы адамның жоғала ма? —
Жарты қап тары берді Жагор аға.
Қыймастан берді бізге, өзі жарлы,
Құдай да мұндай бізге жар бола ма?!
Аз шөпті танысымнан алдым сұрап,
Басқа мал қырылса да атым, бірақ,
Сау қалсын! Көктем келе көшеміз біз,
Барамыз село жаққа жақынырақ...

IV

Сезілді бүгін ғана көктем лебі.
Тықыр жер жатыр жаңа көктегелі.
Арқаға аузын ашқан ақ борандар
Андай бір қырды жайпап өткен еді.
Созылды жылдағыдан қыс быйылғы,
Ысқаяқ, үскірік қар, жел құйынды,
Ұзақ кез шұбатылып соғып ылғый,
Жалмаған жалаң қырды, кең қыйырлы,
Даланы аш бораны тістей тонап,
Ашпаған ашулы аспан қыстай қабақ,
Көктемде көктен қарлы нөсер бұрқап,
Жағалай қырды басты мұз тайғанак.
Ілінбей ауызына жердің түгі,
Апатқа ұшыраған қыр түлігі.
Ежелден табиғаттың даламызда
Жасайтын малшыларға бұл бүлігі

Қайрат жоқ, амал да жоқ қорғануға,
Қорғансыз қыры жалаң сорларына,
Қыс қамын ойламаған онда малшы,
Тебіннен талшық тілеп сол малына.
Қырылды қыруар мал осы жұттан,
Талайдың малы түгіл, басын жұтқан.
Қазақты құтқармаған қатал тағдыр
Ол кезде табиғатқа, масылдықтан.
Мәз болып қыбырлаған тай-тулаққа,
Талшығын таба алмаған талма уақта.
Осылай ата-баба өткен екен,
Тапсырып мал тағдырын табиғатқа!
Мінеки ағылған көш-қыр белеңі,
Айдаған бәрін, жұттың дүрбелеңі,
Ыдырап ойға бірі, қырға бірі,
Әр жаққа ауды ауылдың іргелері.
Алдымен алды шырмап жұт кедейді,
Байларға, жұт даланы жұтса мейлі,
Жүз малы өлсе, мыңмалы төлдеп қайта,
Өрбиді, өсіп тағы еселейді.
Кедейдің көштері бұл құрым-құрақ,
Алдында айдағаны арық-тұрақ.
Жүздері жұтаң жұрттың жүдеу, сылбыр,
Келеді әрең басып, арып-қурап.
Боз інген бүрсең қағып, бота боздап,
Қойлары жолда құлап жата жаздап.
Көтерем сыйырлары сыйрақтарын
Иілтіп келеді әрең, сылтый қозғап.
Осылай жылжып жадау көш келеді,
Шұбырып бұл Дүйсеннің көшкен елі.
Қырсықтан қыстан сорлап, корек іздеп,
Ығысып Нұра жаққа көшкен еді.
Келеді бір түйеде Үкен міне,
Қасында кемпірі де отыр бірге.
Айрылған төрт сыйырдан боран жалмап,
Өршіген қайғысының оты мүлде.
Түйенің үстінде қарт теңселеді,
Бәрінің түскен бірдей еңселері.
Дүйсен де ат үстінде ойға батқан,
Көрем деп алдан қандай әуселені.
Тек қана қырғын жұттың кесірінен,
Әкесі келе жатыр көшіп әрең.
Нұраның жағасынан жай таба ма,

Ұнасып Жагорлардың кесібімен?
Ренішті көшуіне әке тегі,
Күйігі малдың қалай өтеледі?
Және де жарлы-жақпай төрт-бес үйді,
Көшіріп бірге міне әкеледі.
Солардың жұмсап ойды тағдырына,
Қарайды қырдың кара адырына.
Түксиген түйелердей оба-төбе,
Батқандай тап өзіндей бәрі мұңға.
Тек Нұра алыста ойнап, аласұра,
Жігітті шақырғандай жағасына.
Сағымнан елес беріп ақ Мариям,
Бұлбұлдай ән шырқаған ағашына.

v

Жел шымшып секіреді жасыл Нұра,
Ау салған балықшыны ашындыра.
Көктемде еркелейді ойнап солай,
Құпия сырласқандай ғашығына.
Кешіп жүр сол өзенді бір топ адам,
Құрық сап ағын суға толқындаған.
Құрығы — торлы сүзбе, түспей соған
Балықтар су ішінде топырлаған.
Бұлардың бірі орыс, бірі қазақ,
Бұл жерге айдап келген бәрін азап.
Қосылды Жагорларға бұл жағада
Ауылдан, ауған кедей арып ұзақ.
Бірнеше лашық орнап жар басына,
Киіз үй, саманкалар жалғасуда,
Ырысы бәрінің де, бұл көктемде,
Өзеннің қылдырықтай арнасында.
Үкен де жүр осында сүзіп балық,
Шулары балықшының қызық анық,
Гулесіп сөйлеседі, күліседі,
Тор тастап, төреңіне дүзіп барып.
Жағадан табылғандай жақын аулы,
Ұмытқан жүдеулікті, жабырқауды.
Жагор карт болып риза бұл жұртына,
Күлімдеп тастап суға жатыр ауды.
Сөйледі Үкенге де күлімсіреп:
— Ал Үкен, ауға шортан ілінсе тек —

Бір қойым қоздады деп қуана бер,
Ойлама, малда ғой деп ырыс-тілек...
Жымыйды езу тартып оған Үкен
— «Суда да ырзық-кәсіп болады екен!»
Келгенде түйесінен түспеп еді,
«Малы жоқ қоныс па» — деп бұл қу мекен.
Әйтсе де Жагор досы жайып құшақ,
Қабылдап мінезбенен жайдары-шат,
Көтерген қам көңілін қарт Үкеннің,
Тар үйі кең жайлауға жайнап ұксап:
Түсініп, бір-бірінің наз мұңына,
Аз ғана бөліп берді азығын да,
Үкен қарт қайғырса да төрт қара үшін,
Көндігіп қалып еді қазір мұнда...
Ал ұлы өзеннің шет жағасынан,
Там үйді салып жатты қалап шымнан.
«Құрысын қысты күні киіз лашық!»
Деп талай бұдан бұрын ол ашынған.
Көктем шат, ән шырқаған құс шуылдап,
Бұл жаға болды оған гүл шырын бак.
Көнді әке тұрақтауға осы жерде,
Кірісті Дүйсен іске құлшынып-ақ.
Жалғыз-ақ ішінде бір үміт тәтті,
Бір кетпей жүрегінен ұйып қапты.
Сүйемін... Бірақ қайтіп...

Бар-ау бөгет...

Деген ой қыялында құйындатты.
Былтыр күз қайтқан түнде Ащыкөлден
Құшағын Мариямға ашып келген.
Қымсынып әлденеге қыз тартынып,
Лүпілін жүрегінің басып келген.
Жігіттің арманы да ауыр еді,
Шырмады жұттың быйыл әбігері,
Көргенде Марияны мұңға батып,
Жүр еді ойы толқып әрі-бері.
Сақтап бір жас үмітін күн көзіне
Жиектен келе жатыр қыз өзі де.
Дүйсеннің ұйып қалды жүрегіне,
Қыз көркі, наз дауысы, мінезі де...
Жарқылдай қыз сәулесі көзіндегі,
Жігіттің ұшқындады сезімдері,
Құшағын жайып Дүйсен тұрды қызға,
Сүйодің сәтіне де әзір еді...

Ш ы р м а у

I

Аулақта, аржағына Ащыкөлдің,
Бір сарын тұр еңсесін басып елдің,
Шу шығып сегіз қанат сұрғылт үйден
Сүреңін кетіргендей жасыл белдің.
Жат сөздер түсініксіз, сарнау шулап,
Кеудесін зіл басқандай зорға шығар.
Шаншылып отыр сонда көк өрімдер,
Торланған түнек түсті молдасы бар
Түнеріп қара бұлттай отыр молда,
Түксиіп қарап қойып оң мен солға.
Құдайдың өзі ұстатып кеткендей-ақ,
Әсілі ақ таяғы түспей қолда.
Шәкірттер жамырасып үн шығарған,
Айтылып жатыр міңгір ағуз-әлхам,
Қадалып құмырысқа із иректерге,
Қозыдай көгенделіп көздер талған.
Осы оқу, осы біреу ирек әріп,
Аяздың ызғарындай, мыйды қарып,
Талайды түтегінде шырмап талай,
Шіріткен талай мыйды илеп алып.
Оқыса, ежелері бас қатырған,
Қыйын бір-құпия ма осы құран?
Арапқа сатылған ба жұмбақ құдай,
Қазаққа түсініксіз, сыры тұман.
Көрінбей білмегенге бүркеніші,
Жайылған елімізге дерт ерісі.
Асылы, құралы не, құраны не? —
Араптың ескі мылжың ертегісі.
Халқымның қамау болып өрлеуіне,
Орауға дүлей діннің өрмегіне,
Қырықаяқ қыбырындай құж әріптің,
Бір кезде елім сорын көрмеді ме?
Уыз мый, ұшқыр қыял, жас кезімде
Азабы осы әріптің түсті өзіме.
Әліптен биға дейін бір ай жүріп,
Күндерім жас балалық өтті езіле.
Айтылмай тіл бұралып әлхам-аят,
Үстіме төніп талай қалған таяқ.
Сол шағым өткен зая еске түссе,

Өкінем, ойға батам өзімді аяп...
Әріпті алдындағы әрең көріп,
Осы үйде сорға батып отыр Өрік.
Торға бір түскен құстай жаутаңдайды,
Басынан қызық думан кетіп ерік.
Былтыр Ащыкөлдің басындағы
Күй мен би, орыс әні, жас жырлары
Көрінді Ыдырысқа зор бәле боп.
Қатулы қас-қабағы ашылмады.
Тұтанды ежелгі сұм ашулары.
«Немене, жын ойнақтың басынғаны,
Сәпелек орыс қызы ауылымда,
Сайтанның сабақтарын тасығаны?!»

Үкеннің азғын ұлы, Базар құлым.
Тұсымнан даурықтырды дозақ үнін.
Билепті, Өрік қыз да, бұзылыпты
Бетінше жіберіппін — жазам мұным!»

Соны айтып әдетінше, күні бұрын.
Кіжініп түйді сойқан жудырығын.
Зығыры кайнап сол бір жас біткенге,
Төндірді Өрікке де зіл құрығын.

Осыны кеңескенде казіретпен:
«Сұмдарға орысшылап азып кеткен,
Үйрету керек дінді! — деген соң ол,
Аулында медресіні әзір еткен.

Алыстан молданы әкеп бір сүмелек,
Қорқытып құдайменен салып әлек,
Көкөрім гүлдей жасты көгендеп ол,
Қамаған сол бір үйге сыры бөлек.

II

Айрылды, еркіндіктен, мәз күлкіден,
Ада боп ән мен биден, наз үміттен.
Сарғайып отыр Өрік бұл қапаста,
Қайғырып тағдырына өзін күткен.
Бақыты, еркіндігі болды аз-ак,

Басына енді міне төнді дұзақ.
Ыдырыс сұқты көзбен караушы еді,
Қыз өтсе үй алдынан, тұрып ұзақ,
Ісі жоқ жастықпен де, қызықпен де,
Ойлаған ку құлқынды бұзық пенде.
Айтыпты анасына — «қызынды бақ,
Қожа — мен жемісінді үзіп жеуге!»
Жасырды ана сырды жалғызынан,
Осылай жас киікке ор қазылған,
Шалынып кезбе күбір құлағына,
Жүзіне қашты қыздың алқызыл қан.
Көнесе де дүниенің өз азабына,
Көнеді қайтып сұмның мазағына?
Басында сорлы қыздың қыйлы қыял,
Қайда жүр мұндасатын Базары да?
Кең жер жоқ, жырлайтын бір мұңын шырқап
Бәрі отыр, мағнасыз үнмен шулап.
«Қорықса діннен, маған тез көнер!» — деп,
Ыдырыс қойды мұнда, қызды шырмап.
Быйыл жұт — ниетіне болғандай тап,
Байыды ол, жегідей бір жұртты жайлап.
Құлқыны ауды енді жас тоқалға,
Мекеге баруды да жүрген ойлап...
Ал Базар сол бір кешкі сауық үшін,
Қатыкез қожасынан тауып қысым,
Қашып бір кетіп еді, білді ме екен.
Өрікке төнген мынау хауіпті шың?
Әлхамға қарамады ынтасын сап,
Жүрегі еркін шақты отыр аңсап,
Бұлдырап қара көзі, басы меңзіп,
Әріптер құмырысқадай өрді самсап.
Мыңғырлап айтты молда ағузыны,
Өрмегі қыз қыялдың тағы үзілді.
Ал бір үн жете қалды құлағына
Қай жақтан, толғады кім нәзік үнді?
Құпия сырмен ғана баяулатқан
Шықты екен сызылып ән қай аулақтан?
Кәретін жасынан қыз ән-күйді артық,
Көңілсіз әлхамдардан, аяттардан.
Лятын молдекесі айтып шұлғып,
Жығылды жайнамазға етіп құлдык.
Мұндайда қыз епті ғой еленбеуге,
Ақырын үйден шығып кетті жылжып.

Оятып ұйқысынан кен даланы,
 Аспанның арай берді алтын таңы.
 Үстінен түнек зілін сырып тастап,
 Ғашық жер күн жарына жаутандады.
 Жасырын жүгіріп жел қағып сыбыр.
 Тамаша таң лебінен тасыды сыр.
 Керіліп буырлы бел, боз бетеге,
 Шық конған акша гүлін сілікті қыр.
 Күн құмар бозша торғай алақайлап,
 Шыр-шырлап аспанына дүзді сайрап,
 Қызыл күн сәукелелі келіншектей,
 Жарық етті боз отаудан көзі жайнап.
 Адырдан үш салтатты түсті төмен,
 Күн жақтан көтеріліп ескен әуен:
 Екі қыз, екі жігіт келе жатыр,
 Сол күндей жалын атып түстерінен.
 Үреймен түнде жортқан, қазір бірақ
 Шаттық нұр көздерінде тұр жарқырап.
 Дүйсеннің өр дауысы даланы алып,
 Келеді жаны сүйген әнді шырқап:
 «Қыз емес, қыздың аты қызыл бидай,
 Қыз үшін түнде жорттым сөзін қыймай». —
 Дегенде, көтереді шырқап бәрі,
 Жар сүйген жандарының қызығындай:

Ахау-айдай,
 Қызыл бидай,
 Бұралып тал шыбықтай,
 Жолда тұрғай...

Жастықтың аңсарындай еркін, ізгі,
 Қыздырған бұл ән талай ерітіп бізді,
 Мариям, Дүйсен, Базар айтып соны,
 Келеді алып қашып Өрік қызды...
 Ауылдан шеттеп Базар жүрген жакта,
 Шалынған Өрік жайлы сыр құлаққа.
 Қайғырып сорға батқан сүйікті үшін,
 Шыдамай мінді Базар сол күн атқа.
 Асығыс Дүйсендерге келіп жеткен;
 Шерткенде ғашық мұңын, ол жүректен,
 Мария, торға түскен Өрікті аяп,

Жүрегін Дүйсеннің де елжіреткен:
— Көн, Базар, бейнетке де, қуғынға да,
Жігітке гашық зары — қайғы ғана.
Құтқар тез, сорлы қызды сол бұғаудан,
Қорғайды құшағы кең айдын дала!..
Осыған ұйып бәрі, буып белді,
Ащыкөл жағасына суыт келді,
Сызылып Мариямның жеткен әні —
Жаршы боп сол сұр үйге суық ренді.
Жапқанда Ащыкөлге түн канатын,
Өрікке тосып Базар тұрған атын,
Тіл қатпай мінгесті де, кетті қашып,
Ежелден осылай қыз ұрланатын.
Білдірмей бейуақытта басқан ізді,
Аялап тек құшағын ашқан түзді.
Келеді қуанысып төрт сырлас жан,
Ыдырыс білмей қалды қашқан қызды.

IV

Келеді екеу-екеу өзді-өзімен,
Құпия үміт жайнап көздерінен.
Жылысып Базар, Өрік озып алға,
Дүйсенге оңашада сөз берілген:
— Қарашы, екеуінің жарасуын.
Бақытты-ау, тапқан солай жар ғашығын.
Айтайын, Марияшым, оңашада,
Сырымның жүректегі бар асылын.
Айтуға әлденеше оқталып ем,
Жанымда сәулең жанып жатқанымен,
Көзіңнен, әндеріңнен от алсам да,
Айталмай ащы мұңды тоқталып ем.
Даланың дарқан өскен түлегімін,
Өзіңе аян менің бұл өмірім,
Таба алмай шын бақытты, армандарым
Түбінде тулап жатыр жүрегімнің.
Расында арманым көп сыры терең,
Өзіме оты лаулап көрінбеген,
Күйігім өршіп кетті — жұтап елім,
Ежелгі сұр қырсықтың сорыменен.
Тар жолда тоғыстырған тағдыр өзі,
Өнеге — әкелердің ақ мінезі,

Ұнап ең бұрын жылы жүрегіңмен,
Әніңнің әнеугі бір тартты сөзі.
Жаныма әнмен тәтті ұяладың,
Арналған әлдекімге қыял әнің?
Бірақ та ойлап сені, Марияжан,
Түндерде, ұйқы көрмей қыйналамын.
Қызысың ұлы жұрттың биік кеуде,
Асылсың әнің мен де, көркіңмен де,
Бір бейбақ бақташының баласымын.
Шексіз тек сүйем десем, ерітем бе? —
Деп Дүйсен, мөлдір қара көзін қадап.
Күткендей лебінен бір өзіне бақ,
Телмірді Мариямға жауап тілеп,
Жалындап жүрегіңде сезім, талап.
Жаутандап қыз да сол кез қарап еді,
Жігіттің қандай күшті жан әлегі,—
Қуарып, тез қызарып қоңыр жүзі,
Алқынып шыққан шапшаң және демі.
Күрсініп сөйлеп кетті Мариям да:
— Оңаша, аулақтағы бұл қыянда,
Тұрмыстың әуресімен, қапалықпен,
Өзім де түстім талай әр қыялға.
Көңілсіз жағадағы жетім бұлбұл
Секілді шырқағаным менің мұң жыр,
Сергітіп жаны жүдеу ата-ананы,
Ән айтып көтерілген көңіл құрғыр.
Солардың жалғыз қалған серігімін,
Аулақпын желігінен сейіл жырдың,
Әнімнің сыры терең ағындарын,
Қыядан тап болдың да сен ұғындың.
Байқадым, табындың сен, ән сазына,
Сол еді бойымдағы бар қазына,
Қостың үн менің жұмбақ әуеніме,
Баладың естілмеген жар назына.
Ұнады маған ұшқыр дауысың да,
Қосылған қырдың сонау алысында,
Менің де көңіл құсым құштар еді,
Ән сүйген сол жүрекпен табысуға.
Аулақпын жұрты өзге деп жатсынудан.
Естіп мен қырдан талай шат, сұлу ән,
Таң қалғам құдіретіне қыр даусының,
Шалқыған адамның ақ сырынан.
Сүйемін сені, бірақ көңеміз бе?—

Түскенде өңшең залым күндеп ізге,
Сұм тілдер сұман қағып, бізді азғын деп.
Таянса тағдыр зілі төне бізге.
Желдей бір өсек қырда гуілдесе,
Атадан азып бізді туды десе,
Қосылып көрген жоқ деп орыс, қазақ.
Жан-жақтан дүлей күштер дүбірлесе,
Ата-ана риза болмай, салып әлек,
Біздерден безіп бір-ақ кетсе бөлек.
Дұғамен күңіреніп мешіт, шеркеу,
Біздерге мәңгі қарғыс айтса нәлет,—
Сонда біз болмаймыз ба қуғын, бейбак,
Осыған көнемісің, көрдің бе ойлап?—
Дегенде жігіт жаны тебіреніп,
Сөзін де бастап еді толқындай қап.
— Соны ойлап бөгеліп ем, шынын айтсам...
Кенеттен, Қарадырдан күйындап шаң,
Қуғыншы келіп қалды...
Қол ұстасып,
Екеуі бір қопаға кірді шапшаң...

v

Батты күн, алтын сәуле сүңгіп тарап.
Киізден бұлттарды жамылды алап.
Жабығып жар басында Үкен тұрды.
Кешіккен баласының жолын қарап.
Шаңдатып бейбіт, бұлдыр кең алапты.
Салтатты суыт жүріп келе жатты.
Ұлына ұқсамайды, бұл кім екен?
Бейуақта келеді бұл неге қатты?
Тұлғасы қорқынышты, түрі сұсты.
Жаушыдай жүрісінің сыры күшті.
Арбыйған ат үстінде алпамсадай,
Үкен тез таный кетті Ыдырысты.
Келді де сәлемдеспей сөйлеп кетті:
— Сені кім осы жаққа сүмендетті?
Жат жұртқа қонс болған қазақ бар ма,
Кім көрген сендей сорлы сүмелекті?
Атаның жолын аттап, келдің мұнда?
Орыспен бірге тұру дінге күнә.

Ұлыңа әпермексің Жагор қызын,
Болмақсың шоқындымен енді құда.
— Уа тәңірі, сақта мені, бұл тек ғайбат,
Бұл жерге келді бізді жоқтық айдап.
— Жоқ жалған, крестьян болмақсың сен,
Жанымда соның қаупі жатыр қайнап!
Қайда ұлың? Көрсет азғын, сұм шірікті,
Еліме салды бүгін сол іріткі.

Аулымда орысша құр дырду құрып,
Шошытты аруақты, дінді, жұртты.
Бұл жаққа босты тыныш жатқан елім,
Сол азғын жүрегіне сапты әлегін,
Базармен қашып кеше кетті Өрік,
Өсіріп өзім үшін сақтап едім.

Қайда екен, сімілтірік қаңғыбас құл?
Оларды сайтан желік оңдырмас бұл!
Бәрін де желіктірген сенің ұлың,
Орысқа ентелеген есуас бір...

Уа, тәңір, сүйегіме түсті таңба?
Не істеймін мынау азғын туысқанға!
Болмаспын жұртқа таба!—

деп зілденіп,

Тепсінді алдындағы мүскін жанға:

— Азба сен, өз еліңді тезінен тап!

Қаңғырма, қасыма қон, сөзіме бақ.

Алдыңа мал саламын,—ал ұлыңа

Әперем қазақтың бір қызын қалап.

Кешірім сұрасын ол, менен, діннен,

Безсін ол, Мариямнан мүлдем-мүлдем!

Базарды ұстап берсін, жесірімді

Әкетіп, атағымды кірлеп жүрген.

Білемін, азғындардың сыры бірге,

Өршіді зілді өсек сыбыр күнде,

Барамын кетіп міне ұлықтарға,

Ашынсам, айдатамын Сібіріне!

Ұлыңды көндір жылдам, бар еліме.

Түспе сен ашуымның әлегіне!

Сілтеп бір сар қамшысын кетті жүріп.

Сүңгіп тез қап-қара түн әлеміне.

Бұндайды естімеген бұрын тегі

Үкен шал қалтырады, дірілдеді.

«Қайдасың, қарғыс атқан ку жалғыз!» деп,

Бейуакта безектеді, күбірледі...

Ал Базар келіп қырдың алысынан,
 Жай тапқан хуторда бір танысынан.
 Қапада көзге түспей қалып еді,
 Өтсе де Ыдырыстар дәл тұсынан.
 Содан соң тарап еді әр тарапқа,
 Серттесіп махаббатқа, өр талапқа.
 Сырларын ата-анаға айту үшін,
 Мария, Дүйсен кеткен Нұра жаққа.
 Танысы Тимофей шал, келіп жеткен,
 Базар да білуші еді оны көптен,
 Жоқ іздеп жүрген кезде бұрын талай
 Үйіне осы қарттың қонып өткен.
 Ақжарқын сол кісінің пейлін біліп,
 Өрігін алып Базар келген кіріп,
 Қабылдап қария шал құғындарды,
 Білдірген жылы жүзбен мейрімділік!
 Күндерін айтып Базар көріп өткен,
 Шалдың да қарт жүрегін тебіrentкен.
 Арманды албырт шағы өзінің де,
 Осылай арпалысып өтті кекпен.
 Күрес пен қуғыншылық көрген бейнет,
 Көзінде отын сақтап жүргендей тек,
 Өріктің халін естіп өрши қалды,
 Ежелгі жүректегі сол зілдей кек:
 «Менің де жауыздарға кетті кегім,
 Алыспен өтті жастық отты лебім.
 Көргенде Ыдырыстай сойқандарды.
 Ызамен көтерілер көкірегім.
 Дүзіңдей жарқылдаған ақ алмастың,
 Сүйсінем ерлігіне сендей жастың,
 Шырағым қайсар бол да, қайрала бер.
 Күреске аяғыңды жаңа бастың.
 Сақта сен еркін қызды — көркін, гүлің!
 Сақта сен, жүрегіңнің еркіндігін.
 Жасыма не көрсең де, бақытың сол,
 Заманның күреспенен көр тірлігін!»
 Тыңдады қарттың Базар бұл кеңесін,
 Өткізді бір талай күн бірге кешін.
 Сөздері қарияның беріп сабақ,
 Көргендей бақытының шын елесін.
 Ондайды естімеген өмірінде,

Сырына Базар ылғый берілуде.
Жайрандап өз үйіндеі жайнап жүзі.
Тілегін айтып жатыр Өрігі де:
Базаш-ау, алгі біздін Дүйсен кайда?
Еркін бір масайрайтын осындайда,
Жасқанып әденеден жүргенше күр,
Сүйікті Марияшқа қосылмай ма?

VII

Келеді Дүйсен міне, кетіп шыдам.
Амалсыз жасырынып қуғыншыдан
Күйініп Мариямы қалды үйінде.—
Алдында құлазыған күңгірт шыған.
Қопадан айрылысып әр тарапқа.
Үйіне қайтып Дүйсен барған шақта.
Үркітіп үміттерін ұялаған.
Әкесі айқай салды жар қабақта:
— Желігіп қаңғыбас ұл, не істеп келдің?
Сұмдықты сумаң қаққан ескермеппін.
Қыз алған діні жаттан қазақ бар ма?
Торына қалай түстің осы өрмектің?
Жагорды дос көрсем де, болман құда.
Қыз алу діні жаттан болар күнә.
Ыдырыс кетті сөгіп, уа жасаған,
Масқара болғаным-ау, ел алдында!..
Мариям дегенді қой, өшір үнді!
Сұра бар, Ыдырыстан кешірімді.
Ұстап бер, қашқын анау Базар қуды.
Тигізбе, маған мұндар, кесіріңді.
Әйтпесе, қарғыс айтып мен зілденем.
Кетемін Ыдырысқа өзім!—деген.
Айтса да Дүйсен шағым жүрегімен.
Тыңдамай әке байғұс безілдеген.
Амалсыз үйден Дүйсен, безіп аулак,
Қыйналды әкесінің сөзін ойлап.
«Қыйсайды қыйсық әке, қыңыр құдай.
Болыс тұр, қара қаны қызып, қайнап».
Келеді жортып жігіт Ақсұр атпен,
Базарын іздеп сонау — алыс кеткен.
Сонымен сырласып бір шешпек еді,
Жолдарын құтылудың, қасіреттен.

Мінеки асты белден, алды сағым,
Алыстан жайнайды қыр, шағылса күн.
Көкжиек көлдерінен қыландады,
Аз ғана қора-қопсы, малы шағын.
Ежелден ел қонбаған бұл бір шыған,
Болатын аулақ жолдан, жолаушыдан.
Бірі бұл құлазыған көп белдердің,
Таныс жер Дүйсенге де бұл жасынан.
«Кімдер бұл, қоныстаған айдаланы?»
Немене алдына сап айдағаны?
Бір-екі түйе жеккен, сыйыр жеккен,
Ақырын бетегені айналады.
Сағымнан соқа дүзі жалтылдай қап,
Шаң ұшқан жерден туған жалындай тап.
Таянса — жерді жыртып топ қазақ жүр,
Қыйқулап көліктерін жылдам айдап.
Көрді де жер сауырлап жатқан жұртты.
Қуанып түсті шапшаң аттан тіпті.
Күлімдеп сәлем берді бәріне де,
— Береке болсын өнім, сәтті, құтты! —
Деп Дүйсен жөн сұрады налып көбі,
Күрсініп әлде неге қалып еді.
Қапсағай бойлы қарт бір қатты жауап,
Оның да әрең шықты ауыр лебі.
— Жарлы бір ауыл едік, алыстағы,
Тұрмыстың қысқан бізді тар қыспағы,
Аз ғана малды бағып азаппенен,
Тәңірдің түскен бізге қарғыс кәрі:
Құдайдың бізге ашылды тек араны,
Жалмады малымызды жұт бораны.
Қасқырдай қалды қауып Ыдырыс та,
Жұттан да жаман тиіп жұртқа лаңы.
Қырылды азғана мал біз өсірген,
Қағылды «қызыл бұзау»¹ өңешінен,
Сол үшін қалған біраз тұяқтарды,
Біздерден тартып алды сол есірген.
Содан соң тентіредік бөтен жаққа,
Кедейді түсірмейі ме жоқтық отқа,
Жұттан соң жалаңдаған жарлы жақпан,
Шұбырып кала жаққа жатқан жоқ па?

¹ Қызыл бұзау — революциядан бұрын ірі саудалы байлар мұқтаж кедейлерге қарызға жарты пұттан астық беріп, оның орнына күзде бұзау алатын. Автор.

Бар еді ақылды орыс тамырымыз,
Талайғы таныс оған тағдырымыз,
Кеңесін айтушы еді мүсіркеп ол,
Тұйыққа тірелгенде тарығып біз.
Сол аяп халімізді, ақыл берді:
(Кезген ғой өзі талай адыр-белді)
«Қонындар бұл бұйратқа, көрек мұнда.
Сүйіндер пейілі кең — асыл жерді!» —
Деп бізді тартты егін кәсібіне,
Үйретті дәнігудің тәсілін де.
Құрасып қалған құтқан күш-көлікпен,
Жатырмыз жер тырналап осы күнде.
— Қария құтты болсын талабыңыз,
Білмеппіз қасиетін даланың біз,
Мәз болып мал тістеген түктеріне,
Қалдық қой қырсығына қамалып біз.
Іске сәт! Бастамасы игіліктің —
Ынтасын тартсын біздің қыйлы жұрттың.
Өзім де қосыламын бұл кәсіпке,
Құтылсам шырмауынан қайғы-үміттің...
Деді ол. Жайнап күнмен тұр мәз дала.
Қызығып қарады да бір аз ғана,
Соқаның сабын ұстап, жүріп кетті,
Күлімдеп қарап қойып бораздаға.
Сұрады келе жатып: ол кім деген,
Сіздерге қамқор болған, көрмей бөтен?
— Аты оның — Тимофей қарт, Кертөбеде
Қоныстап, көптен бері еткен мекен.
«Тимофей!» — деп Дүйсен де жымың қақты,
Естіген Базарынан бұл тың атты.
Қуанып қалып еді, сол сезімін
Кенеттен ызаның бір бұлты жапты.
Қапсағай бойлышал бір шертті шерін,
— Шырағым, заманға бұл кетті сенім,
Тегінде тентірейміз тағы да біз,
Ұлықтар төндіріп тұр өрт кеселін.
Дуаннан шелтиген бір келді төре, —
Бұйрығын өктем айтып, кеуде кере,
«Көшіндер бұл Бұйраттан, жер біздікі,
Бұл жерге қаңғып қазақ келдің неге?
Төлейсің быйыл салық бұл егіннен,
Содан соң, аулақ әрі жүр жерімінен,
Көшесін күзден қалмай!» — деп бұйырды,

Дәлелдеп, шағым айтып тіленіп ем:
Қылышын жарқылдатып безілдеді,
«Қожамын қазақтарға өзім!» — деді,
«Андрей Шишков деген біл, әкіммін!» —
Деп біздің жанымызды зәбірледі...
Осылай шал күрсініп, шақты мұңын,
Естіп сол Андрейдің жат бүлігін.
Түнеріп тұрып қалды, міне Дүйсен
Сол сұмға кеудесінен атты зілін...

VIII

Сабылтып Дүйсен Ақсұр атты мүлде,
Базарын іздеп әрең тапты міне.
Өрікпен бір өткізіп шат күндерді,
Жатқан ол, қызық тауып сәтті күнде.
Ал Дүйсен ашу жыйнап қабағына,
Келіпті кек-ызаны ала мұнда.
Базарға сырын кенет айтпақ еді,
Бөгелді қарияға қарады да.
Сөйледі, сезіп Базар, шалға қарап:
— Әкеме бұл кісіні қойдым балап.
Өмірі, сыры өзінің ертегідей,
Ақылы — оқытқандай маған сабақ.
Тыңда өзің, таңғажайып хикаясын,
Тыңдасаң ерліктерін тыңаясын.
Талай жыл күресте өткен күндері көп,
Патшаның өміріне имей басын!»
Осыны естіп Дүйсен, құмарланып,
Байқады шал сыйпатын қарай қалып:
Өткір көз, қаба сақал, дөд мұрынды,
Кетіпті сарғыш шашы қырауланып,
Қатпарлы қалың маңдай, күрең бетті,
Әлі де бойы шалқак, көкіректі.
Көрді де жылы жүзін, ойлы көзін,
Дүйсен де сырын жылдам шертіп кетті:
— Естуге сөзіңізді ынтық едім,
Жатсынбай, жақын тартып қыр түлегін,
Көңілсіз өміріне көзді тігіп,
Білесіз жаны жүдеу жұрт тілегін,
Қуандым, көріп қамқор ісіңізді,
Жаңа бір тапқандаймыз досымызды.

Ақ Бұйрат бұйраланып жатыр түлеп,
Бұл келген даламызға кәсіп ізгі.
Мұңайтып бір уақығға мені тұр тек,—
Таянып сол бейнетке қуғын дүрмек.
Осылай әкім-ұлық жұртымызға,
Келеді зорлықтарын төндіріп көп.
Деп Дүйсен Тимофейге шағып бәрін,
Қапсағай бойлы қарттың шағым-зарын
Айтты да, түйілді ол Андрейге:
— Қалайша әкім болды шалық-залым?
Қазақта бардай-ақ бір мұның кегі,
Бұрыннан жүрген жері бүлік еді.
Қалайша өз жерінен ауады жұрт,
Қалайша қуғын көріп бүлінеді?!
Қазақты жаратты ма тәңір кем ғып?
Әйтпесе қайда әділдік, қайда теңдік?
Құрып ма құлазыған құмға барып,
Қожа емес өз жеріне — қандай елдік?
Ұлықтар қылыштарын безеп елге,
Біздің жұрт шыдам таппай безектеуде.
Патшамыз қайтып қана жол береді,
Мазақ қып бізді түрлі кезептерге?
Қайда осы әділдігі бұл патшаның?
Билігі — алу ма тек салық-салым?
Ұнатам орыс жұртын, бірақ әлгі
Секілді сұмдықты естіп, сынды сағым...
Осыны айтып Дүйсен шалға қарап,
Сұрау сап тура көзін қалды қадап.
Күрсініп ойға батты Тимофей қарт,
Сақалын қыса сыйпап, түйіп қабақ.
— Шырағым, жалыны бар жас екенсің,
Ызаңның сыры да жөн, өйткені шын,
Қайғырып айтып тұрсың, ел-жұртыңның
Азапты ұлықтардан шөккені үшін.
Өзім де жөнсіздікті жүрмін көріп,
Көкіген әкімсініп, кеуде керіп,
Шелтиген чиновниктер, пәлеқорлар,
Ауылды аш қасқырдай жүр ғой торып.
Бірақ та орыс халқы емес бұлар,
Құлқыншыл қай-қайдағы азғын құлар —
Орыстың ақ пейілін арамдап жүр.
Әділдік жоқ оларда — бұзық құмар.
Тап былай залым болса ұлық бәрі,

Расында Россияда кім кінәлі?
Шырағым, ойладың ба осыны сен?—
(Деді ол, бір күрсініп алды дағы)
— Кінәнің басы сонау патшамызда,
Түнекті төндірген сол баршамызға.
Үргізіп ұлықтарын қойған да сол,
Берген сол еркіндікті бар жауызға.
Бір кезде жастық отпен жасап ерлік,
Патшаға қарсы болып бас көтердік,
Сұмдығын айтып жұртқа, ашып сырын,
Күреске буырқанып тасып көрдік.
Бірақ та тұтанбады ұранымыз,
Жеңістің білмедік пе құралын біз?—
Торына түстік те біз кете бардық,
Сықырлап аяқ-қолда бұғауымыз.
Содан соң бейнетпенен өтті күн де,
Сибирдің сонау шалғай түкпірінде,
Талай жыл тартып азап, тыйтықталып,
Қайттық-ау кәртайып та тіпті міне.
Біздерді Россияға жібермеді,
Бірақ та сол күрестің жігер-кегі,
Бұл қырда қайта кейде ұшқындайды
Қорлығын көріп жұрттың бұл жердегі.
Амал не? Қаптаған сол жауыздармен
Жетпейді алысуға жалғыз дәрмен!
Тұтанса сендей жастың жалындары,
Бар халық толқындаса — тау бұзар ең!..
Бар еді агрономдық қабілетім,
Байқадым кезіп жүріп қырдың бетін,
Толқыйтын әрбір дәні тор топырақ,
Дариға жатыр жұтып желдің өтін.
Жапанда жарлы жұртың жатыр сорлап,
Халыққа қырғын соғыс ауыр салмақ.
Қайтпексін, ойлан шырақ, ертең патша,
Елінді еңіретсе, алып солдат?
Соны айтып жас қазақтың сырын бағып,
Тимофей тікті көзін төніп қалып.
Түнеріп, ойға батып отыр Дүйсен,
Шал сыры жүрегінде толқынданып.
Құмартып тындай берді әңгімесін,
Көңілдің таратқандай көлеңкесін.
Сибирьдің сырластары қағып дабыл,
Алысқа әкеткендей көңіл көшін,

Тербеліп естімеген жат сырменен,
Толқып сөз — күрес деген, тендік деген.
Базарға, сөйлеп кетті Дүйсен міне,
Ыршыған жүректегі толқынменен:
«Өнеге естігеннің маған бәрі,
Орыстың қандай ғажап адамдары,
Күреске туғандай тап елі үшін,
Күрессе табылғандай жан құмары!
Күрестен қашқандаймыз көшіп жүріп,
Қалайша ел боламыз қашып, бұғып?
Қалайша басынбасын Андрейлер,
Өзіміз үндемесек басындырып?
Осы ойын Базарына білдірегінде,
Деді ол: қырсық біткен біздің елде,
Өмірдің өріне біз ұмтылмаймыз
Орыстың ұлдарындай керіп кеуде.
Қарашы, көзді тартқан — қаласына.
Ну орман, жасыл гүлді ағашына.
Гүлетіп гармондарын кешке жақын,
Жастары жайнар гүлдің арасында.
Еркін жас, тіпті мұнда, еркін қыздар,
Жастары еңбек сүйгіш, әзіл құмар.
Қайтейін, мұңайттың-ау Мариямды,
Орыстың күндей жарқын мінезі бар...»
Осыны айтып Базар, ойын күтіп,
Дүйсенді күлімсіреп қойды түртіп,
Қабағын қалың қара түйіп Дүйсен,
Сөйледі тағдырына ой жүгіртіп.
— Сол сәби махаббатқа басымды ием,
Сол жолда не көрсемде жасын білмен.
Бірақ та әке зілі, ғұрып заңы —
Алдымда шырмау болып тас түйілген.
Діннің де қарамас ем, қарғысына,
Ел-жұртым теңемесе азгын-сұмға?
Бар ма екен мендей бір жан елімізде,
Құмартқан өзге жұрттан жар құшуға?..
Дүйсеннің мұңын естіп қайғырып шал,
«Шырағым — деді, — маған құлағың сал,
Өмірде махаббаттан күшті бар ма? —
Қаймығар қарсы келсе одан ажал.
Өзіңді баста өзің — жөн ісіңе,
Құдайдың махаббатта жұмысы не?
Жұрт емес үйленетін, өзіңсің ғой,

Бағын сен жүрегіңнің шын күшіне!
Әр істе өз жаныңа еркіндік бер,
Үмітпен жалыңдасын шалқып жігер,
Достық тап, халқымыздан ал өнеге,
Күреске ұмтыл, балам, талпынып көр!»
Ойланып қалды Дүйсен, шалға қарап,
Қайырып бұйра шашын, қойды тарап.
Өткір көз, бурыл шашты осы қарттын
Сөзінен тұтанғандай ой мен талап...

IX

Беріліп жалындаған әр қыялға,
Мазасыз ойға батты Мариям да.
Бір ғана Дүйсенді ойлап сол бір кеште,
Ғашықтың тәтті мұңын құйды жанға.
Есінде ләззат үні — «сүйем!»—деген
Ендеше пайда болды үрей неден?
Алқынып ойланды қыз — уа жасаған,
Жараттың жат қып бізді қай ойменен?
Тегінде дін деген не? Құдай қандай?
Көрінбес жасырынбақ ойнағандай....
Қараса, бұрышта тұр сұп-сұр құдай,
Мөліп, мәңгі нұры сөнген жандай.
Жалған рух, өлі бейне... мәлім пейлің...
Несіне Мариямға едірейдің?
Желігі қу нәпсінің өзі емес пе,
Жас қызын арбап алған еврейдің?!
Гүлімін өскен жаңа махаббаттың,
Үрейлі кірпігінді неге қақтың?
Қаракөз қазақ ұлы шақырып тұр,
Нұрына достық пенен жастық шақтың.
Көңілге қобалжу сап жүрген шүбә—
Расында құдай өзі жоқ па, шын ба?
Білмейтін осыны қыз, бірақ шүбә
Жүректе жүруші еді жасырына.
Білгені Алексейден көп те бұрын,
Айтқан ол, ел алдағыш поптың сұмын.
Күлкіге батушы еді жас өрендер,

1 Христиан діні бойынша, еврей қызы Мария (Айсаның шешесі)
Құдайдың әйелі делінеді

Алексей поптың қулық айтып сырын
Болса да сол есінде, ана бірақ,
Жан еді діншілдігі басымырақ,
Қорқытқан сәби қызға құдайды айтып,
Сайтанмен, періштемен зәресін ап.
Есінде сонау шеркеу қаладағы
(Бұған да алып барған ана тағы)
Сүреңсіз аруақтай өңшең сүрет,
Өліктей жыйылған жұрт моладағы.
Алдында тұрды біреу жалбыр шашты,
Түксиген түсі түкті, бейне албасты.
Құбыжық-ойыншық деп қалды Мария,
Еріксіз күлкісін де әрең басты.
Сарнап тұр сол жалбыр шаш мұң таратып.
Кресін сілтеп, сермеп жарқылдатып.
Азаның ордасындай көңілсіз үй,
Күңіренген ішінде жұрт ойға батып.
Жарқылдап сары крест, жанып шырэк,
Жатқандай азан-қазан аңдай шулап.
Бәрі де жек көрінді Марияға,
Шеркеудің коңырауын гөй-гөй тартқан,
Естіп қыз, түсіне алмай ойға батқан.
Көрмеуге қорқынышты құдай түріз,
Көз жұмып, томсарған қыз, бетін жапқан...
Шешесі естіп міне сұм өсекті,
Мұңайған Марияны сілеп-сөкті:
«Қалайша діннен бездің, елден бездің.
Өмірде естімедім мұндай кепті!
Болдың ба жеңіл ойлы, арың қайда?
Орыстан саған күйеу табылмай ма?
Өзіңді, нәсіліңді мұнша қорлап,
Намыстың оты жоқ па тұла бойда?»
Мариям ана зілін ойлап кеште,
Өзінің қыялымен түсті егеске.
Жагор шал өз бетінше жатыр ойда,
Ежелден ыза басқан жан емес пе?!
Қызының осы сырын естігенде —
Қыйын-ау — деп ойлаған, — осы жөн бе?
Артынан қызын аяп, — деді Жагор —
«Мейлі, өзі білсін, жігіт кем бе?
Берейін жалғыз қызға еркіндікті,
Өзім де ұнатамын сол жігітті.
Өзіме пана болған тар кезеңде,

Сүйемін пейіліне берік жұртты».
Ал дін ше? Сірә бұны біле алмаймын!
Рақымын көргенім жоқ бұл құдайдың.
Алексей не дер екен? Келсін аман,
Сол ғана осы күнгі менің қайғым...»—
Деп Жагор, шошытпады, махаббатты,
Сыр айтпай не бір қатты, не бір тәтті,
Еске алып Алексейін майдандағы,
Қызына берді оқы деп келген хатты:
«Соғыстың жолы күңгірт, ойран тегіс,
Келеді Россияға қайдан жеңіс?
Арсыз ғой әміршіміз, ақылсыз ғой,
Қырсық қой халқымызға бұл қан төгіс.
Сезбейді солдатты ол, үнсіз, керен.
Жана алмай ерлік жігер, жүрміз әрен.
Мағнасыз бұл ойранға бізді айдаған,
Кім?—соған, жүрміз үрлеп ызаны өрен»..
Оқытты қайта-қайта сөздерді бұл...
Баласы қандай ыза сездіріп тұр?
Осыны ойлап Жагор үйден шықты,
Сол хаттан сезілгендей ізгілік бір,
Ойланды Мария да оқып хатты,
Сол шақта шапшаң біреу есік қақты.
Дүйсеннің сағынышты хатын алып,
Күлімдеп жылпос Базар келіп қапты.

Дүйсеннің Мариямға
жазған хаты

Адал сөзін махаббаттың
Ар ғып саған айтамын наз.
Жүрегіме сен от жақтың,
Болдым сенің лебіңе мәз.
Күн сыйпатты, ақ дидарың.
Алды ма нұр әлде көкпен?
Жүрегіңнің ұқтым зарың,
Әуезіңнен тебіреңткен.
Ай боп туып өзге жұрттан,
Үмітіме болдың жұлдыз,
Аттай алмай жат ғұрыптан,
Әурелікпен неге жүрміз?
Желпілдейді ел түндігі,

Тасыйды өсек, жел сыбырлап.
Азғын жан деп мен сорлыны,
Сумаң қағып жатыр шулап.
Көндім жұрттың мазағына,
Ықтырмайды мені күшпен.
Көтеремін азабын да,
Өтсе өмірім ерегеспен.
Тәңір де емес қорқынышты,
Үрейі емес я құранның.
Өр әкенің сөзі күшті —
Қожасындай ар-иманның.
Бұл назымды әрең шыққан,
Айтар едім құшып тұрып,
Андып жүрген бізді дұшпан.
Екеумізге жасар бүлік.
Мұңлы хатқа жауап күттім,
Айт расыңды, ғашық жарым.
Қуанышпен жанды үмітім,
Қосылуга асығамын.

* * *

Оқыды осыны қыз кетіп шыдам —
Жүректе тулап қаны ойнақшыған.
Алқынып қайта оқыды, уа, сұм қырсық,
Ғашықтың сүйістерін шырмап тұрған?!
Сырына ғашығының қыйналып жан —
Тағы да ойға батып қалды Марням.
Құлы ғой махаббаттың жастық жүрек,
Қаласа қайғысына жанды кыйған.
Тілегі ғашығының жанға батты.
(Бірақ та ғашықтықтың мұңы тәтті)
Базарды кідіртіп аз, күйікті қыз,
Дүйсенге сырын төгіп айтып жатты...

Д у д а р а й

І

Шексіз бір көк теңіздей шымқай дала,
Әндерін шығандатып шырқай сала,
Жүр еді жылқышылар, жылқыларын

Айдап сап кең бетеге, көк майсаға.
Көп жылқы көл құсындай, көкалалы,
Көркейтіп көлбеп өрген кең даланы.
Кісінеп күмбір-күмбір күрендері,
Малжанды көңілге бір күй салады.
Осы мал өзінікі емес, әттең!
Күндері жалшылықпен қор боп өткен,
Даланың жортуылы — жылқышылар,
Осылай ән салатын кейде кекпен.
Болса да өзі жалшы, жаны сері,
Жылқышы — жігіт өрі, жастың ері.
Кеудесін баса алмаған бай бажылы,
Не боран, не дауылды көк нөсері.
Өткізіп ұры түнді, сақ көзімен,
Даланы оятады әуезімен.
Құлындай шұрқырасып таң сәріде
Масайрап мәз болады өзді-өзімен.
Көңілді күндегіден бүгін тіпті,
Әндеткен ортаға алып бір жігітті.
Сөйлеп тұр көтеріліп осы жігіт,
Кім өзі, қалың қабақ, қара мұртты?
Кеңесін Тимофейдің көріп қызық,
Аз уақыт хуторында күн өткізіп,
Ел жаққа қайттың Дүйсен, сол бір қарттың,
Тілегін, ақылдарын ойға тізіп.
Ал Базар Мариямға алып хатты,
Кеткелі бес-алты күн болып қапты.
Жүр ме екен, серуендеп Өрігімен,
Әлдилеп әлде сәби махаббатты?
Ойына ереуіл сап бастағы мұң,
Ішіне келді Дүйсен достарының.
Ауылға бара алмады, сескендірді
Сөздері сумаңдаған дұшпанының.
Достары жеті түнде, жылқы баққан,
Дүйсен де қыйқулатқан түнді ұнатқан.
Мәз болып жатыр бәрі ол келгенге,
Кез еді таң самалда тыным тапқан.
Мадақтап орыс қызын, ғашық сырын,
Дүйсенге айтты бәрі қалжың сынын.
Бірақ та сезіп шерін екі жастың
Түсінген тақсыретін қайғысының
Осылай қуанысып тынық таң да,
Басылды шырқалған ән күн шыққанда,

Сөз бастап достарына кетті Дүйсен,
Түсіп бір аттарынан тыныққанда.
— Осынша неткен дала, құлан жазық.
Осылай жатқаны ма құр құлазып?
Қу шөптен басқа нәр жоқ үстінде бір,
Түртініп тапқан әрең мал ғана азық.
Орыстың таң қаламын өнеріне,
Толықсып бәйшешектер тұр жерінде.
Кешегі құла түзге қала қонып,
Алтындай айналасы толды егінге.
Бау-бақша, жасыл мәуе... толған нәсіп,
Судан да, ағаштан да тапқан кәсіп.
Осының бірін тағдыр білдірмеді,
Қазаққа өші бардай ерегесіп,
Меңіреу даламыздай мүлгіп тұрған,
Еліміз оянған жоқ әлі ұйқыдан.
Ойласақ білім де жоқ бәрімізде,
Не білдік дүмше молда оқуынан?
Осылай аңды қуып, малды бағып,
Далада жүреміз бе қаңғып, лағып.
Орыстан оқып неге үйренбедік,
Өнеге істерінен тәлім алып?
Кім біздің қолымызды қойған байлап,
Осыны білдіңдер ме, тегінде ойлап?
Қырдағы қытымыр бай, болыс бізді
Қалайша тұншықтырып, қор қып қойма
Бәрі де тұрып қалды батып ойға
«Дариға, оқу қайда? Өнер қайда?»
Көрінді жер құртындай бай жылқысы,
Шұбырып бара жатқан терең сайға.

II

Тұрғанда қарап жолға кетіп шыдам,
Сәлем ап жетті Базар ғашығынан.
Асығыс жардың сөзін тыңдады ол,
Жауапты іздеп сырға жасырынған.
«Түсін сен мұңы терең Марияның,
Арманы толқынындай дарияның,
Сен үшін, достық, еркін өмір үшін,
Дінді де, ғұрыпты да мен қыямын!»
Дегені жылы тиіп жүрегіне,

Ойнақтап тұрды шалқып нұр реңінде.
Сүйсінді Мариямның бұл сертіне,
Ойының өрлігіне, өреніне.
Қуанып қыз сырына жылқышылар,
«Дүйсен-ау, дәтің бар ма енді шыдар?
Адалын айтыпты ғой...» деген кезде,
Сөздерін бөліп сөйлеп кетті Базар:
— Нұрадан кетіпті әкең көшіп елге,
Барыпты Ыдырысқа, Ащыкөлге,
Сөзіне сол көлгірдің наныпты қарт,
Арбаған күшімен де, қасымен де.
Ұрланып үйіңе де қайттым барып,
Сорлы әкең іздеп сені, отыр нанып.
Түйіліп ақсақалдар, хазіреттер,
Кетіпті кеше ғана әлек салып:
«Ұлыңды дінді бұзып, жүрген жазып,
• Тыймаған надан әке — сенде жазық,
Орыстың қызын алса — ұлың сенің,
Кетеді әулетіміз түгел азып...
Күнасын өзі келіп, тәңір атқан,
Сұрасын хазіреттен, шарифаттан,
Келмесе, орыс қызын алып кетсе,
Үкен, сен кінәлісің, сірә, сақтан!
Мал-мүлік онда өзіңе олар харам,
Шарифат — дін қарғысын төгер саған.
Болмасын десең егер, осы жаза,
Мешітке мойын сұнып, келсін балаң!...»
Осылай әлек сапты сұмдар өңшең...
Амалын осы кептің ойлап, біл сен,
«Әкелік әмірім сол, — деді маған, —
Өзіммен кеңесуге келсін Дүйсен...»
Қабағын қара бұлттай ыза бүркеп,
Дүйсен тез сөйлеп кетті қолын сілтеп:
— Әкемде жұмысы не жендеттердің,
Күналы құдайына өзім ғой тек.
Айтыңдар, ел алдында бар ма күнам?
Құтылам діннің қалай арбауынан?
Берейін еркіндікті жүрегіме,
Ғұрыптың құтқарайын қармағынан.
Езілген ескілікпен, қайран әкем,
Сорлатып сен байғұсты қайда кетем?
Барайын, мешітіне, айтысайын,
Шарифат шын ғашыққа не айтар екен?

Осыны айтып Дүйсен зілді кекпен,
Жөнелді әкесіне өзін күткен.
Қоштасты, достарына сертін беріп,
Тез барып айтысуға хазіретпен.

III

Меңіреу мешітінде түнге жақын
Мінгірлеп айтты молда мінежатын,
Сопылар қойдай сұлап, домаланып,
Күбірлеп айтып жатыр құдай атын.
Бүгжендеп тақуалар белді бүгіп,
Өліктей түсі қашып жатыр мүлгіп.
Сәлдесі дағарадай сұп-сұр имам,
Әлханым айтып сарнап тұрды шұлғып.
Ішінде сәжде қылған топырлардың,
Тізесін әрең бүккен тәкәппәр кім?
Алла емес, аузына — ашулы сөз
Тұрысы көрсетіп тұр бұзық қалпын.
Бұл тұрған сұм Ыдырыс, келіп бұрын.
Дүйсеннің хазіретке айтқан сырын.
Түнеріп хазірет тұр осыны естіп,
Ішінде түнек ойлар тұр жасырын.
Кешегі өткен жұма намазында,
Жыйналып өңшең діңқар — қайнап ыза,
Дүйсенге айтқан шулап, қарғыстарын,
«Азғын» — деп, ғашық болған кәпір қызға
Хазірет дір-дір етіп айтқан уағыз:
«Қосылды діні жатқа азғын нағыз;
Ондайға шарифаттың жазасы бар,
Күнасын алла атынан бұйырамыз!»
Табылмай Дүйсен бірақ содан бері,
Жалындап Ыдырыстың жанған кегі.
Өзіне бағынбаған қайсар жастың,
Ызасы жүрегінде қайнап еді.
Меңіреу мешіт іші батып мұңға,
Ыңырсып аят әрең айтылуда,
Көңілсіз бейуақтың бұлдырында,
Мезі ғып үнсіз маңды тұрды дұға.
Бастарын қалтаңдатып, шұлғып изен,
Алдамшы нысананы оймен меңзеп,
Табынып түнек жандар тәжім еткен,

Ғайыпқа құлдық ұрып, рақым іздеп.
Достарым, жандарымыз қандай азат.
Құдайсыз, табынусыз — өмір ғажап!
Еркінбіз, әміршіміз жанымызға,
Біздерді шошытпайды құдай, дозақ.
Ғайыпқа құлдық ұрып, болған пенде,
Не дейміз жаны езіліп өткендерге?
Еркіндік таппай жанға, махаббатқа,
Талайлар батпады ма, сөйтіп шерге?!
Мешітке Дүйсен міне келді кіріп
Қабағын түйіп қатты, қалды тұрып.
Түскендей қой қораға көкжал бөрі,
Бастарын қалтылдатып қалды бұрып.
Бұзылып кетті намаз, үзілді аят,
Мешіттің мұнарасы сынғандай-ақ.
Түксиіп тұрды бәрі, тәубаны айтып,
Алдында әзірейіл тұрғандай тап.
Хазірет сұрлана қап, айтып дұға,
Күбірлеп сөйлеп кетті мехрабында,¹
Сұстанып кетті Ыдырыс, сілтеп қолын,
«Уа, тақсыр, жаза бер, деп бұ малғұнға!»
Хазірет әмір етті: — Бас ілгері,
Азғын жан, дініміздің сенде кегі,
Тәңірдің үйі мынау, айт күнәнді,
Сөйлеймін алла атынан, қарғап сені!

Д ү й с е н

Тағдыр деп қарайсыздар пенде ісіне,
Айтыңыз, ғашықтықтың күнәсі не?

Х а з і р е т

Құранда — күнә деген бұл махаббат,
Кәпірді сүю сұмдық, дініме жат.

Д ү й с е н

Орыстың елі ізгі, ал қызын да,
Жаратқан құдай сұлу қызығуға.

¹ М е х р а б — мешіттегі хазірет тұратын орын

Х а з і р е т

Азғын жан, сол кызды айтпа мұнда мақтап,
Сайтан да сұлулықты жүрер сақтап.

Д ү й с е н

Сүйдім мен жаны таза орыс қызын,
Сүйкімді періштедей сұлу жүзін.

Х а з і р е т

Тантыма, бұзылған жан сұм іспенен,
Садаға — орыс кызы періштеден.

Д ү й с е н

Мария орыс қызы, жаны бірақ, —
Секілді, жүрегіме жаққан шырақ.

Х а з і р е т

Әзәзіл тегі азғырып сені бұзған
Табарсың жаныңа азап осы қыздан.

Д ү й с е н

Күна жоқ қыздың ару жүрегінде,
Өзіме жаны серік, сыры бірге.

Х а з і р е т

Сайтанды әкет аулақ, біздің діннен,
Мүрдем кет, сол сыйқырлы қызыңменен!

Д ү й с е н

Хазірет! Енді бөгет болма бұған,
Сүйікті болды жарым — кыз Мариям

Х а з і р е т

Елінің ұлына сай қызы бар да,
Жат жұрттан қыз алуға қызығар ма?!

Д ү й с е н

Басқаны Мариямдай сүйе алмаймын,
Бұйрығы емес пе екен, бұл құдайдың?

Х а з і р е т

Құдайдың әмірі емес, өзің аздың,
Ғұрыпты бұздың ескі — дінге жаздың.

Ы д ы р ы с

Малғұн!

Мұнда, сірә, иман бар ма?

Ақ жүрек әзәзілге алданар ма?!

Д ү й с е н

Әмірші құдай болса, қайда күнәм?
Сүйдірді орыс қызын өзі маған!

Х а з і р е т

Уа, бұзық!

Құдай ма екен сені аздырған,

Тәңірге тізеңді бүк — жат, азғын жан!

Тізесін бүкпей қалды тәкәппар жас,

Махаббат мехрабқа имеді бас.

Асасын қалды сілтеп сұм хазірет,

Жүгірді өңшен діңкар жайып құлаш.

Мешітке тұтқын болған жас жігітті,

Жабылып сопы біткен жерге жықты.

Хазірет әмір етті, байландар деп,

Ыдырыс салып жатыр жұдырықты.

Еркін жан, қасиеттеп махаббатты,
Сұмдармен жағаласып сөйлеп жатты.
Қамшысын Ыдырыс жүр баса соғып,
Хазірет айтып тұрды лағанатты...

IV

Мариям сәлем айтып ғашығына,
Келер деп, қазір Дүйсен күтті асыға.
Дүйсенді ойлап жалғыз, енді ұмытты
Дінді де, күйрек ана ашуын да.
Жас қыздың қыялына беріп үрей,
Сол кезде жылмаң қағып келді Андрей,
Жымыйып, сәлемдесіп Мариямға,
Рақымын сұлу қыздың тілегендей.
Келе қап, осы сумаң аңдаусызда,
Сөйледі үрейленіп қалған қызға.
«Шошыйсыз... Қыр тағысы деп пе едіңіз,
Орысты, сірә, ұмытып қалғансыз ба?»
— Орысты ұмытпаймын, туған халқым,
Сүйемін ақ жүрегін, артық даңқын.
— Ендеше жатқа неге, ынтығасың
Еліңнің таптап ғұрып, аттап салтын.
— Жат емес, сүйікті жас бәрі бірдей,
Оның да жүрегі өз жүрегіндей.
— «Масқара, орыс қызы жат қазаққа,
Құмартып адасқанын жүрген білмей,
Адасып, азба жолдан, қой Мария,
Келтірме сұмдық кірді сен арыңа.
Сүйемін, сүйші мені, жар етейін,
Сұлусың, от тастаған құмарыма.
Ойлашы, атақ, байлық — бәрі менде,
Аброй, сән-салтанат бар әкемде.
Жел айдап, сағым қуған тағы қазақ,
Ойлашы, орыс қызы, соған тең бе?
Осыны ойлап анаң, болды дертті,
Құдайды айтып маған мұңын шертті,
Айтып ем, сүйгенімді сені Мария,
Қуанды, ризалығын беріп кетті».
Осыны есіткенде шошып қатты,
Мария сөзін қатал зілмен айтты.
Сүйгенім Дүйсенді рас, тием соған,

Аулақ жүр, арандамай махаббатты.
Орыстың қыздары аз ба менен өзге,
Сүйе бер, соларды сен, менен без де
Сүюді саудаға сап, байлықты айтып,
Жүргенің масқара ғой, жігіт кезде.
Осы сөз шамдандырып Андрейді,
Тепсініп Марияға едірейді:
«Әкіммін — қаладағы билік менде,
Сор болам, сені сүйіп іліккенге.
Айдатам, ерегессең Дүйсенінді,
Бұзақы, таратқан деп ірткі елге.
Ти маған жақсылықпен, кел Мария,
Гүсірме сор таңбаны ел арына.
Кетіпті кешірімді сұрап Дүйсен,
Болыс пен хазіреттің алдарына.
Есіттім бір қазақтан — анық маған,
Әзірлеп ауыл қызын қойыпты оған,
Құшағын қырдың қуы соған жайып,
Алдапты орыс қызын ұйытпаған,
Ажуа болдың-ау қыз! Маған енді
Басыңды и! Жат махаббат енді сөнді!
Деп тентек ха-ха-халап кетті шығып,
Мариям өңі қашып қала берді.

v

Асау сөз армандарын асқындырып,
Кеткендей жүректе бір тасқын туып,
Қыймылдап еріндері Мариямның,
Қайғысын іштегі үнге қосты жыр ғып.
Сол үнмен тебіреніп іздеп жарын,
Қыяға ұшырғандай жан құмарын,
Құпия ырғақтардан үн тізіліп,
Жүректің серпілгендей жалындарын.
Тұйықтан толқындарды сүйреп алға,
«Дудар!..» деп ыршыды үн ыстық қанда,
(Айтатын оңашада «Дударым» деп,
Дүйсеннің бұйра шашын сыйпағанда).
Сүйікті сол бір сөзден — «Дудар» деген,
Күй сандық кеудесінен туған әуен,
Тізбектеп толқын-толқын күйі үндерін
Алысқа жөнелгендей тулап өлең

Көкірек көптен ойлап шығарғандай,
Еріксіз үндер кетті шырқап шалғай!
Қосылды дала желі, тынып бәрі,
Тындады жат бір үнді құлақ алмай:
«Дудар-ай, Ақсұр атты жемдедің бе?
Кезінде уағда айтқан келмедің бе?
Уағда айтқан кезде келмей кетіп,
Мариям заты орыс деп сенбедің бе?»

Дударари-дудым,
Сенің үшін тудым.
Шіркін-ай,
Дударари-дудым!..

Ащыкөл-Тұщыкөлдің арасы бір,
Басыңа қамшат бөркің жарасып жүр.
Дудар-ай, келер болсаң тезірек кел,
Орнына жауыз біреу таласып жүр...
Қолында Мариямның өтікір қайшы,
Арманым ақ қағазға жазылсайшы.
Қор болып сол жаманға кеткенімше
Алдымнан бір терең сай қазылсайшы!
Дудар-ай, бір келетін күнің жетті,
Қайғыда Мариямның күндері өтті.
Мойнына ақ білекті артып едім,
Өзің қый, жақтырмасаң сол білекті.
Мариям — менің атым, әкем Жагор,
Жүреkte ғашық отым қайтып сөнер?
Егер де заты орыс деп келмей кетсең,
Дудар-ай, Мариямның қайғыда өлер.
Қайғырдым Дудар жаным кешіккеннен,
Өсекті жұрт айтады өшіккеннен
Дудар-ай, ғашық болған мені ұмытып,
Не таптың молдалардың мешітінен?

Дударари-дудым,
Сенің үшін тудым,
Шіркін-ай,
Дударари-дудым!..

Осы өлең сол бір кезде шыққан мұң сап,
Даланы кезіп кетті шарлап-шырқап,
Тұқырып басын гүлдей, жел де тұнып,

Тындап бір тұрып қалды жұрт таңырқап.
Елжіреп естіген жас, ұйып тындап,
Сазына сол бір әннің қан шымырлап.
Елпілдек жас жүректер жалындады,
Мариям махаббаттың мұңын жырлап.
Тамсанып кәрілер де жұтып әнді,
Таянып таяғына тұрып қалды.
Тамылжып тәтті бір үн, жұрт жанына,
Тербетіп әкеткендей тындағанды.
Ал сол кез — жүрген Базар бір аулақта,
(Аң қуып мылтық атып мініп атқа)
Ести қап наз дауысты сыры терен,
Жүгірді ән толқындап жатқан жаққа.
Өзімен келді бірге Өрігі де,
Сол күйдің дауыл беріп көрігіне
Жыйналып жас бір қауым, жүріп кетті,
Әнімен кең далада керілуге.
Құшақтап Мариямды сүйіп беттен,
Бәрі де тілегіне тәжім еткен.
Шырқады қостап бәрі, «Дударайды»,
Қосылып қыз назына ақ ниетпен.
«Мариям Жагор деген орыс қызы,
Он жеті, он сегізге келген кезі,
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,
Сондағы Мариямның айтқан сөзі:

Дударари-дудым,
Сенің үшін тудым.
Шіркін-ай,
Дударари-дудым»!..

VI

Тап сол кез мешітінде хазірет сұм:
— Бұзыққа жаза беру әділет шын —
Байландар қол-аяғын, дүре соғып,
Мейлі өлсін, жаһаннамға жаны кетсін.
Деген соң, ұстап қолын сопы біткен,
Дүйсенді, алысумен әлсіреткен.
Жалғыз-ақ жүрегінде жанып ыза,
Жұлқынып жатты жігіт, жас үмітпен.

Сол бір кез—

жай атқандай тітіреп кек,
Жетті сол ащы дауыс күркіреп кеп,
Мешіттің қабырғасын қалтыратып,
Сокқандай мехрабын толқыны өктеп:
«Дудар-ай, Ақсұр атты жемдедің бе?
Кезінде уағда айтқан келмедің бе?
Уағда айтқан кезде келмей кетіп,
Мария заты орыс деп сенбедің бе?»

Дударари-дудым...»

Хазірет үнсіз қатып мехрабында —
Білмеді періште ме, әлде жын ба?
Селт етіп қалды Ыдырыс үрейленіп,
Ал Дүйсен тосты құлақ ащы мұңға.
«Ащыкөл-Тұщыкөлдің арасы бір,
Басыңа қамшат бөркің жарасып жүр.
Дудар-ай, келер болсаң тезірек кел,
Орныңа жамаң біреу таласып жүр...»
Жалыны отты өлеңнің жүрегін жеп,
Бұлқынып тұрды Дүйсен, ереуілдеп.
Домалап қалды көбі ұмтылғанда,
Қамшысын Ыдырыс тек жүрді сілтеп,
Мешіттің қабырғасын тесіп кірген:
Тағы да өршеленіп ән естілген.
«Дудар-ай, ғашық болған мені ұмытып,
Сұмдардың шықпадың ба мешітінен?»
Дегенде Дүйсен шықты ырғып топтан,
Жұлқынып жолбарыстай тордан атқан,
Сырылып қалды бәрі бір бұрышқа,
Хазірет қашты жылдам мехрабтан,
Қағып қап Ыдырысты тұрған жолда,
Дүйсен де кетті шапшаң орғып алға.
Шықты да мехрабқа айқай салды,
Түршігіп тәубаны айтып тұрғандарға:
«Мешіттің малғұндары түгел нәлет,
Сұмсындар, сендерде жоқ түк әділет,
Қу сөзбен құдайды айтып, алдап елді,
Сопысып жүресіндер сұмдық тілеп.
Еркіндік, сауық-сайран, жас махаббат,
Қызығын білмейсіңдер, — сендерге жат.
Сендерсің — достыққа жау, адамға қас,

Сендерге нәлет айтар, келер ұрпақ.
Ал кеттім мешітіңнен, құраныңнан,
Махаббат — маған тәңір, маған иман.
Өңшең сұм, өшерсіндер, жоғалар тез,
Қытымыр «заңдары да қара тұман».
Осылай алып зілді сөзбен өшін,
Мешіттің шықты теуіп терезесін.
Сұмпыйып сопылары, қатты хазірет,
Алып бір нажағайдай сөз зәресін.
Мешіттен ырғып Дүйсен шыққан шақта,
Тұр екен алдында әзір Ақсұр ат та,
Тұр екен Базары да — жөнелді тез,
Зымырап жары тосып тұрған жаққа.
«Уа, достым, жаңа еркіндік бердім жанға,
Қайда тұр, баста мені Мариямға,
Кетеміз бүгін түнде, будым белді,
Түкірдім шариғатқа және иманға!
Бұл жерден мені десе — кетер әкем,
Жат елден өзім барған табар мекен.
Тартысып жауыздармен өлгенімше,
Кек алып, еркіндікке жетем, жетем!»
Соны айтып, жүрегінен ауғандай мұң,
Жарқырап сәулесімен туған айдың, —
Жалын жас дүбірлетіп жортып кетті,
Өзі де шырқап әнін «Дударайдың...»
Ал бірақ Ащыкөлде, алыстағы,
Мешіттің ұйтқып жатыр қарғыстары,
«Ұстандар! Дүйсендерді, бұзықтарды!» —
Тұр еді түнді жарып дауыс әлі.
Олар жоқ, түн жамылып кетті аулаққа...
Таппады іздесе де мініп атқа.
Ыдырыс түнгі ауылды дүрліктіріп,
Жіберіп қуғыншыны жүр жан-жаққа.
Үйіне Жагордың да, Үкеңнің де,
Қуғыншы кұйындатып жеткен түнде.
Таңертең мәлім болды Марияны ап,
Дүйсеннің қашып түнде кеткені де.
Жүрегін өртеп ыза Ыдырыстың,
«Табамын, тінтсем -де мен жердің үстін,
Жазасын тартар менен!» — деп тістенді,
Қаһарын шашып жұртқа зәбір күштің.
Ашуын айтып жатыр хазіретке:
«Шыдаймыз қайтып мынау зәбір-кекке.

Залымды ұстап енді, құрту керек,
Айрылдым шарифат деп қазір текке.
Берем деп дін жазасын неге адастым,
Сірә, мен қорлығына шыдамаспын!
Хазірет куә өзіңсің — Дүйсен, Базар
Атансын — ел бүлдіргіш, ұры, қашқын».
Үнімен дауыл беріп өрт кегіне,
Осы ойын жұртқа жайды ертеңінде.
Жеткізді сол хабарды Андрейге,
Бір еді сырлары да, серттері де.
Өзі де жүріп кетті сол күн таңмен,
Қалада кездесуге ұлықтармен.
«Ел бұзғыш, қашқын Дүйсен — ұсталсын!» деп
Жөнелді жүйткіп хабар бұйрық — жар мен...

Д а у ы л

Жағасын құйын басып Қорғалжынның,
Құс сыңсып, аңдар ұлып болған ың-жың.
Қозғалып қалың қамыс қобыз тартып,
Көл бейне сабасындай толған мұңның.
Қақталып қурайы да қалған қурап,
Қапа боп жапырылған қамыс-құрак.
Көңілсіз көлдің басы қорқынышты,
Бақырып түнде байғұс, бақа шулап.
Жаутандап жапан дүзде жалғыз жатқан,
Көл еді көрген жанды жабыркатқан.
Оңаша, ен жазықтың түкпірінде,
Нәр татпай көшпенді жұрт талып қатқан,
Қуғыны ку өмірдің Дүйсендер де,
Көз таса келіп еді осы көлге.
Көп болды жатыр міне бір түбекте
Кездескен төнген сонау кеселдерге.
Қопаның арасына күрке салып,
Құс атып, аңды аулап, сүзіп балық.
Базарын күтіп Дүйсен жатыр еді,
Ойына кешікті деп күдік алып.
Дүйсенмен болып бірге жорық түнде,
Сол Базар кеткен еді Өрігіне.
Сайдағы ауылда қыз қалып еді,

Бара алмай мешіт жаққа еріп бірге.
Өрігін алып мұнда келіп ол да,
Түспекші Дүйсендермен қуғын жолға,
Таба ма алдан бақыт, дарқан өмір,
Ұстай ма әлде күрес туын қолға? —
Алдағы өмірлері шат бола ма?
Арманды үміттері ақтала ма?
Осындай сағым ойлар елес қағып,
Төртеуі жетпек еді Ақмолаға.
Ал көлдің басы ың-жың бұлдыр тұман,
Қамыста ыңырсыған, аң шулаған.
Аспаннан кейде нөсер, жасын атып,
Шыңғырған көлде бұлан, шөлде — құлан.
Шыңқылдап көл сақшысы сорлы қызғыш,
Үрейлі таратқандай бір күйініш.
Мазасыз меңіреу түбек тым үрейлі,
Естілген көктен күңіреу, көлден сыбыс.
Жығылған көлге келіп, талып киік,
(Жанына Мариямның салып күйік.)
Маңырап буаз марал мыйға батқан,
Атты екен қандай жауыз қайтып қыйып?
Ботасыз боздап інген құмға шөккен,
Иесі, ботақаны қайда кеткен?
Мыж-мыж боп жатыр төбе қу қабырдай,
Бәрін де дүлей дала жұтты ма екен?
Осылай сұп-сұр дала тұмандатып,
Тұрғандай айналаға мұң таратып.
Көз тігіп, күңгірт түсті төңірекке,
Қайғырып қалды Дүйсен ойға батып.
«Япырау, құлазыған неткен дала? —
Үстінен азынаған тек жел ғана.
Қаңбақтай қалбаландап жосыған ел,
Қыймыл жоқ, өмір де жоқ айналада.
Өзін де қуалап жүр қандай тағдыр?
Кешігіп Базар досы қай жақта жүр?
Алдында тұрған түн бе, әлде күн бе,
Түнеріп қазір Дүйсен соны ойлап тұр.
Сорлы әке, жарлы Жагор, мүскін елі,
Сүйекке таңба салған дұшпан кегі.
Қалайша осы кекті қайтарады,
Осыны қостар ма екен достар тегі?
Тұр әлі түтеп сонау апат майдан,
Қырға да зәрін шашып қанат жайған.

Айдамақ болса патша соған бізді,
Табылмақ тартысатын талап қайдан?
Осыны айтып Дүйсен қайғырғанда,
Мұң көзі түсіп еді Мариямға,
Ән шырқап, наз құшағын ашты жары
От беріп ләззатымен өр қыялға...

II

Жұбатып жүректерін тәтті сырмен,
Екі жас үміт етті таңғы өмірден.
Тұңғыйық түндей түсті көл күрсініп,
Алыста улап-шулап аң жүгірген.
Түнеріп тұрған бұлттай төбе жақтан,
Кім екен дүбірлетіп келе жатқан?
Жортқан бір әлде аң ба, қуғыншы ма,
Даланы дүрліктірген, түнді оятқан?
Мылтықты, түсі суық бір салт атты,
Асығыс бері қарай келе жатты.
Мылтығын кезеп Дудар қалды тұрып,
Паналап көлге біткен көк құрақты,
Салт атты шолып көлді, қарай маңып,
Көргендей күркенің бір қарайғанын.
Қасына сол күркенің таяу келіп,
Естіртіп Мариялап тұр айқайын.
Жүрекке жылы тиді осы дауыс:
«Бұл өзі кім болды екен үні таныс?
Базар ма? Бірақ даусы мұның басқа,
Алексей? — Қайдан келсін, майдан алыс...»
Сол бір үн жүрегіне ереуіл сап,
Мариям қалды тыңдап сақшы құсап,
Қараса-танып Дүйсен салтаттыны,
Жүгіріп бара жатыр жайып құшақ.
Дүйсенге ашып жатқан кең құлашын —
Мариям, күлімдеген көрді ағасын.
Дүйсенді құшаққа алып сағынышпен
Алексей жатып сүйіп қарындасын.
Ұялып қылығына тоқтай қалып,
Қарады ағасына жаутаң қағып,
Не дер? деп, ескі досым, бұл таң іске,
Дүйсен де сырын үнсіз қалды бағып.
Алексей сезіп соны сөйлеп кетті:
«Сүйемін жастарды мен от жүректі —

Ұмтылған еркіндікке сермеп қанат,
Сұңқардай жарып ұшқан көк түнекті.
Екі жас сүйсінемін қадамыңа,
Ерікті берген жүрек талабына.
Достықпен, батылдықпен ұқсайсыңдар —
Кең дүние, келер күннің адамына.
Есігін ескі салттың жауып қатты,
Екеуің ардақтадың жастық шақты.
Ежелгі ескі көрші орыс, қазақ,
Гүлденсін достықпенен махабатты!
Келетін кейінгі жас ерікті елдер —
Елер көп екеуінді көркіміз дер.
Достық пен сүйіспендік шолпанындай,
Сендерге, сол өмірден көзін тігер!..
Соны айтып екі жасты сүйіп беттен —
Алексей алғыс айтты ақ ниетпен.
Жадырап соған жаны екеуінің
Әлегін айтып жатыр бастан өткен...
Бұл жайды келген естіп Алексей де.
Соғыстан жараланып қайтқан елге,
Екі жыл азап шекті қан қырғында,
Еліне келді болып кекті кеуде.
Темірдей сұм тырнағын елге қадап,
Халықты патша емес пе жатқан қанап?
Сол үшін сорлы солдат жан бере ме,
Қала ма халық ылғый тартып азап?
Деген сөз — күрес керек, күрес керек! —
Естілген Алексейге күркіреп көп,
Айбынды большевиктің дауыл даусын
Майданнан жұтып алып кетті жүрек.
Аяғын ақсай басып келді еліне,
Дабыл сап әлгі дауыс жүрегіне,
Ызалы Алексейді ашындырды
Ой салып күйінішті ел реңі де.
Көнбеген сұм ғұрыптың шырмауына —
Естіген екі жастың сырларын да.
Бірақ та басқа дүмпу дүрбелені
Дауылдап Алексейдің тұр жанында.
Сол оймен жүрегіне жыйнап кекті —
Алексей тағы тасып сөйлеп кетті.
Ескендей өрт майданның жалын желі,
Сездірді күйдіргендей көкіректі:
Қан кешіп екі жылдай сонда жүрдім,

Әлі де бітер емес қанды қырғын.
Ажалға айдап патша момын жұртты.
Тудырмақ ел басына сұмдық-сүргін.
Сондықтан ызалымыз, ашулымыз
Бұл күнде әрең жерді басып жүрміз.
Отанның арын қорлап, обыр патша, —
Азаптан, әрі аштықтан ашындық біз,
Келіп ем, жараланып қайтып елге —
Мұнда жұрт батқан тағы қайғы-шерге.
Қазақты солдатқа алсын! депті патша,
Айдмақ момын жұртты қан нөсерге,
Бүлікшіл Ыдырысқа табылды ермек,
Жұртынды жегідей бір жатыр шелдеп:
«Ақ патша, қызметіне қазақ әзір»!
Деп соғып, атқа мінді әкіреңдеп,
Көген көз жас біткенді айдап шырмап,
Соғымдай соғысына аттандырмақ.
Қалдырып бай ұлдарын — параны алып,
Жарлының жалғызына дұзақ құрмақ...
Өз жұртын қансыратқан қамқор патша,
Тырнағын енді жайып тұр қазаққа.
Талай жыл түнегінде тұншықтырып,
Айдамақ енді отына, көр дозаққа.
Естідім елдің жасын еңіреген,
Сенделген өзіндей жас өңшең өрен.
Келер деп сені тосып қалды Базар,
Шеріміз бір болсын деп ел шерімен.
Осылай өкім күшпен ел шырмалған,
Кетпей ме осындай да өршіп арман.
Ерлікті ел күтіп тұр — өздеріндей
Ел сүйген ер жігіттен, өршіп жаннан!»
Алексей осыны айтып, күтіп жауап,
Дүйсенге ойлы көзбен қалды қарап.
Жеткендей дауыл еніп кеудесіне,
Түксиіп Дүйсен тұрды, түйіп қабақ.
Толқыны ар-намыстың кеуде кернеп,
Қарап бір Мариямға кетті сөйлеп:
«Өмірдің қашқыны боп жүре алмаймын,
Жатқанда ел еңіреп, кек нөсерлеп,
Есіркеп, аяп сәби махаббатты,
Азабы ауыр ойдың маған батты.
Заманның зілі айдаған қуғын жанмын,
Табамын қашып жүріп қайдан бақты?

Қорқытып, шың шықса да, оқ атса да,
Құл болып, жүре алмаймыз сұм патшаға.
Шақырам достарымды ереуілге,
Шығатын туды кезең аттан сала!
Өштіктің оты лаулап жас жанымда,
Жетейін кегі жанған достарыма.
Жүр бірге, ақылынды айт Алексей,
Ой тастап жарлы қазақ жастарына!..»
Осы еді Алексейдің сөзі күткен,
Дүйсенге қарады да ізгі үмітпен.
— Мария, кеттік бірге, ауыл жаққа,
Жарлыққа қарсы мынау елді үркіткен!
Өздерін осылайша кектендіріп,
Үшеуі құйындатып кетті жүріп.
Күрсініп Қорғалжын көл қала берді,
Басында құстар сыңсып, аңдар ұлып.

III

Сайда бір алабы кең, әрі терең,
Топталған өндірі жастар, өңкей өрен,
Жарқылдап қылыш, найза қолдарында
Оқ зулап, жай отындай күркіреген.
Қолына мылтық, найза, шоқпар алып,
Тұс-тұстан жатты қалың топ құралып.
Сол сайдан оқтар зулап, қыйқу шығып,
Дабылын өрешілдің жатты қағып,
Кейбірі қылыш қайрап, жарқылдатып.
Кейбірі нысанаға мылтық атып.
Кейбіреу асау атын жаңа үйретіп,
Орғытып көкмайсаға жүр тулатып.
Қасқыйып тұрды Дүйсен ортасында,
Мылтықты Мариямы тұр қасында.
Майданның сырын шертіп Алексей жүр,
Базар тұр қарауылдап қыр басында.
Бірнеше күндер өтті — сонау көлден,
Дүйсендер күн-түн қатып мұнда келген.
Жар салып жігіттерге, достарына,
Кеңескен буырқанып тұрған елмен
«Патшаның әлегіне, жанған отқа
Барғанша — барлық жігіт мінсін атқа!» —
Жыйылды осы хабар жүйткіп желдей,
Жан-жаққа, қыйырдағы атрапқа.

Дүйсен мен Алексейдің сырын ұғып,
Ауылды кезіп Базар кеткен жүріп.
Шақырған ереуілге жігіттерді,
Жел беріп, жүректерін кектендіріп,
Жан-жақтан ағылып жас, жарлы-жақпай,
Қосылған осы топқа тас бұлақтай.
Осыны көріп Дүйсен көтеріліп,
Қайнап кек кеудесінде, тұр шыдатпай.
Келіпті көп жылқышы достары да,
Сүйсініп келіп білек қосқанына.
Есесін ел кегінің алып енді,
Әлекті салмақ бүгін дұшпанына.
Базардан естіп елдің хабарын да,
Ашуы үйіліп тұр қабағында.
Ежелгі жау Ыдырыс, сұм Андрей,
Бүлігін салған елдің адамына.
Керілген көк майсалы кең алапқа —
Толқындай қаптап жігіт толған шақта,
Сөйлеп бір кетті Дүйсен, тебіреніп,
Ұшқандай дабыл қағып ойы аулаққа:
«Достарым, түйілген бір бұлттай сұп-сұр,
Қауыптің астында тұр жастық өмір,
Өндір жас өздеріндей көгенделіп.
Көзінде ата-ананың жас толып тұр.
Жетті күн — етікпенен суды кешкен,
Жетті күн — ауыздықпен ат су ішкен.
Келді күн — ер жігітке ереуілдеп,
Алатын, еркіндікті, тартып күшпен.
Даланың дауыл екпін түлектері!
Өрттей бір жалындасын жүрек кегі.
Көтеріп ерлік туын жөнелейік,
Қаһарын халқымыздың үдеткелі!
Өршітіп, от тастаймыз жауыз топқа,
Бармаймыз, залым патша жаққан отқа!
Жауымыз — патша, болыс бәріміздің,
Қақсатқан елімізді, қанды азапта.
Қорлықтың жетті шегі, бүкіл қырда,
Патшаға қарсы халық бұлқынуда.
«Солдатқа жан бермейміз қырғын үшін»
Деп, дала толды қазір толқын туға.
Естідім Алексейден елдің бірге
Тасыған екпіндері өрен мүлде.
Торғайдан Амангелді батыр шығып,

Шақырған бүкіл жұртты ереуілге.
Дабысы сол батырдың жетті бізге
Патшаға кашаннан біз кектіміз де,
Көтеріп қайсар қолды аттанайық
Мейлі, бұрқатса да оқты бізге!
Достарым, талай тартыс алдымызда,
Жүректі шыдатпай тұр, шалқып ыза.
Ыдырыс, урядник — қу Андрей,
Бүлікті жасап жатыр аулымызға.
Сондықтан бүгін кешке аттанамыз,
Найзаның күшіменен кекті аламыз.
Ел үшін, еркін жаңа өмір үшін,
Дұшпанның ордасына өрт саламыз!»
Кегімен өрши қалған дауыл күштің,
Жанында жігіттердің жанып ұшқын,—
Бәрі де: — әзірміз! — деп ұрандады.
Сол сайдың ереуіл үн алып үстін.
Ал Базар козғалғанда, қол аттанып,
Сөйлейді қалың топқа қарап қалып,
— Бұл Дүйсен, біздің қыран түлегіміз,
Ұмтылған еркіндікке канат қағып.
Достықтың аңсағанда жас таңын біз —
Мариям жаңа туған шолпанымыз.
Алексей ежелгі дос, ақылшымыз,
Орыспен араласты шын қанымыз.
Жаркылдап жас өмірмен туар таңғы
Жеңістің еркіндігін — бұлар алды.
Жігіттер, құрметтейік, Мариямды,
Жанғыртып жорық жолын шырқап әнді!—
Бәрі де шуылдасып асып қырдан
Дос тапқан жүректерден тасқын туғал.
Дауылды әндер кетті шарлап қырды,
Дабылды какты бәрі достық жырдан.
Лаусындай жаңа туған жастық шақтың,
Шықты әні «Дударайдың», махаббаттың.
Қалың жас кете барды өлендетіп,
Күй шертіп тұяғымен шапқан аттың.

!у

Аулында Ыдырыстың құрып штаб,
Әкімдер жасап жұртқа қуғын қыспақ:
«Қашырған ұлдарыңды табыңдар»—деп,
Әмірін айтты болыс, қатал нұсқап,

Сол бір топ, үй сыртында көк майсада,
Масайрап мәжліспен тапқан сая,
Қазірет уағыз айтқан: «қызмет парыз —
Иеміз, әміршіміз — ақ патшаға.
Солдатқа ұлдарынды жіберіндер,
Осыны құдай айтар — құран тілер.
Бұл істен кім бас тартса — ол күпірлік!
Патшаға кыйлап істен дін түңілер...»
Қамшысын сермеп қатты көпке үйіріп,
Ыдырыс қазіретті кетті киіп:
— Жандарал келе жатыр, жақын жерде—
Аяздан жетті бізге қатал бұйрық.
Беріңдер, ұстап анау қашкындарды,
Қалайша өңшен бұзық тасқындады?
Келмесе ертең бәрі өз еркімен,
Ашуым өрттей менің асқынады. —
Түнерген шұбар беттің зәрі шалқып,
Ыдырыс тепсініп тұр беріп жарлық.
Тұрғандай тәңір байқап, патша шайқап,
Бұл жерде құты қашқан жұрттын барлық.
Айқаймен жұрт мазасын алып кейде,
Қылышын жарқылдатқан Андрей де.
Жасырын бай ұлдарын, жасы кем деп.
Жыл қосқан жасын дәл ғып әр кедейге.
Осылай әбігер боп бәрі бірдей,
Қараңғы түн басқанын қалды білмей.
Даурығып дулы сөзбен жүрді Ыдырыс,
Жүрегін басып ыза, ауыр зілдей.
Ал сол кез — нөсердей бір дүбірлетіп,
Жасағы жігіттердің келді жетіп.
Жарқылдап ат үстінде қылыш — найза,
Дүбірі ақбоз үйді дірілдетіп,
Жарқ етіп, түнді жарып оқтар зулап,
Кеткендей көк шатырлап, бұлты бұрқап.
Жалаңдап ақ сойылдар, көк сүңгілер,
Ақ үйді, алқа топты алды шырмап,
У-шу боп осынау топ жамырасып,
Жан жаққа жан таласа жатыр қашып,
Шатырлап шаңыраққа көк сойылдар,
Қаһар мен қорқыныш үн жатты ұласып.
Алласын айтып күр тек дір-дір еткен
Кездесіп қалды Дүйсен қазіретпен.
Сойылмен қағып өтті, қалды құлап...

Ыдырыс көрінбейді қайда кеткен?
Дүйсен жүр сол ауылды шыр айналып:
«Болысты табындар!» деп айқай салып:
Ал Базар үйге жылдам еніп кетіп,
Әкелді Андрейді байлап алып,
Тізімін қолындағы өртеп отқа,
Тастады Андрейді таңып атқа.
Ойрандап болыс үйін ашулы жұрт,
Ереуіл даусы кетіп тұр жан-жаққа.
Бірақ та Ыдырыс жоқ, қайда кеткен?
Таба алмай соны Дүйсен жанды кекпен:
«Қоршандар көлді жылдам!» — деді де өзі,
Сөйлесіп қала берді қалың көппен.
Лап қойды қалың жасақ көлге қарай,
Көк құрақ біткен екен көл жағалай,
Айна су түнде көздей жарқыраған.
Жатқандай ортасында тығылып ай,
Жігіттер шыр айналып көл жағалап,
Арасын жас құрақтың жүрді қарап.
Қыйқулап үркіп қызғыш, көлде — әупілдек,
Күрсініп жатқандай бір көлді арқалап.
Шайқалған қалың құрақ арасында,
Қасқырдай Ыдырыс тұр аласұра,
Дүйсендер келген шақта зытып еді,
Ұрланып мылтығын да ала шыға.
Жасырып жауызды тұр жансыз құрақ,
Сыбдырын естіртпеді жел шуылдап.
Еңбектеп, жылжып қана жүрді Ыдырыс,
Үстінен зу-зу етіп, оқ зымырап..
Ашуы көлдей шалқып, дүрліккен жұрт,
Дұшпанды таба алмады тұрған аңдып,
Шуласып, көлді айналып құрақты атып,
Дүйсенге қайтып келді бәрі қаңғып...

v

Ішінде, абыржыған қалың көптің,
Дүйсен тұр айтып сырын жас жүректің,
«Ағалар, атқа міндік, атої бердік
Ел үшін, отын үрлеп ескі кектің.
Ғұрпына ескіліктің айтып нәлет,
Жалын жас жүрегімде қайнады кек.
Азды деп айта берсін, мейлі сұмдар,

Сендердің қымбат маған ойларың тек.
Араңа келіп тұрмын қағып дабыл,
Балалық сәлемімді алып қабыл,
Сенсендер маған, жұртым, — тұр, атқа мін,
Түнекте тұншықпасын туған ауыл!
Тегінде кінәлі емес бұған орыс,
Қырсығы патшаның бұл қырғын соғыс.
Сұрқыя соның ғана тілегі үшін,
Сендерді сорға жықпақ әкім, болыс.
Соғатын сойылыңбыз, ұлдарыңбыз,
Жалындап қазір көкпен тұр жанымыз.
Азаттық алдымызда шақырып тұр,
Жетейік соған жылдам, кел бәріміз!»
Осылай айтып сырын шын жүректен,
Тұр Дүйсен ынтымақты тілеп көптен.
Қалың жұрт ортаға алып өз түлегін,
Алғысын айтып жатты ақ ниетпен:
— Қадамың құтты болсын, жалынды жас!
— Ғашықтың жолы таза тілегі рас!
— Мариям өз қызымыз, өз гүліміз,
— Ежелден өзімізбен Жагор мұндас.
— Орыстың жазығы жоқ тегі бізге,
— Әкімі әлек салған елімізге.
— Ұлыққа ылғый құл боп жүре алмаспыз,
Тиетін шығар сірә теңдік бізге?
— Ия, күт, берер саған патша теңдік!
— Дүйсенжан, өзің баста, соңыңа ердік,
Езіліп жатамыз ба енді тағы,
Елміз ғой, шығайық та жасап ерлік!
Осылай гуілдесіп тұрған халық,
Тағы да шулай қалды түнде жатып.
«Дүйсен-ау, қайда біздің әнші келін,
Айтсын да «Дударайын», бір тыңдалық.
Дегенде кетті Дүйсен шын қуанып,
(Сезілмей түндей төніп тұрған қауіп).
Жөнелді Ақсұр атпен жалғыз өзі,
Келем деп Мариямды қазір тауып.

VI

Үрейлі Өтебайдың қырқасында
Мариям Алексейдің тұр қасында.
Неліктен тулады екен, қыз жүрегi,
Қасында Дудары жоқ сырласуға?

Алексей қалып мұнда көп жігітпен,
Келетін отрядтың жолын күткен.
Жандарал аттандырып солдаттарын,
Жолдағы тыныш жатқан елді үркіткен.
Бүлік сап момын елге сұм ниетпен,
От шашып зеңбірегін күркіреткен.
Солдатқа бермедің деп жастарыңды,
Жандарал жан алғыштай жүрді әлекпен.
— Алексей естіп соны, қырда қалып,
Тұр еді жандаралдың жолын бағып,
Қалдырған сонда Дүйсен Мариямын,
Катерін шабуылдың ойына алып.
Қайран жас жалындаған от жүрекпен,
Жарына жортып кетті Ақсұр атпен.
Шуылдап қалың қамыс қобыз тарғып,
Сумаң жел, сыбырласқан жас құрақпен.
Қыйқулап көлдің құсы шықты көкте —
Күрсінді үрей салып әупілдек те,
Ер Дудар көл жағалап келе жатты,
Сақтап бір Мариямын тек жүректе.
Естілмей желден басқа жалғыз сыбыс,
Тұр еді аңдып қана оны Ыдырыс.
Ақсұрат қылаң етіп шыға келді,
Жүрегін билеп кетті бір сұмдық іс.
Ежелгі аңдыған жау, өр көкірек,
Мылтығын кеудесіне қойды тіреп.
Албырт ер келді жакын, басып қалды..
Дір етіп толқын ыршып, көл тітіреп,
Ақсұр ат жөнелгенде жалын бүркеп,
Жарқ етті көк түтінмен жалғасып от.
Қыршын жас құлап түсті қан сорағалап,
Ұялап кеудесінде қорғасын оқ.
Шайқалып жас құрақтар, қамыс шулап,
Шаңқылдап шағалалар торғай шырлап,
Күрсініп, көл күңіреп, түн түршігіп,
Селк ете қалды айнала талмаусырап.
Үрейлі оқ даусымен, түнді оятқан,
Ауылдан шықты дауыс: Аттан-аттан!
Жігіттер, қайдасыңдар, өлтір сұмды,
Аяулы сабазыңа оғын атқан!
Жөнелді жас өрендер, кетті асыға,
Күрсіну, күңірену көл басында,
Жас боздақ жатыр сұлап ыңыранып,

Көре алмай Мариямын мұндасуға.
Ер досын көріп Базар, жатқан сұлап,
Үстіне құшақ жайып түсті құлап,
Көзінен ыршып жасы «Бауырым!» — деп,
Елжіреп жаны жанып, жүрек жылап,
Құрбан жас, қолын созып достарына,
Арманды көз қыйығын тастады да:
«Мариям! Мариям! — деп, ұмтылды тез,
Сол есім дем үдетіп жас жанында.
Көтеріп қан ыршыған көкіректі,
Орнынан өрен күшпен тұрып кетті.
Дірілдеп даусы шықты... Дауыл тұрып,
Сол дауыс алып кетті жарып көкті.
«Достарым, ұмтыл жауға, алындар кек,
Шақырды әне дауыл, күркіреп көк.
Атты таң... қайда менің ақсұр атым?
Жанымды жаудың кегі барады өртеп.
Қайдасың, Марияшым, үнің қайда,
Келші тез қосылайық «Дударайға...»
Көтерші мені назды дауысыңмен,
Басталды әне майдан, терең сайда!»
Ұмтылды айтып соны — тағы, бірақ
Жығылды қайран сабаз талмаусырап.
Естіп бір соңғы даусын Мариям да,
Үстіне жан жарының түсті құлап...

* * *

Оққа ұшты, өліп міне, жатты боздақ,
Мұндарын махаббаттың кетті қозғап.
Аңырап азалы түн, күңіреп көк,
Сол жасты жоқтағандай дала боздап.
Жарының кеудесінен басын алмай,
Мариям еңіреген жас маралдай.
Ес-түссіз жаны езіліп, жатыр ғашық,
Жүрегін біреу жұлып тастағандай.
Жалғыз-ақ еріндері кемсең қағып,
Бебеу сап баяу үнмен кетті налып.
Сол көлдің тебіренді толқындары,
Қайғысы Мариямның көкпен ағып;
Ыршып жас, жаңбырдайын бетін жауып,
Зар илеп, толқын шашын жатты жайып,
Азасы аяулы ердің аспанды алып,
Далаға шалқып шері кетті ұлғайып.

Жүгірмей тына қалды жел де ыршып,
Құс біткен үн қосқандай көлде сыңсып.
Тұқырып басын төмен, теңселіп жұрт,
Тамшылап ыстық жастар көзден ыршып.
Мариям күңіреніп, күйіп налып,
Әлсіреп сол бір шақта қалды талып;
Үрейлі жан ұйқыда, жүрек іздеп,
Жоғалтқан сол ғашығын алды тауып.
Құшақтап жан Дударын сүйіп қатты,
Наз айтып ғашығына мұңын шақты:
«Кешіктің, мұнша неге, Дудар жаным,
Сарғайттың мұнша неге махаббатты?..
Сүйді де Мариямын көп сағынған:
«Қалмайын жібер, сәулем, жасағымнан,
Шақырды, ереуілге жібер мені!» —
Деп жары шығып кетті құшағынан...
Селк етті, талған Мариям шошып кетті.
Қараса жаңғыртып жұрт жер мен көкті,
Келеді «Дударайды» дауылдатып,
Оятып қайғы басқан қан жүректі.
«Мариям Жагор деген орыс қызы,
Он жеті, он сегізге келген кезі.
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,
Сондағы Мариямның айтқан сөзі.

Дударари-дудым!..»

Зар етіп осы жырды жас, кәрі де,
Иіліп Мариямға тұр бәрі де,
Осы өлең бұрынғыдан шалқып қатты
Үстінде ер Дудардың тербелуде...
Жүр Базар тұтандырып қайта кетті,
Меңіреу сол қамысқа тастап отты;
Өртелсін Ыдырыс та, сұмдық іс те,
«Өртеңдер! Тезірек!» — деп, әмір етті.
Күркіреп кеткен ыза, желден жалын,
Алқызыл алау басты көлдің маңын.
Қамыс та, Ыдырыс та жатты жанып,
Түн сырғып, күтті дала жаңа таңын...
Ал Базар, қайта қарғып мініп атқа,
Дабылын тағы қағып тұр жасаққа.
— Жігіттер, аттанындар, тез жүріңдер,
Ойранды жауыздарға жасамаққа!
Қайғысы ер Дудардың бізге батты,

Мариям, көтер басты, тұр, таң атты.
Алысқа Дударайың шақырып тұр,
Шырқа деп, ерлік пенен махаббаты... —
Соны айтып, шеру тартып кетті жүріп.
Жандарал шыққан жаққа бетті бұрып.
Жөнелді, «Дударайды» айтып бәрі,
Сол әнді жандарына ту ғып тігіп.
Жаны оның жайнағандай туларында,
Көтеріп алып кетті Дударын да.
Мариям есін жыйып көтерілсе,
Жаутаңдап Ақсұр аты тұр жанында.
Атының жалын сыйпап Мариям да,
Тындаса шалқып әні тұр шығанға.
Шақырған жорыққа кім «Дударайлап»,
Жүр ме екен Дудар жаны әлде сонда?
Алыста өрттей қызыл туды таң да...
Басталды әне майдан жауыздарға.
Алексей айқай салды: «Дударым!» — деп,
Әлде ол, кетті ме екен озып алға?
Майданда атой беріп шырқап әнді,
Шақырған Дудары ма, Мариямды?
Ақсұрат алып әндей сол бір,
Сол шепке Мариям да барып қалды.
Шаңқылдап тұяғы да шапқан аттың,
Даусы да шыққан оқтың, жарқылдап тым —
Бәрі де жаңғыртқандай «Дударайын»,
Үніндей жастық шақтың, махаббаттың
Жас қазақ ұмтылғанда атой беріп,
Кеткендей күңіренген үн көтеріп,
Шырқап бір «Дударайды» тиіп жауға,
Қылышын жарқылдатқан кеуде керіп.
Сақтап бір сарбаздары өр көңілге.
Жар жанын әкеткендей өлеңінде.
Жаңғыртып жас даусымен Дударайды,
Өзін де шақырғандай ереуілге.
Тұрғандай шеру тартып достарына,
Дудары сол майданның аспанында.
Елестеп айбынды жас рухыменен,
Енгенде Мариямның жас жанына.
Кіргендей кеудесіне шалқып жалын,
Жүректің кетті қозғап толқындарын.
Мариям еніп кетті сол майданға,
Дабыл ғып «Дударайын», айтып жарын...

ЭПИЛОГ

Бір талай өтті жылдар.

Октябрьдің

Керемет күркіреген оқ дабылын
Даламыз естіп,

ескі заман зілін

Лақтырды,

азат күнді тапты ауылым.

Толастап түнек желі азынаған,

Еліміз айықты да қайғы-ызадан,

Шырқалып шаттық жыры шығандарда,

Орнады таң-тамаша тойлы заман.

Сырылып тұман сынды қара лашық,

Нұраның жағалауын қала басып

Жайнаған,

орыс, қазақ өрісі бір

• Өмірде қаны, жаны араласып.

Төріне тойлы өмірдің толып өлең,

Еркін жас ән шырқаған теңіменен.

Қосылып «Дударайға» бәріміз де

Ғашықтың шертіп жүрді мұңын терең.

Мариям еріп әмен ереуілге,

Жүргендей жан Дудары ере бірге,

Жеңісін махаббаттың сақтап қалған.

Өлмейтін мәңгілікті өлеңінде,

Ән ғана болды оның жан серігі,

Ән ғана жүрегiнiң бар сенiмi.

Достықты, махаббатты жыр ғып жұртқа,

Ағылған ауызынан нөсер үні.

Осылай әнмен шалқып, жырмен жайнап,

Мариям ауыл кезіп, жүрді сайрап.

Әлпештеп аруындай Мариямды,

Таңырқап тындай берген жұрт масайрап.

Талай жыл өтті толқын жырмен,
Алғысын орыс қызы алды өмірден
Ақ шалып Мариямның алтын шашын,
Ай түсті жүзіне де әжім кірген.
Алайда, жас қауымға жалын беріп,
Жүр еді ауызынан ән тербеліп.
Самолет самғап бір күн Алатаудан,
Қырына Қорғалжынның конды келіп.
Жөнелді Мариямды алып көкке,
Бұл өзі әлде түс пе, керемет пе?
Ақ шашты Мариямды қайда әкетті,
От беріп қайта кәрі көкірекке?
Самолет ұшып келіп бұлттан шыға,
Кеп конды астанаға Алматыға.
Аспаннан жерге түсті, аң-таң Мариям,
Жыйналған мұнда қалың топ ынтыға.
Мариям косылғандай ғашығына,
Үстіне құрмет гүлі шашылуда...
Масайрап орыс, қазақ, думанды жас,
Шырқады «Дударайын» косылды да.
Әкелді сәулетті үйге Мариямды,
Сол үйге салтанатпен жұрт жыйналды.
Жүзінен кәрілердің күлкі жүзіп,
Гулетіп жатты жастар айтып әнді.
Мариям той төрінде тұр таңырқап.
Қалайша келе қалды шаттық бұл бақ?
Бәрі де қошеметтеп Мариямды,
Жас біткен «Дударайын» жатты шырқап.
Жас қазақ, орыс қызы, бәрі бірге,
Сол сарай тұрғандай бір толып гүлге.
Мындаған Мариямдар, жас Дүйсендер
Қосылып тапқан бақыт бұл өмірде.
Бұл үйге бәріміз де келгенбіз де,
Құмартып әсем әнге, сән лебізге,
Мүсіркеп махаббатты тұрды мұнда,
Мұқаң мен Валентина жеңгеміз де.
Қуаныш қанат беріп ән мен күйге.
Бір жыйын болып жатты сол бір үйде.
Ардақтап әншіл қауым «Дударайды»,
Бұлбұлдай Мариямға сүйінуде.
Достықтың, махаббаттың сәулесінде —
Сақталған осы ән еді ел есінде.
Атынан үкіметтің ақ шашты қарт,

Тақты орден Мариямның кеудесіне.
Құбылып кәрі жүзі шаттықпенен,
Тәжім ғып жұртқа басын иді төмен.
Мариям, құйқылжытып гармонын тез,
Толғанып кетті тағы оймен терең.
Жүректің толқын сырын ағытқандай,
Жырлады бұрынғыдай қағып таңдай.
Жырлады өшпес мәңгі махаббатты.
Бұғауды бұзып шыққан алыптардай,
Тербетіп алдындағы гүл жастарын,
Шақырды Дударайдың сырластарын,
Шақырды қосылуға, бастады өзі
Достықтың шертілмеген бір дастанын...

1949 — 1954

МАЗМҰНЫ

ӨЛЕҢДЕР

Алғашқы дәптерден

Өзіңе сен, жас ойшыл	5
Жас алғысы	6
Түнде ұшқан бұлбұл	7
Қуаныштың күйіні	9
Келемін мен ауылға	11
Маяковский	12
Білім туралы өлең	14
Кездессе екен көшеде	16
Орамалын кестелеп	17
Сүйемін қызыл құмын Керекудің	18
Теңіз жыры	20
Бетпақ дала	22
Домбыра	24

Шеру жырлары

Кек дабылы	25
Күте бер, мені келер деп	27
Сағынып мен күттім	29
Ақынның кегі	30
Қарындас	33
Әнуар	35
Есілге	36
Освенцим	38
Кәдімгі біздің Қошқарбай	40
Өрттен кейін	42
Таң алдында	45
Қызыл нажағай	47
Днепрде	48
Тым асығыс келемін	49
Шырқа, сәулем, алдымда	50

«Көктем» жырлары

Жерден ұшқан жұлдыздар	51
Көктем	53
Дала қызы	56


Колхоз-елім	58
Ертiске	62
Жылдар	65
Жезказған жырлары	67
Ұлытау	70
Орыс әнi	72
Жел	74
Менiң Алматым	75
Алатауға	78
Тенiз және халық	80
Эшелондар	81

Достық даусы

Коммунист партиясына	83
Орыс акынына	85
Таң атқанша асығып	87
Комбайыншы Прокофий Нектов	89
Комсомол көктемi	91
Ерулiк	93
Менiң көршiлерiм	95
Айрылыспайтындар	98
Кездесу	100
Жер	103
Менiң момын жеңешем	104
Бакташы достары	106
Карақұм	109
Асығыс адам :	111
Аксақ Әлiм	113
Жарылу	115
Боранда	116
Кария мен дария	117
Адасқан өзенмен әңгiме	118
Ташауыз	121
Түркмен қызы	123
Көктем фрагменттерi	125
Назым Хикметке	128
Түнгi цехта	130
Оз бәйгiден	131
Күтты болсын мектебiң	133
Гвардияшылар	135

БАЛЛАДАЛАР МЕН ПОЭМАЛАР

Орман қызы (үзiндi)	139
Жыйырма сегiз	147
Сержант Беляков	151
Сырдария көкпары	157
Мариям Жагор қызы	163



750-00

с 1. 1. 19/

~~денг~~ ~~№~~

45



